

**Тәттігүл Картаева**

# **ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯ**

**Оқу құралы**

Алматы  
2008

ББК 63.3  
К 41

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының  
Фылыми кеңесі (№6 хаттама, 28.02.07), ҚРБжFM-нің  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы республикалық  
Оку-әдістемелік бірлестігі (№2 хаттама, 8.06.07)  
оку куралы ретінде бекіткен.

**Рецензенттер:**

тарих ғылымдарының докторы, профессор *С.М.Мөшімбаев*;  
тарих ғылымдарының докторы, профессор *М.К.Төлекова*;  
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент *Л.Т.Қожсакеева*.

**К 41 Картава Т.Е.**

**Тарихи демография:** Оку қуралы. – Алматы: Нур-пресс, 2008.— 154 с.

ISBN 9965-835-79-9

Оку қуралында тарихи демография ғылымының зерттеу нысанасына, қалыптасу тарихына, терминалогиясына түсініктемелер беріледі. Дүниежүзі халықтарының көне дәуірлерден осы заманға дейінгі санының өсуіне, тарихи кезеңдерде даму ерекшеліктеріне, демография ғылымының зандылықтарына тоқталады. Дүниежүзілік демографиялық факторларға тоқтала отырып, Қазақстан халықтарының демографиясына баса назар аударады. Оку қуралы жоғары оку орындарында тарих мамандығы бойынша оқытын студенттерге арналған.

**К 0503010000**  
**00(05) — 07**

**ББК 63.3**

ISBN 9965-835-79-9

© Картава Т.Е., 2008  
© Нур-пресс, 2008.

## АЛФЫ СӨЗ

“Тарихи демография” пәні тарих ғылымдарының негізгі бір саласы ретінде студенттерге демография ғылымының қалыптасу тарихын, халық динамикасының қозғалысын оқытады, демография ғылымындағы халық қозғалысының зерттеу өдістерін қамтиды.

Пәнді оқытудың басты мақсаты тарихи демографияның негізгі даму кезеңдерін, ғылыми терминологиясын, халық есімінің динамикасын, халықтың құрамын, миграция жағдайын көрсету; табиғи өсім, туу, өлім, жыныстық және жас-тық құрылымы, отбасы және некелесу көрсеткіші сияқты мәселелерді зерделеп, саралау. “Тарихи демография” пәнінде өлем континентіндегі барлық халықтың қозғалысы қамтылады. Қазақстанның тарихи демографиясына арнайы тоқталу көзделген. Түркістан өлкесіндегі алғашқы статистикалық комитеттер, Қазақстандағы демография ғылымының дамуы, Қазақстан халықтарының саны, этникалық құрамы, жастық структурасы, әлемдегі қазақ диаспорасының тарихы сияқты мәселелерге басты назар аударылады.

Пәнді оқытудағы негізгі көзделетін мәселелер: тарихи демография пәнінің зерттеу саласына жан-жақты түсінік беру; тарихи демография ғылымының қалыптасу тарихын зерделеу; тарихи демография ғылымының тарихнамасын саралау; әлемдік демографиядағы зерттеулерді басты назарға алу; әлем халықтарының өсу динамикасын талдау; Қазақстандағы демографиялық зерттеулерді талдау; демография ғылымының терминологиясымен жан-жақты танысу; санақ нәтижелерін арнайы кесте негізінде оқып танысу; халықаралық миграциялық қозғалыс-тарға шолу жасау, талдау; Қазақстан халықтарының әлеуметтік-демографиялық тенденциясына басты назар аудару.

Қазак тілінде жоғары оку орны студенттеріне әлемдік демография мен отандық демографияны байланыстыра жазылған арнаулы оқулық жоқтың қасы. Сондықтанда демография негіздерін Қазақстан демографиясымен байланыстыра зерделеу ғылыми-практикалық, ғылыми-танымдық қырынан болсын маңызды шара. “Қазақстан – 2030” стратегиялық бағдарламасының басты бағыттарының бірі еліміздің халқының санын өсіру болып табылады. 2030

жылға қарай Қазақстан халқының саны 20 млн. адамға жетуі тиіс. Демография мәселесі қазіргі таңда еліміздің басты саясатының біріне айналып отырғаны сөзсіз.

Соңғы кезде халықаралық үйымдар да демография мәселесін нысанана алғып, бағдарламалық, стратегиялық құжаттарына енгізуде ғалымдар мен зерттеушілер де экономикалық дамудың адами өлшеміне көбірек көніл бөле бастады.

Оқу құралында әлем халықтарының өсу динамикасы ежелгі дәуірлерден осы уақытқа дейінгі аралықта қамтылады. Қазақстан Республикасының соңғы жылдар және қазіргі кезеңдегі демографиясына қатысты мәліметтер ҚР Статистикалық агенттігінің дерегіне және БҮҮ Даму Бағдарламасының “Адам дамуы есебіне” сүйеніп жазылды. Оқу құралындағы демографиялық мәліметтер кестелермен, карталармен қамтылған.

Студенттердің пайдалануына ұсынылып отырған бұл оқу құралы “Тарихи демография” пәнінен оқылып жүрген дәрістер негізінде жазылды.

*Автор*

## **§1. ДЕМОГРАФИЯ ФЫЛЫМЫ: ЗЕРТТЕУ САЛАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

Демография (грек сөзінен алынған: *demos* – халық, *grapha* – жазамын, сипаттаймын деген мағынаны білдіреді) халықтың санын, қоныстануын, орналасу тығыздығын, халық динамикасын, яғни өсүі мен кемеуін, көшіп-қону көрсеткіштерін, құрамын, некелесу мен ажырасу көрсеткіштерін, жастық және жыныстық структурасын зерттейтін ғылым. Кең мағынада алғанда, халықтың осы ерекшеліктерін сан жағынан зерттейтін ғылым саласы. Мұнда ең алдымен халықтың санын ғылыми ұйымдастырылған статистика жолымен есептеу әдісі кең қолданылады.

Демографияда статистикалық әдістердің ерекше зор рөл атқарытындығы себепті, кейбір ғылымдар демография мен демографиялық статистиканы бір-бірімен үқас ғылымдар деп есептейді. Бірақ демография үғымының мазмұны ана-ғұрлым кең, оның өзіне тән дербес міндеттері бар, ол халықтың дамуы, өсүі саласындағы байланыстылықты, заңдылықты ашуы керек, бұл үшін үстем қофамдық қатынастарды ескере отырып, статистикалық деректерді негізге алуға тиіс. Демография халықты зерттейтін барлық ғылымдарға қажетті материалдар береді.

Демографиялық статистика, халық статистикасы — белгілі бір ел, территория халықтарының санын, құрамын, орналасуын және қозғалысын немесе оның жекеленген тобын сипаттайтын деректерді жинауға, өндеуге, баяндауға және талдауға статистикалық тәсілді қолданумен айналысадын статистика саласы. Демографиялық статистика халықтың тууын, өлуін, некеге отыруын, бір жерден екінші жерге қоныс аударуының сандық нәтижесін анықтайды. Халықтың саны, оның құрамы мен орналасуы жөніндегі ең дәл және егжейтегжейлі деректерді халық санағы береді. Санақ аралығында халықтың саны, оның таптық және жастық, жыныстық құрамы арнайы есептеулер арқылы анықталады.

Халықтың тууы, өлуі, некелесуі, ажырасуы жөніндегі деректерді АХАТ (азаматтық хал-жағдай актілерін тіркеу) орындарында, ал халықтың көшіп кетуі мен көшіп келуін миграциялық полиция органдарында тіркеудің нәтижесінде анықтайды. Демографиялық статистика

халық санағының принциптерін анықтап, оны әзірлеу мен жүргізуі үйымдастырады, санақ бағдарламасын жасап, қорытындысын шығарады, халықтың құнделікті есебін алуды үйимдастырып, оның қорытындысын талдайды, халықтың саны мен құрамын есептейді, туу мен өлімнің көрсеткішін, халық өсімінің көрсеткішін, өмір ұзақтығының көрсеткішін халық тығыздығының көрсеткішін есептеудің тәсілдерін жасайды. Демографиялық статистиканың көрсеткіштерінің халық өсуінің келешегін зерттеуде маңызы зор.

Демографияғының тарих, экономика, әлеуметтану, әлеуметтік психология, география, этнология ғылымдарымен тығыз байланысты.

*Демографиядагы диалектикалық* әдіс бойынша саралау жасау халық өсімі мен қозғалысы мәселесіне әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени, зан, дін, табиғат факторларының (кургақшылық, жер сілкінісі, құйын, сел т.б.) әсерін жанжақты қарастырады.

*Тарихи демографияда* халықтар қозғалысы тарихи кезеңдер бойынша, халық өсуі мен кемуі тарихи процесс ретінде қарастырылып, адам тарихының эволюциясы дамуы және демографиялық динамиканың ғасырлар бойына қалыптасуы зерттелінеді.

Экономикалық факторлар – түрғындардың әлеуметтік түрмисінің көрінісі ретінде демографияның негізгі ағымдарына әсер ете отырып, туу көрсеткішінің төмендеуіне, өлім, неке, миграция т.б. көрсеткіштерді анықтайды. Экономикалық демография әдістері халықты түрмистік жағынан қамтамасыз етудегі капитал салымдарының көлемін анықтайды.

Демография ғылымында *математикалық* әдісті қолданудың маңызы ерекше, математикалық талдау халықтар қозғалысының нақты анықтамасын, нақты санын, өзгерістерін, орташа көрсеткіштерін анықтауға және болжам жасауға қолданылады.

Халықтың демографиялық мінезд-құлқын зерттеу әлеуметтік психологияга жүгінсе, халықтың денсаулық көрсеткішін анықтау әлеуметтік гигиенага байланысты. Халықтың қоғамдағы мінезд-құлқы құқықтық нормалармен анықталады.

Сондай-ақ демографияда әртүрлі буын өкілдері үшін жас айырмыс көрсеткішін жасау арқылы, сол уақыттағы даму-

құлдырау зандылықтарын көрсететін гипотикалық үрпақ әдісін; адамдардың нақтылы буынының дамуын зерттеу үшін когорт әдісін қолданады.

Демографияның міндеттерінің бірі халықтың ұдайы езгеріс зандылықтарын зерттеу негізінде мемлекет тарапынан жүргізлетін демографиялық саясат негіздерін тұжырымдау болып табылады.

Дүниежүзілік демографиялық статистикада халық орналасуын территорияға бөлгендे, ірі аймақтарға бөліп алу әдісі қалыптасқан. Мысалы, Еуропа, Азия, Африка, Америка, Австралия және Мұхит аралдары халықтары.

“Демографиялық энциклопедиялық сөздікті” негізге ала отырып, демографиялық ғылымдар жүйесін келесідегідей салаларға бөлуге болады. 1. Теориялық бөлім: теориялық демография; тарихи демография; жалпы демография; экономикалық демография; әлеуметтік-демографиялық қозғалыстарды модельдеу. 2. Тұрғындар санын зерттеу әдістері мен халық санының деректері: математикалық әдіс; статистикалық әдіс; әлеуметтанулық әдіс; графоаналитикалық әдіс; тұрғындар картографиясы. 3. Аймақтық демография. 4. Қолданбалы демографиялық зерттеу. 5. Әлеуметтік-демографиялық болжамдау. 6. Демографиялық саясаттың теориялық негізі.

## 1.1 Демография ғылымының қалыптасуы

Демография ғылымы ерте кезден бастау алады. Демографиялық факторлардың маңызы өркениет дамуының алғашқы кезеңдерінде-ақ қоғамдық ой-пікірлерді қалыптастыра бастады. Ежелгі дүние ғасырларының ойшылдары тұрғындар мен қоршаған ортаның қатынастары туралы оптималды үғымдарды қалыптастырды. Ежелгі антика кезеңінің көрнекті философтары Платон мен Аристотель тұрғындар туралы ойларында олардың санының кемуі мәселесіне басты назар аударып, халықтың ұздіксіз есүі және халық қозғалысы мәселесін көтерді. Ежелгі Римде б.э.д. 435 жылдан “цензы” түріндегі халық санағы үнемі жүріп тұрған. Бұл кездегі санақ негізінен ересек ер адамның санын білу мақсатында жүргіzlіp, жалпы халық санынан

толық мәлімет бермесе де, демографиялық зерттеулердің бастамасы болды.

Б.э. д. V ф. Египеттегі халық жөніндегі мәліметтерді санақ параптартары береді. Санак халықтың жыныстық (ерлер, әйелдер), жастық (балалар, жасөспірімдер, көрілер), әлеуметтік (бай, кедей) жа-йынан мәліметтер берген. Ал Шығыс ойшылдары арасында халық тығыздығын, халық санының өзгеруін танып білуге құштарлық б.э.д. VI-III ғғ. бастап-ақ қалыптасты. Ежелгі Қытайда Конфуций “түрғындар оптимумы” үғымын дамытып, жер сапасы мен түрғындар саны арасындағы “пропорцияның” (теңсіздіктің) бұзылуы белгілі бір қыншылықтарға әкеп соғатындығын айтты. Египет, Месопотамия, Үндістан, Қытай, Жапония мемлекеттерінде халық санағы негізінен әскерді нығайту мақсатында жүрген.

Орта ғасырларда демографиялық ой-пікірлер одан әрі дамып, идеологтар халықтың өсімі өндірістік көрсеткіштерді басып кеткен жағдайда, халықты әлеуметтік жағынан кедейшілікке әкеп тірдейді, - деді. V–XVII ғғ. халық санақтары жайындағы мәліметтер әртүрлі. Франция, Италия, Германия, Ватикан, Византия князьдықтарында миграциялық тіркелу параптартары қалыптасқан. Онда жасы, жынысы, ұлты, әлеуметтік жағдайы, тұрағы отбасылық жағдайы, отбасындағы адам саны көрсетілген.

Еуропада демография ғылымының негізін салған ағылшын ғалымы Джон Граунт (1620–1674 жж). Ол алғаш рет Лондондағы тіркелген адам өлімдерінің бірнеше жылдық жазбалары негізінде халық арасындағы өлім көрсеткішін, оның зандылықтарын ашуға тырысқан. Одан әрі ағылшын ғалымдары У. Петти және Г. Кинг, француз ғалымы А. Депарсье халықтың экономикалық хал-ахуалын зерттесе, XVIII ғ-да халық өсімін математикалық әдістерді қолдану арқылы голланд ғалымы В.Керсеб, швед ғалымы П.В. Варгентин, ресейлік Л.Эйлер жалғастырды. 1640 жылдан бастап Еуропада Орталық Статистикалық бас-кармалар құрыла бас-тады. Статистикалық есеп параптартында халық санағы кезінде әр адам жөнінде төмендегідей мәлімет жинақталады: жасы, жынысы, әлеуметтік жағдайы, некелесуі, бала саны, тұрағы, қай жерден келгені, білімі, көшіп келу себебі.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында ағылшын ғалымы Т.Р.Мальтус өзінің белгілі “Түрғындар туралы заңын

қоғамдық жағдайды көтеруге қатысы” атты памфлетінде соғыс, эпидемия, некесіздік т.б. әлеуметтік-саиси факторлар тұрғындар арасындағы әлеуметтік дисгормонияның басты себебі, - деп көрсетті. “Демография” сөзі ғылыми термин ретінде 1855 ж. француз ғалымы А.Гийяр өзінің “Адам статистикасының элементтері немесе салыстырмалы демография” атты еңбегінен кейін ғылыми айналымға ендірді. 1872 жылы Санкт-Петербургте өткен Халықаралық статистикалық конгрестен бастап “демография” ғылыми термин ретінде қабылданған.

*Bіріккен Үлттар Үйымы* 1949 жылдан бері ағылшын және француз тілдерінде “Демографиялық жылнама” деп аталатын халықаралық анықтамалық басылымды тұрақты түрде шығарып тұрады. Онда БҮҮ-на мүше елдердегі демографиялық ахуалы туралы ақпараттар жарияланады. Сондай-ақ әлем халқының саны мен оның негізгі орналасу аймақтары жөнінде қорытындылар жасалады. Демографиялық күбылыстарды есепке алудың және талдаудың әдістемелік нұсқаулары беріліп тұрады. Жылнаманың әрбір кезекті саны белгілі бір демографиялық тақырыпқа арналады. Мысалы, табиғи өсім, халықтың орналасу географиясы, үлттық құрамы, халық санақтары, неке мәселелері, көші-қон т.с.с. Қазақстанның демографиялық көрсеткіштері жөніндегі материалдар жылнаманың ТМД немесе Орталық Азия елдеріне арналған беттерінде жарық көріп келеді.

Қазақстандагы демографиялық процестерді тарихи-әлеуметтік тұрғыдан қарастырган алғашқы зерттеулер қатарына Ә.Бекіхановтың, М.Шоқайдың, М.Тынышпаевтың деректерін айтуға болады. Ә.Бекіханов 1897 жылдан басталған ауылшаруашылығы санағына қатысып, Ф.Щербина бастаған экспедиция құрамында жұмыс істеген. Сондай-ақ, КСРО FA-ның антропологиялық экспедициясына қатысып, Маңғыстау, Үстірт өнірінде зерттеулер жүргізіп, сол жердегі жергілікті ру-тайпалардың санын анықтауға күш салған. М.Тынышпаев өзінің “Материалы к истории киргиз-кайсацкого народа” атты еңбегінде 1917 жылғы Қазақстан және Орта Азия елдеріндегі халық санын көрсетеді, 1924 ж. “Сана” журналының №2-3 сандарында статистикалық деректер жариялайды.

XIX–XX ғасырдың бас кезіндегі патша үкіметінің қоныстандыру саясатына байланысты жүрген миграциялық

ағымдарды зерттеуге Н.А.Алексеенко, Е.Б.Бекмаханов, П.Г.Галузо, А.Б.Тұрсынбаев сияқты т.б. ғалымдар өз үлесін қости. Тарихи-демографиялық мәселелерді саралау Ж.Б.Әбілғожин, М.Б.Тәтімов зерттеулерінде, А.Н. Алексеенко, М.Х.Асылбеков, Н.Е.Бекмаханова, А.Б.Галиев, М.Қ.Қозыбаев, В.В.Козина, Н.З.Такижбаева, С.Әйтімбетов, А.Қалыш т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қамтылған.

С.А.Ковалев, О.Р.Назарев, Н.Ф. Голиков, Б.Я. Двоскин, У.М.Искакова, М.Д.Спектор сияқты т.б. ғалымдар өз еңбектерінде Қазақстан тұрғындарының орналасу географиясын саралаған.

## **1.2 Демографиялық процестер өзгерістерінің өлшем коэффициенттері**

Демографиялық коэффициенттерді пайдалану, оларды салыстыру тәсілдері — демографияның өзіндік зерттеу әдістерінің бірі. Демографиялық коэффициенттер — халық қозғалысындағы өзгерістердің жалпы немесе орташа көрсеткішін анықтайдын өлшем. Тұрғындар адамдардан құралса, демографиялық көріністер адамдарға қатысты фактілерден тұрады. Сондықтанда демографиялық бақылаулардың барлығы халықтың жалпы санына байланысты. Демографиялық коэффициенттер математикалық зерттеу әдістері арқылы шешіледі.

Демографиялық коэффициенттер шығарудың түрлері:

*Жыныстық коэффициент көрсеткіші* (100 адамға шаққанда)

$$Z_n = \frac{a}{b} \times 100 ; \text{ мұндағы } Z_n - \text{жыныстық көрсеткіш}$$

*a*- ерлер саны; *b*-әйелдер саны.

$$Z_a = \frac{a}{b} \times 100 ; Z_a - 100 \text{ әйелге шаққандағы ерлер саны}$$

$$Z_b = \frac{b}{a} \times 100 ; Z_b - 100 \text{ ерге шаққандағы әйелдер саны.}$$

Бір жыныстың барлық халық санына шаққандағы коэффициенті:

$R_n = \frac{AB}{C}$ ;  $R_A = \frac{A}{C}$ ;  $R_B = \frac{B}{C}$ ; мұндағы  $R_n$  - жыныстық коэффициент;  $A$ -ерлер үлесі;  $B$ -әйелдер үлесі;  $C$ -тұрғындардың жалпы саны;  $R_A$ -ерлер коэффициенті;  $R_B$  - әйелдер коэффициенті.

*Өмір сүрудің орта жасын анықтай коэффициенті*

$n l_{x+n} + \frac{n}{2} (l_x - l_{x+n}) = n \left\{ \frac{l_x + l_{x+n}}{2} \right\}$ ; мұндағы  $l_{x+n}$  - өмір сүру-дін накты жасына дейін, яғни  $n$  туылғаннан  $x$  өлім жасына дейін  $\frac{n}{2}$  өмір сүргендегі саны;  $(l_x - l_{x+n})$  осы аралықта өліп,  $\frac{n}{2}$  орта жас өмір сүрген адамдар саны

*Балалар арасындағы өлім көрсеткішін анықтай*

$aq_x + 0,5 = (N_1 - N_2 - O_2 N_2) / N_1$ ;  $q_x$  -өлім қаупі;  $a$ -екі санақ арасындағы интервал (мыс. 1899-1999=10 жыл);  $N_1$ -алғашқы санақ кезіндегі тіркелген балалар саны;  $N_2$ -екінші санақ кезіндегі тіркелген балалар саны;  $O_2$ -екінші санақ кезінде кірмей қалған (туылған, бірақ шетінеп кеткен) балалар саны.

Туу көрсеткішін туудың жалпы коэффициенті анықтайды. Жалпы коэффициент бір жылда тірі туылған балалардың сол жылғы халықтардың орта санына қатынасын көрсетеді.

$F_{20-24} = \frac{N_{20-24}}{F_{20-24}}$ ; мұндағы  $F_{20-24}$  -туудың жастық коэф-

фициенті;  $N_{20-24}$  - жыл сайын туатындар саны;

$F_{20-24}$  -тұған әйелдердің орта саны

*Туылғандар саны көрсеткіши*

$$N_{20-24} = F_{20-24} \times F_{20-24}$$

$$N = N_{15-19} + N_{20-24} + \dots + N_{40-44} + N_{45-49}$$

Қорытындылау барысында  $N_{15-19}$ ,  $N_{20-24}$  т.б көрсеткіштерін  $f$  және  $F$  функциясының маныздылығына ауыстырамыз. Мысалы:

$$N = f_{15-19} \times F_{15-19} + f_{20-24} \times F_{20-24} + \\ + \dots f_{40-44} \times F_{40-44} + f_{45-49} \times F_{45-49}$$

*Түүдүң сүммарлы коэффициенті*

$\sum_f = \frac{5N}{\bar{F}}$ ;  $\sum_f$  - түүдүң сүммарлы коэффициенті;  $N$ - соңғы бесжылдықтағы түү көрсеткіші;  $\bar{F}$  - орта саны (средневзвешенное значение);  $F$ -тің салмақтық коэффициенті  $f$  коэффициентіне тең.

*Өлім көрсеткішін анықтау*

$nd_x = l_x - l_{x+n}$ ; мұндағы  $x$ - кәріліктен, табиғи өлуге дейін өмір сүрген жастағы өлім жасы (мысалы, 75-80 жаста);  $d_x$  - қарастырылып отырған жастардың (мысалы, 75-80 жас аралығы)  $x$  және  $x+1$  аралығындағы, алғашқы жылындағы саны мен тірі жүргендердің санының айырмашылығы;  $n$ -жасына дейінгі өмір сүрген жасы (мысалы, 75 жас).

*Миграция сальdosы*

$M = (P_1 - P_0) - (N - D)$ ; мұндағы  $M$ - таза миграция көрсеткіші;  $P_0$ - миграция ағымының бастапқы кезіндегі көрсеткіші;  $P_1$ - миграция ағымының соңғы кезіндегі тұрғындар санының көрсеткіші;  $N$ - тұрғындар саны;  $D$  - өлгендер саны.

*Эмиграцияның жылдық орта коэффициенті*

$\frac{E_q}{aP_q}$ ;  $E_q$ -эммигранттар (кеткендер саны)

*Эмиграция жоғары болған жағдайда таза миграцияга кері өсер етеді*

$M_q = (P_{1q} - P_{0q}) + D_q$ ; мұндағы  $q$ -халық тобы

*Иммиграцияның жылдық орта коэффициенті*

$\frac{l_q}{aP_q}$ ;  $P_q$ -халық тобының екі санақ арасындағы орташа саны;

$a$ -жылдар арасындағы интервал;  $l_q$ -иммигранттар (келгендер

саны).

### *Миграциясыз өлім қаупи*

$nqx = nD_x + V_x$ ; мұндағы  $nqx$ - өлім қаупі;  $V_x$ - өзінің өмір сүру шегіне дейін, яғни  $x$  жасына дейін өмір сүргендер саны және сол жастағы көрілдер саны;  $ND_x$ -зерттеуге алған топтағы  $x$  және  $x+n$  жасы аралығындағы өлгендер саны.

### *Миграция болғандагы өлім қаупи*

$$nq_x = \frac{nD_x}{V_x + \frac{nlx}{2} - \frac{nE_x}{2}} ; \text{ мұндағы } nl_x - (\text{иммиграция})-x \text{ және } x+n$$

жасы аралығында нақты бір жаста көшіп келгендер саны;  
 $nE_x$  - (эмиграция)-осы жаста көшіп кеткендер саны.

*Көші-қон қарқындылығының жалпы коэффициенті*

$$S = \frac{M}{R} \cdot 1000$$

*Көші-қон айналымы қарқындылығының коэффициенті*

$$S = \frac{Q}{R} \cdot 1000$$

*Көші-қон тиімділігінің коэффициенті*

$$W = \frac{P}{Q} \cdot 100\% ; \text{ мұндағы } P - \text{ келгендер саны}; W - \text{кеткендер}$$

саны;  $M$ -көші-қон қалдығы (көші-қон сальдосы);  $P$ - $W$ -ға тең,

$Q$ -көші-қон көлемі  $P+W$ -ға тең.

**Сұрақтар:**

1. Демография ғылымының зерттеу нысанасы.
2. Демография ғылымының негізгі әдіс-тәсілдері.
3. Демография ғылымы қай уақыттардан бастап қалыптасты?

4. Еуропада демография ғылымын алғаш зерттеген кімдер?
5. Қазақстанда демография ғылымының қалыптасуына кімдер атсалысты?

**Әдебиет:**

1. Демографический энциклопедический словарь. - М., 1985.
2. Историческая демография: новые подходы, методы, источники. М., 1992.
3. Историческая демография: проблемы, суждения, задачи. М., 1989.
4. Гали А.Б., Калышев А.Б., Каражанов К.С. История переписей населения и этнодемографические процессы в Казахстане. Алматы, 1998.

## **§2. ДҮНИЕЖҰЗІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨСҮ ДИНАМИКАСЫ**

Жер шарындағы халық өсімінің динамикасын халықтың табиғи қозғалысы, яғни тууы мен өлімі көрсетеді. Халық динамикасы көптеген елдерде миграциялық процестерге байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, XIX ғ.-да бірнеше онжылдықта АҚШ-та, Канадада, Австралияда және Жаңа Зеландияда халық өсімі табиғи өсімнен жоғары болса да миграцияға байланысты халықтың саны күрт төмендеген. Мысалы, Ирландияда 1841 жылы 6,5 млн. адам болса, миграция әсерінен 1866 жылы 2,9 млн. адамға азайды.

## **2.1 Ерте дүние және орта ғасырлардағы халық өсімі**

Фалымдардың пайымдауы бойынша, ежелгі дүние ғасырларында адамның тууы да, өлуі де жоғары сатыда болған. Адам өлімінің жоғары болуына түрлі эпидемиялар мен тайпалар қақтығысы, аштық әсер еткен. Әсіресе, бала өлімі жоғары болды, адамның орташа өмір сүру жасы 20 жаспен шектелді. Тұрмыстың ауырлығы, әйелдердің антисанитарлы жағдайда тууынан олар тез қартайды. Бір мыңжылдық бойында халық небәрі 10-20 % ғана өсіп отырды.

Палеолит дәүірінің соңғы кезеңіне қарай шамамен 15-16 мың жыл бұрын жер шарында адам баласының саны 3 миллиондай болған. Адамдар территорияның 40 млн. км<sup>2</sup> жерін қоныстанған, халықтың орташа тығыздығы, шамамен 100 км<sup>2</sup> жерге 8-10 адамнан, 2-3 км<sup>2</sup> жерге 0,3-0,5 адамнан ғана келіп, 500 адамға 1000 км<sup>2</sup> жерден келген. Қалған территорияда адамдар кішігірім тобырмен ғана кезікті. Табиғи орта да алғашқы адамдардың өсіміне кедергі болды. Олардың негізгі өмірі балық аулау, аң аулау терімшілікпен байланысты болды. Неолит дәүірінде б.э.д. 7 мыңжылдықта жер шарында 10 млн.-дай адам болған.

Өндірістің өсуіне байланысты халық саны да өссе бастады. Егіншілік пен мал шаруашылығымен айналыса бастаған Таяу Шығыс халықтары мындаған жылдар бұрын халық санының өсуінде, халық қозғалысында шешуші рөл атқарды деуге болады. Б.э.д. 5 мыңжылдықта осы өзгерістер нәтижесінде жер шарында 25 млн., б.э.д. 4 мыңжылдықта 30 млн. адам, ал б.э.б. 3 мыңжылдықта 50 млн.-дай адам болған.

Халықтың негізгі бөлігі бұл кезеңде Ежелгі Египет, Қосөзен аралығы (Тигр мен Ефрат), Индо-Гангте, Хуанхе мен Янцзы жағалауларында, Орта Азия оазисінде тұрды. Б.э.б. 3 мыңжылдықтың орта кезеңінде Қосөзен аралығында қала өркениеті дамып, 3 мың км<sup>2</sup> жерді алып жат-қан Лагаш мемлекетінде 40 мың адам, әрбір қалада 4 мың адамнан тұрып, халық тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-қа 13 адамнан келген.

## Жерге қоныстану динамикасы

1-кесте

Б.э.д. жылдар	адам саны, млн. есебімен	км <sup>2</sup> жерге адамның қоныстануы
5-1 млн. жыл-қа дейін	0,015	9000
1 млн. жыл-қ қарсаңында	0,125	1000
300 мыңжылдық	1	135
25-15 мыңжылдық	3	45
10 мыңжылдық	7	19
5 мыңжылдық	25	14
3 мыңжылдық	50	3

Халықтың одан әрі өсімі темір дәуірінің келуіне байланысты. Өндіріс, еңбек құралдардың түрлері дамыды, егіншілік пен мал шаруашылығы одан әрі дамыды, агротехника ене бастады, жануарлардың кейбір түрлері қолға үйретіле бастады. Осыған байланысты халық өсімі де жоғарылай түскен. Жібек, шұға өндірісінің жедел дамуы Қытайда халық өсімінің артуына да әсер етті. Б.э.б. II-І ғғ. Қытай шеберханаларында 1 мың адам жұмыс істеген, империя астанасы Чанъянь қаласында 500 мың адам тұрса, көптеген қалаларда халық саны 50 мыңнан асты.

Б.э. бас кезінде дүниежүзінде 250-280 млн.-дай адам болған деп болжанады. Сонда 1000 жыlda халық 3-5 есеге өсken. Б.э. бас кезінде жер бетінде халықтың біркелкі орналасуы әлі тұрақтамады. Халықтың 2/3 бөлігі, яғни 165-185 млн. адам Азияда тұрған деп болжанады. Халық тығызыдау орналасқан мемлекет Қытайда б.э. I-II ғғ. 50 млн. адам, II ғ. ортасында 60 млн. адам, Оңтүстік Азия субконтинентінде – 35 млн., б.э. 200 жылы Рим империясының Еуропа жерінде 28 млн., Жерорта теңізі территориясында 20 млн. адам болған, ал кейбір авторлар Рим империясында осы кезеңде 55 млн. адам болған, - дейді.

Өндірісті шаруашылықтардың, қолөнер, сауданың ерте дамуы т.б. факторлар Қытайда халықтың тез өсіміне тікелей әсер етіп, ежелгі дәуірлерден Қытай мемлекеті халқының санынан 1-ші орында иемденіп келе жатыр. VIII-IX ғғ. Қытайдың батысында 75 млн. адам тұрған. 875 – 901 жж. болған шаруалар соғысына 100 мыңдан аса адам қатысты, әртүрлі феодалдық қырқысулар әсерінен Қытайда халық саны 75 млн.-нан 65 млн.-ға қысқарды. Дегенмен де қала мәдениетінің қарқындауы, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қалыпқа түсे бастауы халықтың одан әрі өсімін де қалыпқа түсіре бастады. XIII ғасырдың аяғында Қытайда 1200 қала болды. 1 мыңжылдық аяқ кезеңінде тек Чанъань қаласында 2 млн.-ға жуық адам тұрды.

Кей кезеңдерде халық динамикасының қозғалыссыз тұрып қалған кездері де болған. Бұл тағы әртүрлі соғыстар мен ашаршылықтарға байланысты. Мыс., халық өсімі 200 жылдан 400 жылға дейін (545 млн.), 1200 жылдан 1300 жылға дейін (360 млн.), 1600 жылдан 1650 жылға дейін өспеді, тіпті бұл жылдары 360-тан 350 млн.-ға кеміген. Еуропада 200-600 жылға дейін, 1300-ден 1400 жылға дейін, 1600-ден 1650 жылға дейін, Азияда 200-ден 400 жылға дейін, 1200-ден 1300 жылға дейін, 1600-ден 1650 жылға дейін халық өсімі бақыланбаған.

VI ғасырда Еуропаны оба мен шешек жайлап, 1348–1349 жылдары Еуропада оба ауруынан халықтың 4-тен бір бөлігі қырылып қалған. Оба эпидемиясы ең алғаш Еуропада VI ғ.-да басталып, одан кейін бірнеше рет қайталанған. 1347 жылы Сицилияда оба жайлап, одан Апеннин түбегі арқылы Францияға, Франциядан Британ аралдарына, Пиреней түбегіне, Рим империясына, Скандинавияға таралып, тек Германия халқының 20%-ы, Англия — 33%-ы, Франция — 40%-ы, Апеннин түбегі — 50%-ы, Каталония — 50%-ы обадан қырылды, үш жылда оба ауруынан 15 млн. адам қырылған.

Б.э. 1-ші мыңжылдығында әлемдегі халық саны 1,5 есеге өсті, ал Еуропада халық өсімі өзгеріссіз қалды. Обадан бас көтере алмай жатқанда Жүзжылдық соғыс, т.б. ірі шайқастардың орын алуы халық санын күрт төмендетіп жіберді. Оның үстіне ерте және орта ортағасырларда Батыс Еуропада әрбір 3-4 жыл сайын аштық болып тұрды,

ашаршылық та адам өлімінің күрт өсуіне алып келді.

Осы кезеңдерде Еуропада халықтың орташа өмір сүрүжасы ерлерде – 40-45, әйелдерде 35 жас болса, балалардың үштен бірі 12-15 жасқа жетпей шетінеді. Тек XIV-XV ғасырларда ғана халық қозғалысы қалыпты жағдайға түсебастады.

### **Б.э. бас кезінен XX ғ. бас кезіне дейін дүниежүзі халықтарының өсу динамикасы (млн. адам есебімен)**

2-кесте

Жылдар	Ресей, Балтық, Орта Азия, Закавказье	Еуропа	Азия	Африка	Солтүстік Америка*	Латын Америкасы	Австралия және Мұхит Араалдары
1	2	3	4	5	6	7	8
0	4	29	114	17	1	4	1
1000	7	32	182	33	1	8	1,5
1500	16	70	277	46	1	13	2
1600	20	85	371	55	1	11	2,1
1700	24	100	410	61	1	12	2,3
1750	34	114	488	65	2	14	2,5
1800	48	144	616	70	7	17	2,5
1850	73	205	780	81	27	32	2,3
1900	130	290	948	110	81	64	6,8
Халық өсімі	32,5	10,0	8,3	6,5	81,0	16,0	6,8

\* Мексика, Орталық Америка, Вест-Индияның қоспағанда

1000 жылды халықтың негізгі бөлігі Оңтүстік Азия

субконтинентінде (79 млн. адам) және Қытайда (66 млн. адам) болды. Олардың үлесіне дүниежүзі халықтарының 55% келді. Салыстырмалы түрде айттар болсақ, 1000 жылы жер шарында 300 млн. адам болса, оның 35 млн.-дай адамы Еуропа жерінде тұрган. Қытайда 1000 жылдан кейін, татар-монғолдарды ығыстырғаннан кейін халық одан әрі өсіп, 1300 жылы 80 млн., 1600 жылы 150 млн. адам, 1700 жылы 175 млн., 1800 жылы 330 млн. адам болып, 300 жылда тіпті адам саны 2 есеге өсті.

Еуропада халық тығыздығы Франция, Италия мемлекеттерінен байқалды, ал Азияда жоғарыда атаптас мемлекеттерден басқа Түркия, Иран, Жапония, Африкада Египет пен Нигерия мемлекеттерінен байқалды. Батыс Еуропада 1 мыңжылдықтың орта кезеңінде 20 млн. адам болса, 1000 жылы 36 млн.-ға жуық адам болып, Францияда 9 млн., Пиреней түбегінде 9 млн., Апеннин түбегінде 7 млн., Германияда 5,4 млн., Британ аралдарында 2,5 млн., Грецияда 1,5 млн., Скандинавияда 1,1 млн. адам болған. Ал, 1300 жылы Батыс Еуропада 52 млн. адам болып, халық 45 %-ға өсті. Рейн мен Мааса өзенде-рінің төменгі ағысы бойындағы Нидерланды халқы 1,1 млн.-нан 2,1 млн.-ға, яғни 91%-ға өсіп, алдыңғы қатардан көрінді. 2-ші орынды Франция, халық өсімі 9 млн.-нан 17 млн.-ға, яғни 89%-ға, одан кейін Германия 5,4 млн.-н 9,1 млн. – 69%-ға, Британ аралдарында 2,5 млн.-н 4,1 млн. – 64%-ға, Италияда 7 млн.-н 10 млн. – 43%-ға, Скандинавияда – 1,1 млн.-н 1,5 млн. – 36%-ға, Грецияда – 1,5 млн.-н 2 млн. – 33%-ға өссе, керісінше, Пиреней түбегінде халық саны 9 млн.-н 6 млн.-ға кеміді.

Еуропада орта ғасырларда халық санының өсуіне қала мәдениеті мен сауда, экономиканың дамуы әсер етті. XI ғ. Апеннин түбегінде қала типтес 300 елді мекен болып, әрқайсысында 5 мыңнан 40 мыңға дейін халық тұрган. Венеция - тұз өндірісімен, Флоренция - шүғасымен, Милан - қару-жарақ шығару ісімен, Павия - тері өндірісімен әлемге танылды. Еуропадағы ең ірі қалалар Париж және Флоренция саналды. XIV ғ-да Флоренцияда 100 мың халық тұрды. Францияда Париж қаласы өркенделеп, онда 1220 жылы 120 мың, 1300 жылы 200 мың адам, 1350 жылдары 250 мың адам, ал, XV ғ. басында Венецияда 190 мың, Барселонда 50 мың адам тұрды. XV ғ. аяғында Испания мемлекеті болса Пиреней

түбөгінің 85% жерін иемденіп, онда 6,5 млн. адам тұрған.

XVI ғасырдың басында Сивилья қаласының өзінде 16 тоқыма шеберханасы жұмыс істеп, 130 мың жұмысшыны қамтыған. Бірақ сауда мен өнеркәсіптің өркендеуіне қарамастан көптеген қалаларда урбанизацияның төмен қарқынмен дамып, ол Британ аралдарынан көрініп, XV ғ-да Лондонда 40 мың адам болды. Фландрія мен Брабантта қала халқы 33-40 %, Голландияда 50 %-ды құрады, ал осы кезде Пиреней түбөгінде Кatalонияда қала халқы мемлекеттің бар болғаны 20%-н құрады.

XV ғ-да әлемдегі халық саны 1,6 есеге өскен. Ресей және Еуропада 2 есеге жуық өссе, Қытайда халық саны Оңтүстік Азия субконтинентіне жетті десе болады (110 және 105 млн.), Жапония халқының саны да тез өсті (1000 жылы 4,5 млн. болса, 1500 жылы 17 млн.-ға жетті). Жапония тіпті халық саны жағынан Еуропаның ірі мемлекеттерін басып озды. XVI ғасырдың басында (Францияда 1500 жылы 15 млн.), Италияда 10 млн., Германияда 9 млн. болды. Керісінше Африкада халық саны өспеді.

Америка континентіне келер болсақ, 1492 жылы бұл жерде 27 млн. (кейбір авторлар бұдан 2-3 есе көп адам санын көрсетеді) адам тұрған. 250 жылдан кейін табиғи өсім және Еуропадан келген қоныстанушылар санының толастамауна қарамастан, Америка халқының саны өспей, керісінше 12 млн. адамға кеміді, оның 3,5 млн. адамы жергілікті үндістер үлесіне келді. Америкада отаршылдық езгі әсерінен жергілікті үндістер саны құрт төмendet, XV-XVII ғғ. аралығында Америка халқының саны 3 есеге азайған.

Америкаға алғаш еуропалық отаршылдардың келуі жаңа мемлекет Құрама штаттарды қалыптастырыды. 1607 жылы ағылшын королі I Яков Джеймстің құрметіне аталған үш Джеймс кораблі 120 адамымен батыс жағалауға келіп тоқтап, бұл жерде қалыптасқан мекен “Джеймстаун” деп аталды. 1688 жылы отаршылдар саны 200 мың, 1760 жылы 1,8 млн. адам болды (қазіргі кезеңде АҚШ халқы 280 млн. адамды құрап отыр). Американың ашылуы жергілікті байырғы тұрғындарды отарлау экспанциясымен қатар жүріп, нәтижесінде XV-XVII ғасырлар аралығында жергілікті үндістер саны үш есеге азайып кетті.

XV ғ. Европадағы халық өсімінің динамикасы миграциялық процестермен тығыз байланысты болды. Мысалы, 1492 ж. Испанияның Гранаданы қаратуына байланысты Пиреней түбегінде 185 мың еврей, кейіннен 465 мың саудагерлер мен көпестер өз жерінен қуылды.

XVI ғ. бастап Еуропада халық өсімінің қозғалысы анық көріне бастаған. Көптеген елдерде капитализмнің дамуы, ауылшаруашылығының өркендеуі, өнеркәсіптің дамуы, медицинаның дамуы демографиялық процестерге өсер етпей қоймады.

XVIII ғ-да Батыс Еуропа елдерінде жеңіл өнеркәсіп төңкерісінің болуына байланысты халық тез өскен. Фылымда бұл кезеңдегі халық өсімін “демографиялық жарылыс” деп атайды. Деректерге қарағанда, XVII ғ. Англияда 5,5 млн. адам, оның 4,1 млн.-ы (74%) - ауылда, 1,4 млн.-ы (26%) қалада тұрған. XIV ғ. Лондон қаласының халқы 40 мың болса, XVI ғ. ортасында - 80 мың, XVII ғ. басында - 150-200 мың, XVII ғ. ортасында 500 мың болған. Нәтижесінде Лондон әлемдегі ең ірі қалалардың бірі саналды.

## 2.2 Жаңа және қазіргі заман дәуіріндегі халық өсімінің динамикасы

XVIII ғ. әлем тарихында индустрIALIZАЦИЯ кезеңінің дамуымен сипатталынады. Өндірісті өнеркәсіптердің дамуы Америка және Еуропа елдеріне эмигранттар легінің ағылуын қамтамасыз етті.

1500 жылдан 1750 жылға дейін әлем халқы 300 млн.-ға өскен, одан кейінгі 150 жыл ішінде 1750-1900 жылдары 910 млн. болды. Бір жылда 4% өскен. 1700 жылы Британияда 8,2 млн. адам, оның 5,8 млн.-ы Англия мен Уэльсте тұрды. 1800 жылы Британия халқы 16,4 млн. адамға, ал Англия мен Уэльс халқы 9,2 млн.-ға өсіп, өсім көрсеткіш салыстырмалы түрде 8,2 (100%) және 3,4 (60%) құрады. Осы кезеңде АҚШ халқы 5 млн. адамға өсті, 1700 жылы - 0,3 млн. 1800 жылы - 5,3 млн. адам болып, 18 ессе өсті. 1800 жылы 3,6 млн. (67%) америкалық Англия мен Уэльстен шыққандар, 0,9 млн. (18%) – Ирландия мен Шотландиядан, 0,8 млн. (15%) басқа елдерден шыққандар болды.

1700 жылы АҚШ тұрғындарын негізінен британдықтардан құрап, олардың саны 4,2 млн. адам болып, эмигранттардың 33%-н құрады. XVIII ғ.-дың ортасында әрбір үшінші британдық Америкаға аттанып, Англия мен Уэльсте эмигранттар саны 50%-ға дейін жетті.

XVIII ғ. екінші жартысында Томас Роберт Мальтус (1766-1834) халық өсімін бақылау теориясын дамытты. 1800 жылы салыстырмалы түрде айттар болсақ, Ресейде 40 млн., Францияда – 27 млн., Британия-да – 16 млн., Испания – 10 млн., Португалияда – 3 млн. адам тұрды. 1800 жылы жер шарында әлем халқы 952 млн. адамды құрап, Азияда – 630 млн. (66,2%), Еуропада – 200 (21,0%), Африкада – 90 млн. (9,4%), Америкада – 30 млн. (3,2%), Австралия және Мұхит аралдарында – 2 млн. (0,2%) адам болған.

XVIII ғ. сонында әлем халқы әлеуметтік дамудың әртүрлі сатысында тұрды, Австралия және Мұхит аралдары халқының басым бөлігі, Африкада кей тайпа тас дәүірінде, кейбірі өндірісті шаруашылықтың қалыптасу кезеңін басынан өткөріп жатса, енді бірі өркениет қалыптасуының әртүрлі сатысында келе жатты. Солтүстік Американың 6 млн. халқы, Латын Америкасының 24 млн. халқы плантацияларда құлдық дәүірде өмір сүрді.

Азия территориясында алғашқы қауымдық қоғамнан ерте капиталистік дәуірге саятын барлық әлеуметтік-экономикалық құрылымдарды кездестіруге болатын еді. Халықтың басым бөлігі тұратын Үндістан мен Қытайда феодалдық қатынас жетекші рөл атқарды.

XIX ғасырдың басында Еуропада феодалдық қатынастар әлі де болса басым болып, аграрлық сипат алды. Ауылшаруашылығының дамуына байланысты урбанизация қарқыны баяу дамыды. Ен ірі қала болып саналатын Лондонда халық саны 865 мың адам болды, ал Париже – 550 мың, Венада – 250 мың, Амстердамда – 200 мың, Берлинде – 170 мың адам тұрған.

Халықтың келесі өсімі XIX ғ.-н екінші жартысында байқалды (6% өскен). 400 жыл ішінде, яғни 1500–1900 жж. аралығында халықтардың географиясы да өзгерген. Ірі географиялық ашуларға байланысты миграциялық қозғалыстар қарқындалап, өсірсек Америка және Австралия және Мұхит аралдары елдеріне қоныстану легі басталған. Жер жүзіндегі тұрғындар саны 3,8%-ға, Америкада 10,4%-

фа, Австралияда 19%-ға есken. Ресей және Еуропада осы жылдары Азия және Африка елдеріне қарағанда көбірек өсті, Ресейде 8,1%, Еуропада 4,1%, Азияда 3,4%, Африкада 2,4%-ға артқан.

Африкада халықтың жәй өсімі құл саудасына байланысты болды, нәтижесінде континент миллиондаған адамдынан айырылды. XIX ғ. басында Америка материгінде 4,5 млн. құл болса еткен, тек АҚШ-тың өзінде 1800 жылы 893 мың құл енбек етті. Салыстырмалы түрде б.э. I ғ.-да Апеннин түбегінде 1,5 млн. құл болған. Ұзақ жылдар бойына Еуропа мен Америкадағы құл саудасының 90%-ы Британия мемлекетінің қолында болды. Құл саудасын тоқтатуға алғаш бел буған Франция мемлекеті еді. 1794 ж. якобиндіктер француз отарларынан құлдарды азат етіп, құл саудасын тоқтатуды жариялады. Кейінрек Наполеон түсында құл саудасы қайта өркендеген. 1803 жылы құл еңбегін пайдаланудан Дания бас тартты. 1806 жылы Британ парламенті британ азаматтарына шет елдерге құл сатуларына тыйым салса, 1808 жылы Американ әкімшілігі АҚШ-та құл саудасына тыйым салды. Ал, Швецияда құл саудасы 1813 жылға дейін, ал Голландияда 1814 жылға дейін жалғасты. Бірақ та құл саудасына заң жүзінде тыйым салынғанымен, ол жасырын контрабандалық саудада сипат алды. 1861 жылдары Американың оңтүстік штаттарында 7 млн. адамға 4 млн. негрден келді.

XIX ғ.-н екінші жартысында одан әрі дамыған Азия және Африка елдеріндегі отарлық экспансия осы континенттегі халық санының өсіміне кері әсерін тигізбей қоймады. Осындай отарлық езгіде Австралияның барлық террitorиясы, Американың бір бөлігі болып, отарлық иеліктер жер шарының 50 млн.  $\text{km}^2$  жерін алғып жатты.

XX ғ. бас кезінде Африкадағы Британ иелігі 9,2 млн.  $\text{km}^2$  жерді құрап, 53 млн. африкандық ағылшындық отарлық езгіде, Батыс Африкада Француз иелігі 10 млн.  $\text{km}^2$  жерді құрап, 32 млн. адам француздық езгіде, ал Германия иелігі 2,4 млн.  $\text{km}^2$  жерді құрап, 11 млн. адам германдық езгіде болды. Португалия, Италия, Испания мемлекеттерінің иеліктерін қосқанда Африка жерінің 90 %-ы, 123 млн. адам, яғни қара нәсілділердің 95 %-ы отарлық езгіге түсті.

## XX ғ. бас кезіндегі отарлау экспансиясының қорытындысы

3-кесте

мемлекеттер		метрополиялар	колониялар	басқалар	барлығы
1	2	3	4	5	6
Австралия	территория	-	8,5	-	8,5
	тұрғындар	-	6,0	-	6,0
Азия	территория	4,0	33,0	7,4	44,4
	тұрғындар	439,9	423,6	103,0	966,5
Америка	территория	7,8	11,7	22,6	42,1
	тұрғындар	77,0	9,1	58,9	145,0
Африка	территория	-	27,0	3,3	30,3
	тұрғындар	-	123,3	6,7	1130,0
Еуропа	территория	7,8	0,7	2,0	10,5
	тұрғындар	308,4	63,8	30,0	402,2
Барлығы	территория	19,6	80,9	35,3	135,8
	тұрғындар	825,3	625,4	198,6	1649,7

XIX ғ.-н 2-ші жартысында әлем мемлекеттерінде аграрлық сала басым болып, тіпті АҚШ жұмысшылар қолын иммигранттар есебінен толықтырып, нәтижесінде халқының саны өсті. 1850 жылы Францияда 35 млн., АҚШ-та 23 млн. халық тұрды. XIX ғ.-н аяғында АҚШ халқының саны жағынан бүкіл Еуропа елдерін басып озды. XIX ғ.-да дүниежізінің халқы 9.6 есеге өскен. Халықтың 2/3 бөлігі Азияда, 1/2 бөлігі Қытайда, 1/3 бөлігі Үндістанда қоныстанды. Африкада XIX ғ.-н аяғына қарай өлім көрсеткішінің төмендеуімен қатар, тұрғындар санының өсімі байқалды. XIX ғ.-н ортасында АҚШ-та халық санының күрт өсуіне Еуропа елдерінен келген иммигранттар легі әсер етті. 1800 жылы 5,3 млн. адам болса, 1900 жылы 76 млн.-ға жетті.

1900 жылды Қытайды 475 млн., ал Оңтүстік Азия субконтинентінде 290 млн. адам болған, яғни екі континентті қосқанда адам саны жер шарындағы адам санының 47%-н қураған. Халықтығыздығы жағынан үшінші орынды Ресей, төртінші орынды АҚШ иеленді (76 млн.-нан). Германияда – 43 млн., Жапонияда – 45 млн., Францияда – 41 млн., Индонезияда – 38 млн., Ұлыбританияда – 37 млн., ал Бразилияда – 18 млн., Мексикада 13 млн. адам болды.

ХХғ.-н басында дүниежүзі халықтарының демографиясына Бірінші дүниежүзілік соғыс кері әсер етті. Соғысқа әлем халқының 60%-ы немесе 1 млрд.-тан астам адам қатыс-ты. 70 млн. адам әскерге тартылған. 1917 ж. белгілі неміс философи М.О. Гершенсон “бұл соғыстың көлемінен әлемдік катастрофа екендігі алғашқы күннен-ақ байқалды”, - деп жазды. Соғыстың алғашқы үш жылында 2 млн. адам қаза тауып, 4 млн. адам жараланды, 5 млн. адам тұтқынға түсті. XVII–XIX ғғ., 300 жылда Еуропа жүргізген соғыс-тарда 14 млн. адам қаза тапса, ал 1914–1918 жж. соғыста 4 жылда 25 млн. адам қаза тауып, 15 млн. адам мүгедек болып қайтты.

ХХ ғ.-дың ортасында (1959 ж.) жер шарындағы халық саны 3 млрд.-ка, яғни 2,9 есеге өсken. Халықтың тез өсімі Латын Америкасы (6,1 есе) және Африкада (4,7 есе), ал халықтың жэй өсімі Еуропада (1,7 есе) және КСРО-да (2,1 есе) байқалды. Халық динамикасының тұрақсыз және әркелкі болуы миграцияға да байланысты болды. Миграция есебінен Солтүстік және Латын Америкасы, Австралия және Жаңа Зеландия халықтарының саны өссе, Еуропа халықтарының саны кемі түсті.

1950 жылдан 1983 жылға дейін әлем халқы 2,133 млн. адамға немесе 84,4% өсken.

Салыстырмалы түрде айтар болсақ, XIX ғ.-н аяғы мен XX ғ.-н басында халықтың тез өсімі Еуропа елдерінде байқалды, керісінше Азия және Африка елдерінде өлім көрсеткіші басым болды. Әсіресе Африка елдерінде бала өлімі жоғары болды, әрбір үшінші бала 1 жасқа жетпей щетінеді. Аштық пен эпидемия жылына мындаған адам өмірін алып кетті.

1930 жылдары басталған бүкіл дүниежүзілік экономикалық дағдарыс, саяси жағдайың тұрақсыздығы, Германия, Италия, Жапония елдерінде фашистік және милитаристік режимнің басталуы, Эфиопия, Қытай, Испания елдеріндегі әскери

қақтығыстар демографиялық үндістерге әсерін тигізбей қоймады. 1930 жылдары бір жыл ішінде халықтың орташа өсімі 1,0% азайды. 1935 жылы Францияда адам өлімі баланың тууынан жоғары болды. Ең ірі капиталистік мемлекет АҚШ-тың өзінде халық өсімі күрт төмендеп кетті. Азия елдерінде халық өсімінің төмендеуі байқалды. Тек Латын Америкасында 1930 жылдары басқа елдерге қарағанда бірқалыпты болып халық өсімі 1,8 %-ға жетті.

Екінші дүниежүзілік соғыс та Кеңестер Одағы мемлекеті мен Еуропаның бірсыныра мемлекеттерінің демографиясына көрі ықпал етті. Екінші дүниежүзілік соғысқа әлемнің 62 мемлекеті қатысып, 40 мемлекет территориясын соғыс оты қамтыды. 1,7 млрд. адам соғысқа тартылып, әлем халқының 80%-ын қамтыды. 1939-1945 жылдары әскер құрамында 100 мыңнан аса адам қызмет етті. Тек соғысқа бөлінген қаражат 1,1 трлн. доллар, яғни Бірінші дүниежүзілік соғыс шығынынан 5,5 есеге көп болды. Осы соғыстағы тек қана адам шығынының саны 55 млн.-нан астам, соның ішінде 27 млн. адам соғыс майданында, 11 млн. адам концлагерьлерде, 2 млн. адам партизандар қозғалысында, 1,5 млн. адам бомбаудан, 12 млн. адам аштық пен эпидемиядан, 1,5 млн. адам басқалай себептермен қаза тапты. 35 млн. адам әртүрлі жарақат алышп, мүгедек болып қалды.

Соғыс жылдарында адам өлімі жоғары, ал баланың тууы өте төмен болды. Жер шарында соғыс әсерінен халық динамикасының қалыпты санына 175 млн. адам жетіспеді. Ал, соңғы мәліметтер, яғни Женістің 60 жылдығы (2005 ж.) қарсаңындағы зерттеулер осы соғыстағы адам шығынын 65 млн.-ға жеткізіп отыр.

Екінші дүниежүзілік соғыстың ең ауыр жүгі Кеңестер Одағының үлесіне тиді. Кеңестер Одағының соғыс шығыны 679 млрд. сомға (1941 ж. баға бойынша) есептеледі. 1710 қалалар мен поселкелер, 70 мың селолар мен деревнялар, 6 млн.-нан астам ғимараттар қиратылды, оған қоса 32 мың заводтар мен фабрикалар, 65 мың км. теміржол, 36 мың почта-телефраф станциялары, 98 мың колхоз, 1876 совхоз, 2890 МТС, 40 мың аурухана, 84 мың мектеп, оқу орындары, ғылыми мекемелер, 43 мың кітапхана қиратылған.

1940 жылы бір жылдың орташа халық өсімі 1 %-ға кеміді. Тек қана Кеңес Одағы соңғы жылдардағы дерек бойынша 25-

27 млн.-нан аса адам жоғалтты. Бірақ бұл мәліметте әлі нақты емес. Демографтардың есептеуінше адам шығыны бұдан да көп болуға тиіс. Себебі 1940 жылы КСРО-да 194 млн. адам, ал 1946 жылдың 1 қаңтарында 167 млн. адам болған. Ал 1940 жылдың 1 қаңтарынан 1941 жылдың 22 маусы-мына дейін КСРО-ға Прибалтика, Бессарабия және Финляндияның бір бөлігі қарағанын ескерсек, осы мемлекеттер халқын қоса есептесек, Кеңестер Одағы 30 млн. адам жоғалтты. Тек 1955 жылдарығана соғысқа дейінгі көрсеткішке жете бастады. Бұл кезенде Азия және Африка елдерінде де адам саны аздап азайды. Тек Америка және Австралия елдеріндегі бейбіт саяси өсуі қалыпты болды. Тіпті Латын Америкасында адам саны жоғары болып, орташа жылдық өсім 2,5%-ға жетті. Адам саны есімінің жоғары көрсеткіші Батыс Еуропа елдерінен келген иммигранттар есебінен де көрінді.

Соңғы 5,6 мың жылда жер шарында 14 500 әскери қақтығыс немесе соғыстар болып, 3,6 млрд. адам өмірін алғып кеткен екен.

1945–1961 жж. саяси өзгерістер де демографияға әсер етті, 1,5 млрд. халқы бар 40 мемлекет егемендік алды. XX ғ. 60 жылдарында 75 млн. халық тұрып жатқан отарлық колониялар жүйесі 13,3 млн. км<sup>2</sup>-ге қысқарды.

Соғыс жылдарынан кейінгі адам санының өсуі, бала туудың адам өлімінен жоғары болу процесі бүкіл жер жүзіндегі мемлекеттерді қамтыды. 1960 жылы жер жүзіндегі халықтың жалпы орташа өсімі 2%-ға жетсе, Орталық және Оңтүстік Америка, Африка және Азия елдерінде 3%-ға жетті. Нәтижесінде халық 1950–1983 жылдары көптеген мемлекеттер мен аймақтарда 2,5-3 есеге өсті.

1970–1980 жылдары бұрынғы Кеңестер Одағында адамның орташа өсімі қалыпты жағдайда болып, 2,3 млн.-ды көрсетті. Бұл жылдары Еуропада адам санының орташа өсімі көрісінше төмендеді. 1980 жылы 1970 жылға қарағанда адам саны 1 млн.-ға кеміді. Эрбір 1000 адамға 15 туылған баладан келді. Туудың мұндаидар төмен көрсеткіші Солтүстік және Батыс Еуропаның көптеген мемлекеттерінде тән болды. Тек Польша, Югославия, Португалия, Ирландия, Исландия және Албания мемлекеттерінде адам өсімі біршама қалыпты болды. Бұл жылдары Жапония, АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия елдерінде халық санының өсімі төмендеп, 1970 жылды 4 млн.

адам болса, 1980 жылы 3,5 млн. адам болды, сондай-ақ бала туу көрсөткіші төмендеп 1000 адамға 13-16 баладан келді.

Бала туудың орташа коэффициенті дамушы елдерге қарағанда дамыған елдерде төмен дәрежеде. Африканың Кения, Малави, Нигер, Боствана сияқты елдерде туудың орташа коэффициенті 50%-дан астам, Мавритания, Руанда, Бенин, Гамбия, Нигерия, Свазилентте - 48% болса, салыстырмалы түрде Дания, Италия, Швеция, Швейцария, Люксембург сияқты дамыған елдерде - 12%. Халықтың табиғи қозғалысының өр елде әртүрлі болуына осы елдердегі әлеуметтік, экономикалық, географиялық, биологиялық, этномәде-ниеттік, тарихи және басқа да факторлар (мыс., әйелдердің қоғамдық өндіріске қатысы, тұрғындардың біліми-мәдени санаудылығы, денсаулығы, некелесу жасы, отбасы ішінде бала тууды реттеу, діни қағидалар, әдет-ғұрыптар т.б.) әсер етеді.

Азия, Африка, Латын Америкасының көптеген елдерінде табиғи өсім коэффициенті қазіргі уақытта жылдан 20 %-ды құрайды. Еуропа және Солтүстік Америкаға келер болсақ, Албания, Ирландия, Исландия сияқты жекелеген елдерде табиғи өсім 10 %-дан асады.

Орташа жылдық табиғи өсімнің 30% болатын жоғарғы көрсөткіші Азия және Африканың араб елдеріне, Иран, Замбия, Зимбабве, Кения, Малави, Руанде, Танзания, Уганда, Гана, Либерия, Нигерия, Боствана, Свазилент, Гватемалы, Гондурас, Никарагуа, Эквадор мемлекеттеріне тән. Сондай-ақ табиғи өсімнің жоғарғы көрсөткіші Маршал Арадарында – 3,89%, Сан-Томе және Принципиде – 3,50%; төмен көрсөткіші Украинада – 0,68%, Латвияда – 0,65%, АҚШ-та – 0,54%, Ресейде – 0,42%.

### **Дүниежүзі халықтарының соңғы жылдардағы саны (млн. адам есебімен)**

4-кесте

Мемлекеттер	1990	1995	2000	2001	2002
1	2	3	4	5	6
Ресей	148,2	147,6	144,8	144,0	143,1
Австралия	17,1	18,1	19,2	19,5	19,7

1	2	3	4	5	6
Австрия	7,7	8,0	8,1	8,1	8,1
Эзербайжан	7,2	7,7	8,1	8,1	8,2
Аргентина	32,5	34,8	37,0	37,5	38,0
Армения	3,6	3,8	3,8	3,2	3,2
Белоруссия	10,2	10,2	10,0	9,95	9,9
Бельгия	10,0	10,1	10,2	10,3	103
Болгария	9,0	8,4	7,9	7,9	8,0
Бразилия	145	156	168	172	175
Ұлыбритания	57,6	58,6	59,8	59,8	59,9
Венгрия	10,4	10,2	10,0	9,9	9,9
Германия	79,4	81,7	82,2	82,4	82,5
Грузия	5,4	5,4	4,9	4,9	5,0
Дания	5,1	5,2	5,3	5,3	5,4
Үндістан	835	922	1002	1018	1033
Италия	57,7	57,3	57,8	58,0	58,0
Қазақстан	16,4	15,7	14,9	14,8	14,9
Канада	27,7	29,4	30,8	31,1	31,4
Қыргызстан	4,4	4,6	4,9	4,9	5,0
Қытай	1155	1219	1275	1285	1295
Литва	3,7	3,7	3,7	3,5	3,5
Мексика	83,2	92,0	100,3	101,8	103,2
Молдавия	4,4	4,3	3,6	3,6	3,6
Нидерланды	15,0	15,5	15,9	16,0	16,1
Норвегия	4,2	4,4	4,5	4,5	4,5
Польша	38,1	38,6	38,6	38,6	38,6
Корея	42,9	45,1	47,3	47,3	47,6
Румыния	23,2	22,7	22,4	22,4	22,4
АҚШ	250	263	275	285	291
Тәжікстан	5,3	5,7	6,2	6,4	6,5
Түркмения	3,8	4,5	4,8	4,8	4,7
Түркия	56,1	60,6	65,3	68,6	69,6
Өзбекстан	20,6	22,9	24,8	25,1	25,6
Украина	51,7	51,1	49,0	48,2	47,8
Финляндия	5,0	5,1	5,2	5,2	5,2

1	2	3	4	5	6
Франция	56,7	58,1	58,9	59,2	59,5
Швейцария	6,7	7,0	7,2	7,2	7,3
Швеция	8,6	8,8	8,9	8,8	8,9
Жапония	124	125	127	127	127

Жер шарындағы халық өсімі мұндаған жылдар бойына 18 есеге өскен. Алғашқы өсімінің байқалуына 600 жыл, екінші өсімінің байқалуына 230 жыл, үшінші кезеңіне 100 жыл, соңғы өзгеріне 40 жылдай уақыт кеткен. 1820 жылы дүниежүзінде 1 млрд., 107 жыл кейін 2 млрд. (1927 ж.), 32 жылдан кейін 1959 жылы 3 млрд., 14 жылдан кейін 1974 жылы 4 млрд. болған. 1987 ж. аяғында 5 млрд. шамасында болса, 1999 жылы БҮҮ-ның хабарлауы бойынша, әлем халқының саны 6 млрд.-қа, 2004 жылы 6,4 млрд., ал 2005 жылы 6,5 млрд.-қа жетті. Соңғы жылдарды дүниежүзі бойынша жылына 72-80 млн. адам, яғни минутына 200 сәби, күн сайын 365 сәби дүниеге келеді. Өмірге келгендердің 57% - Азия елдеріне, 26% - Африка елдеріне, 5% - Латын Америкасы елдеріне, 3% - Европа елдеріне, 1% - Австралияға тиесілі.

Халықтың саны жағынан бірінші орында Қытай, онда 1,3 млрд. астам (2005 ж. ресми дерегі) адам өмір сүреді, жер шарының 20% қытайлықтардың үлесінде. Екінші орында Үндістан, онда 1,1 млрд. (2005 ж.) адам тұрады, жер бетіндегі халықтың 17%-н құрайды. Одан кейінгі орындарды млн. адам есебімен айттар болсак, АҚШ – 280,6; Индонезия – 233,3; Бразилия – 176,0; Пәкістан – 147,7; Ресей – 145,5; Бангладеш – 133,4; Нигерия – 129,9; Жапония – 127,1 (2002 ж-н ресми дерегі бойынша) адам есептерімен иеленеді. Әзірге Қазақстан халқының саны жағынан 62-ші орында тұр.

БҮҮ-ның болжамы бойынша 2050 жылы жер бетінде 7,9 млрд.-тан 11,9 млрд.-қа дейін адам тұрады.

**Әлем халықтарының жалпы саны**  
 (млрд. адам есебімен)

5-кесте

Жыл	Әлем халқының саны
1	2
1950	2,52
1960	3,02
1970	3,70
1980	4,44
1990	5,27
2000	6,06
2050	9,32

**Материк бойынша тұрғындар саны**

6-кесте

материктер	1950 ж.	2000 ж.	2050 ж. (болжам)	(1950 ж-дан 2050 ж-ға дейін)
Азия	1,399	3,672	5,428	3,9
Африка	221	794	2,000	9,0
Латын Америкасы, Кариб	167	519	806	4,8
Еуропа	548	727	603	1,1
Солтүстік Америка	172	314	438	2,5
Австралия және Мұхит аралдары	13	31	47	3,6

**Сұрақтар:**

1. Тас дәуірі мен темір дәуірінде жер шарында халықтардың орналасуы қалай болды?
2. Өндірісті шаруашылықтың халық өсіміне әсері және ортағасырларда халықтардың орналасуы қалай болған?

3. Ұлы географиялық ашулардың халық өсіміне әсері.
4. Тарихи дәуірлердегі Азия елдеріндегі халық өсімі.
5. XIX ғ. халықтардың өсім динамикасы қандай болды?

### Әдебиет:

1. История Средних веков. Под. ред. З.П.Удальцовой и С.П. Карпова. М., -1990. (402 – 409-бб.)
2. Островский В. История цивилизаций. М., 2000.
3. Садыков Т.С., Такижбаева Н.Э. Введение в историческую демографию. Алматы, 1980.
4. Шелестов Д.К. Историческая демография. М., 1987.
5. Брук С.И. Население мира. Этнодемографический справочник. 2-е изд. М.,1986. (14 – 28-бб.)

## §3. ДҮНИЕЖҰЗІЛІК МИГРАЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫС

### 3.1 Миграциялық ағымдар

Миграция (латын сөзі – *migratio* қоныс аудару) дегеніміз адамдардың басқа бір территорияға көшіп, түпкілікті немесе уақытша қоныс аудару, яғни көшіп-қону процесі. Қоныс аударған жеке адам мигрант (латын сөзі – *migrans* - қоныс аударушы) деп аталады.

Көшіп-қону адамдардың белгілі біраумақтың шекарасынан асып, тұракты немесе уақытша түрғылықты мекенге қоныс аударуы арқылы жүзеге асады. Халықтың көшіп-қонуы әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, саяси, діни, әскери және басқа себептермен мемлекеттің және басқа қоғамдық құрылымдардың қатысуымен және көшіп келушілердің өздерінің күшімен жүзеге асуы мүмкін. Қазақстанда көші-қонды туғызатын себептердің бастысы экономикалық себеп және экологиялық апат аймақтарына байланысты себеп болып отыр.

Халықтың көшіп-қонуы ежелгі заманнан-ақ белгілі. Көші-қон алғашқы қоғамдық еңбек бөлінісімен (бақташылар тайпасының бөлініп шығуымен), егіншіліктің, қолөнердің

дамуымен, халықтардың ұлы қоныс аударуымен, ұлы географиялық ашулармен, индустряның дамуымен (XIX-ғ.-н басында) байланысты болды. Көші-қон түрғылықты халықтың да, көшіп кетушілердің де тұрмыс деңгейіне, халықтың және әлеуметтік құрылымына, қоныс-тануына, этникалық құрамының өзгеруіне елеулі ықпал етеді.

Тұрақты түрғылықты мекенінің түпкілікті ауысуына байланысты қайтып *оралмайтын көші-қон*; жылдың белгілі бір кезеңінде орын ауыстырумен байланысты *уақытша көші-қон*; жылдың белгілі бір кезеңінде орын ауыстырумен байланысты байланысты *маусымдық көші-қон*, басқа жердегі жұмыс, оқу орындарына ұдайы әрлі-берлі жүріп-тұратын қатынамалы *көші-қон*, елден сырт жерге көшіп кету, елге көшіп келу түріндегі *халықаралық* немесе *сыртқы көші-қон*, ел ішіндегі қоныс аударумен байланысты *ішкі көші-қон* тұрлеріне ажыратылады. Ал ішкі көші-қон ауыл халқының көші-қоны және қала халқының көші-қоны тұрлеріне ажыратылады.

Қазіргі кездегі әртүрлі миграциялық ағымдар, миграциялық қозғалыстардың болуы саяси факторларға тікелей байланысты. Жаңа мемлекеттің құрылуы, шекараның өзгеруі, ұлт-азаттық қозғалыс, саяси-экономикалық қалыптасу, т.б. Миграция сондай-ақ діни ағымға да байланысты болып жатады.

Миграциялық қоныс аударудың жоғарғы легі екінші дүниежүзілік кезінде болды. Батыс Еуропа елдерінен халықты бейбіт елдерге эвакуациялау жүрді. АҚШ, Австралия, Канада және Еуропа елдерінен Ұлыбритания, Францияға, Бельгияға қоныс аударды. КСРО-ның соғыс болған аймақтарынан Орталық Азия мемлекеттеріне эвакуацияланды. КСРО-ның шығыс аудандарындағы халық саны 25 млн. адамға көбейді.

КСРО және Польша, Чехословакия, Болгария, Румыния, Венгрия және Югославия, Югославия және Италия арасында этникалық топтарының көші-қон саясаты жүрді. 1950–1961 жж. Болгарияның түркі тілдес халықтары Түркияға қоныс аударды, ал Түркиядың болгар этникалық тобы өз отанына қайтты. Сондай-ақ, соғыс жылдарынан кейін Оңтүстік Батыс Азиядан, Солтүстік Африкадан, Оңтүстік Еуропадан ондаған мың армян Армения республикасына қайтып оралды.

Германия мемлекетінің екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңілісінен кейін 10 млн. неміс Польшадан, Чехословакиядан өз Отанына қайтарылды. Ал Польшаға 5 млн. поляк, Чехословакияға 2 млн. 300 мың чех келіп қоныстанды. 1945–1947 жылдардан 1956 жылға дейін Қытай және Кореядан Жапонияға жапондардың жаппай қайтып оралуы жүрді. Британ империясының бұрынғы отарлары Үндістан мен Пәкістан егемендік алғаннан кейін, Бангладеш Пәкістаннан бөлініп шықты. Сол себепті Пәкістан мен Үндістан арасында 18 млн. мұсылмандар мен индустар арасында қоныс аудару жүрді.

Таяу Шығыста да миграциялық қозғалыс елеулі болды. 1948 ж. Израиль мемлекеті құрылғаннан кейінгі 4 жыл ішінде бұл мемлекетке 700 мыңдан астам еврей Еуропадан, Азия және Африканың араб мемлекеттерінен келіп қоныстанды. 1948 ж. Араб-Израиль соғысы әсерінен 730 мыңға жуық араб Израильдан және арабтар шапқыншылық жасаған жерлерден қашып шығып, көрші мемлекеттерде қоныс-танды. АҚШ, Канада, Австралия, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Американың кейбір мемлекеттеріне эми-гранттар легінің ағылуына байланысты қоныстанушыларды шектеуге заң қабылданды. Заң түріндегі шектеулерге қарамастан бұл мемлекеттерге эмигранттардың келуі басым болды. Елде жұмыссыздық көбейді. Еуропа елдерінен 1921–1930 жж. 5 млн. 900 мың адам эмиграцияланса, 1931–1939 жж. 1 млн. 200 мың адам ғана, соғыс жылдарынан кейін 11 мың адам қоныс аударды. Еуропа эмигранттарының негізгі тобы Америкаға қоныстанды. 1946–1982 жж. Германия, Ұлыбритания, Италиядан АҚШ-қа 3 млн. 300 мың адам қоныстанса, Канадаға Ұлыбритания, Италия, Германия, Нидерландиядан – 2 млн.-н астам адам, Аргентинаға Италия мен Испаниядан 1 млн. адам, Бразилияға Португалия, Испания, Италиядан 800 мың адам, Венесуэллаға Италия, Испаниядан 500 мың адам қоныстанды.

1946–1982 жылдары Австралияға Еуропадан 1 млн. 700 мың адам, Жаңа Зеландияға Еуропадан 260 мың адам қоныс аударған.

Вест-Индиядан мулаттар мен негрлер, Батыс Африка елдеріндегі негрлер, Ұлыбританияның бұрынғы отар жерлеріндегі үнділер мен т.б. топтар Батыс Африкадан арабтар Францияға қарай эмиграцияланса, Ұлыбритания,

Нидерланды және ФРГ-дан иммигранттар Оңтүстік Африка республикасына экономикалық саясатпен келді. Азия елдерінен жапондар, қытайлар, индоазиялықтар, филиппиндер АҚШ-қа қарай қоныстанды.

Софыс жылдарынан кейінгі саяси өзгерістерге байланысты Еуропа елдерінен кеткен иммигранттар орны, сол елге келген қандастары есебінен толыға тұсті. Мысалы, Улы-британияға Үндістан, Пакистан және басқа отар мемлекеттердегі ағылшындар өз отанына қайтып оралды. Индонезиядан голландықтар Голландияға, Алжир мен Мароккадан француздар Францияға, Эфиопиядан, Ливиядан, Африканың басқа да мемлекеттерінен итальяндықтар Италияға, Ангола, Мозамбиктен, Гвиней-Бисаудан португалдықтар Португалияға оралды.

Фылыми-техникалық революция да халық қозғалысын қарқындағатты. АҚШ-та қоныстандыру саясатының жана түрі пайда болды. Жоғарғы дәрежелі мамандарды (ғалымдар, білікті техниктер) жоспарлы түрде қоныстандырыды. Тіпті бұл саясаттың негізі 1930 жылдардан басталды. 1960 жылдан бастап 1980 жылға дейін дамушы елдерден АҚШ, Канада, Улыбританияға 300 мыңдан астам жоғарғы квалификациялы мамандар саясатпен қоныс аударылды. Бұл саясат Азия, Африка интеллигенция күштеріне көрі әсерін тигізді.

1960-80 жылдары бұрынғы ФРГ, Франция, Бельгия, Швеция сияқты Батыс және Солтүстік Еуропаның мемлекеттері миграция мемлекеттері ретінде танылды. Бұл мемлекеттерге келген мамандығы жоқ жұмысшылар санының өзі 10-14 млн. адамға жеткен. Бұл мемлекеттерге Италия, Греция, Югославия, Испания, Португалия, тіпті Түркиядан да иммигранттар келіп жатты. Олардың көбі аталған мемлекеттерде жұмыс істеу мақсатымен келгендер. 1980 ж. басында бұрынғы ФРГ мемлекетінде 4,5 млн. иммигрант тұрған (олардың көбі Түркия, Италия, Югославия, Греция), Францияда – 4 млн. (Италия, Испания, Португалиядан), Швецияда 1 млн. астам (олардың негізгі басым бөлігі итальяндықтар).

Континентаралық миграция негізінен Африка мемлекеттеріне тән, себебі Африканың көптеген мемлекеттерінде рассалық басыну, саяси кудалау нәтижесінде қашқындар мен босқындар көп.

АҚШ-та мерзімдік мексикандық иммигранттар саны жылына 1 млн. адамға жетіп отырады. Мерзімді иммигранттар ауышаруашылық науқаны кезінде келеді.

Мерзімдік иммигранттардың бір бөлігі түпкілікті тұрғын болып қалады. АҚШ-тың арзанқол жұмысшылар санын пүэрторикандықтар толықтыраған. Олардың көбі Нью-Йорк және т.б. басқа қалаларға жұмыс іздеп келгендер. 1975 жылдан 1980 жылға дейін АҚШ-тағы испандық иммигранттар саны 11,5 млн.-нан 14,6 млн.-ға дейін жеткен.

1970 жылдарда АҚШ-тағы иммигранттардың 85-95%-ы еуропалық иммигранттар болған. Ал 1950-1970 жылдар арасында АҚШ-та еуропалық иммигранттар саны 34,2%-ды, Американың басқа мемлекеттерінен келген иммигранттар 42,1%-ды, азиялық иммигранттар 21,0%-ды құраған еді.

Экономикасы төмен дамыған елдерде иммиграция көрсеткіші де төмен болады. Мысалы, Оңтүстік Африка Республикасы, Зимбабве, Гана, Піл сүйегі жағалауы мемлекеті және Суданға көрші Африка мемлекеттерінен уақытша қоныстануға 2 млн. иммигранттар келеді. Жалпы Африка мемлекетінде иммигранттар саны 6 млн.-дайға нала.

Оңтүстік Батыс Азиядағы Араб мемлекеттеріне Ливаннан, Сириядан, Оңтүстік Азиядан мұнай өндіру жұмыстарына келеді.

### 3.2 Қазақстандағы миграциялық ағымдар

Қазақ халқының ежелгі замандардан бері келе жатқан көшпелі, жартылай көшпелі тұрмыс-тіршілігі, мал шаруашылығының дамуына байланысты жайылым жаңғыртып отыруы, жазда жайлауға, қыста қыстауға көшіп-қонуы, қазақ жерінде маусымдық көші-қонның дамығандығын көрсетеді.

X V – X VIII ғасырларда казақ халқы түрлі шапқыншылықтарды басынан өткерді, “ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға” ұшырап, атамекенінен үдерес көшіп, мәжбүрлікten көрші елдерге қоныс аударды. XIX ғ.-дың 2-жартысы XX ғ.-дың басында Ресей империясының отарлау саясатымен қазақ жеріне орыс қоныстанушылардың келуі артты. XVIII–XIX ғғ. қазақ халқының патшалық отаршылдыққа қарсы

Ұлт-азаттық қозғалыстары, 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық және Қазан төңкөрістері, Қазақстанда Кеңес екіметтің орнауы, 1918–1920 жылдардағы азамат соғысы, 1920–1921 жылдардағы ашаршылық, ұжымдастыру т.б. кеңестік саясаттар Қазақстан жеріндегі көші-қонның саяси себептері еді. Бұл кезеңдерде талай қазақтар қанды қырғын мен аштықтан бас сауғалап, атамекенінен аяу көشتі. 1928–1930 жж. бай-кулак ретінде төркіленген ауқаттылар атамекенінен аластатылып, жер аударылды.

Қазақстан аумағы кеңестік империяның басқа аймақтарынан жер аударылған шаруалардың, саяси тұтқындардың мекенине айналды. Жаппай күштеп ұжымдастыру кезеңінде қазақтарға қарсы геноцидтік саясаттың жүргізілуі салдарынан қазақ халқы ашаршылыққа ұшырап, қырылған зұлмат жылдарда (1931–1933 жж.) 1 млн.-нан астам қазақ ата жұртынан ауып кетті, олардың 616 мың тарихи отанына қайтып оралмады. Олар басқа шет мемлекеттердің қазақ диаспорасын құрады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары (1939–1945) тұтқындалған, Еуропа елдеріндегі Қарсыласу соғыстарына қатысқан, Түркістан легионында болған көптеген қандастарымыз шет мемлекеттерде қалып қойды.

1937 жылдың күзінен тоталитарлық саясаттың құрбанына айналған тұтас халықтар өз жұртынан қазақ жеріне күштеп көшірілді. Атап айтқанда, 1937 ж. Қазақстанға Маньчжурия өлкесінен 102 мың корей қоныс аударуға мәжбүр болды. 1938–1944 жж. қазақ жеріне Кавказдан чечендер, ингуштар, балкарлар, қарашибайлар, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан қырым татарлары, месхед-туріктер, поляктар, болгарлар, құрдтер, Еділ бойынан немістер, 1947–1952 ж. мыңдаған латыштар, эстондар, батыс украиндар қазақ жеріне депортацияланып, түпкілікті қоныстандырылды. 1953 ж. еврейлер, абхаздар жер аударылды. 1953–1955 жж. тың игеру деген желеумен Қазақстан жеріне өзге ұлттардың миллиондаған өкілдері көшіп келді. Сөйтіп, кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарынан байырғы ұлт – қазақ халқы өз жерінде азшылыққа ұшырап, Қазақстан 130-дан астам этникалық топ өкілдері тұратын “интернационалдық” мекенге айналды. Ал 5 млн.-нан астам қазақ диаспорасы шет жерде мекендеді. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізіп, егеменді елге айналған XX ғ.-дың 90-жылдарынан бастап

соңғы он бес жыл ішінде көші-қон жаңаша сипат алды.

Қазақстан Республикасының 1992 ж. 26 маусымда қабылданған “Көшіп келу туралы” және 1997 ж. 13 желтоқсанда қабылданған “Халықтың көші-қоны туралы” заңдары көші-қон саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп, көші-қон үдерістерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгіледі. Сөйтіп, езінің тарихи отанына қайтып оралатын адамдар мен отбасылар үшін жаңа жерде қажетті тіршілік жағдайларын жасау мәселесін мемлекеттік тұргыда шешу ісі қолға алынды. Осыған орай Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры сияқты мемлекеттік және беймемлекеттік мекемелер құрылды, шет жүрттан атажүрттына көшіп келетін оралмандарға жыл сайын өсіп отыратын квота белгіленіп, олардың белгіленген аймақтарға коныс теуіп жайфасуы үшін мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден қаржы болініп тұратын болды. Сондай-ақ, Қазақстанға мәжбүрлі жағдайда көшіп келіп, тұрақтап қалған көптеген ұлт өкілдері өздерінін атажүрттына көшіп баруға мүмкіндік алды.

Қазақстанда соңғы жылдары еңбек көші-қоны да өсуде. 2005 жылдың бірінші жартысында Қазақстан Республикасына 11298 шетел мамандары келген, бұл былтырғы жылдың тиісті көрсеткішінен шамамен 5 мың адамға артық. Шетелдік жұмыс күшін пайдалану аясы негізінен құрылыш (2005 жылдың бірінші жарты жылдығындағы есеп бойынша 53%), ауылшаруашылығы (17%), тау-кен өндірісі (13,3 %) болып табылады.

*Көші-қон квотасы, көші-қон үлестемесі* дегеніміз атажүртқа көшіп келуші шетжүрттық қазақтардың Қазақстан үкіметі белгілеген жыл сайынғы мөлшерлі саны. Тұрлі себептермен шет жерлерде 5 млн.-дай этникалық қазақ тұрады. Қазақ диаспорасының тарихи отанына қайтып оралуы мәселесі өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап үкімет деңгейінде шешіле бастады. Содан бері қазақтарды шетелдерден бірте-бірте қайтарудың мемлекеттік бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылып келеді.

1991 ж. 18 қарашада ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің шешіміне сәйкес Республиканың Министрлер Кабинеті “Ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші байырғы

ұлт адамдарының басқа республикалардан және шетелдерден Қазақ КСР-ына көшіп келуі тәртібі мен шарттары туралы” қаулы қабылдады. Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған 1991 ж. желтоқсаннан кейін қазақ диаспорасының көші-қоны мәселесін шешуде жаңа кезең басталды. 1992 ж. 26 маусымда “Көшіп келу туралы” Қазақстан Республикасының заңы қабылданды. 1993 ж. 15 сәуірде республика президенті “Көші-қон квотасы және Иран-Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден отандастарымыздың көшіп келуін үйлемдастыру жөніндегі шаралар туралы” қаулыға кол қойды. Бұл шараларды мемлекет тарарапынан бақылау үшін республикада 1997 ж. Көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылды.

1997 ж. 13 желтоқсанда қабылданған “Халықтың көші-қоны туралы” заңы Қазақстанда көшіп келу саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, көші-қон процестерінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін, сондай-ақ өзінің тарихи отанына қайтып оралған адамдар мен отбасылар үшін жаңа жерде тұрмыс жағдайларын жасап, тіршілікке бейімделу жолдарын айқындағы. Осы заң негізінде үкімет көшіп келушілерге жан-жақты көмек көрсету, қамқорлық жасау шараларын белгіледі. 1991 жылдан 2000 жылға дейінгі кезең аралығында Қазақстанға 41 мың отбасы көшіп келді, олардағы жан басы 176 мыңға жуық, соның ішінде Монголиядан 63,5 мың, Ираннан 4,8 мың, Түркиядан 2,4 мың, ТМД елдерінен 103 мыңдай адам келді.

1993 жылы иммиграция квотасы 10 мың отбасы болса, 1994 жылы – 7 мың, 1995 жылы – 5 мың, 1996 жылы – 4 мың, 1997 жылы – 2,2 мың, 1998 жылы – 3 мың, 1999 – 2000 жылдары – 500, 2001 жылы – 600 отбасын құраған. Бұл көрсеткіш 1993 жылға қарағанда 2001 жылы көші-қон квотасының 10 есеге дейін қысқарғанын аңғартады. Кейінгі жылдары көші-қон квотасының мөлшері қөбейіп, жоғарғы қарқын алуда. Кейінгі уақытта Қазақстан үкімет белгілеген көші-қон саясатына сәйкес көші-қонның оң сальдосына қол жеткізді. 2004 жылы 10 мың отбасына, 2005 жылы 15 мың отбасына квота бөлінген. 2005 жылдың бірінші тоқсанында Қазақстан үшін ол 14 148 адам болды. Елімізге 37 853 адам келді. 2006 жылғы қантар-шілде айларында ТМД елдерімен арасындағы оң көші-қон сальдосы – 17825 болды. Бұл ретте

ТМД елдерінен жалпы келгендер санының 60% Өзбекстаннан оралғандар.

1991 жылдан бастап 2005 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезенде Қазақстан Республикасына барлығы 110 591 оралмандар отбасы (433 101 адам) келді. Квотадан тыс көшіп келушілер де көп. Мысалы, 1999 жылы Қазақстанға көшіп келген 2668 отбасының 280-і квотамен, 2388-і квотадан тыс, 2000 жылы көшіп келген 5490 отбасының 458-і квотамен, 5032-і квотадан тыс келгендер. 2005 жылдың бірінші жарты жылдығында оралмандар иммиграциясының квотасына 12 666 отбасы – жақын және алыс шетелдерден 73 507 адам енген, олармен қатар квотадан тыс тағы 3 000 отбасы келген. Қазақ репатрианттары иммиграциясының квотасының пайызға шаққандағы қозғалысы келесідей: 1993 жылы – 66,6%, 1996 жылы – 63,6%, 1997 жылы – 56%, 1998 жылы – 53,4%.

Демография және миграция агенттігінің мәліметі бойынша 1991 – 2000 жылдар аралығында республикамызға 42 387 қазақ отбасы немесе 183 652 оралман көшіп келген. Олардың 60%-ы ТМД елдерінен келгендер: Өзбекстаннан – 62 737 адам, Түркмениядан – 22 055 адам, Тәжікстаннан – 10 476 адам, Ресейден – 8490 адам және т.б. Шетелдерден келген репатрианттарға келер болсақ Монголиядан – 65 202 адам, Ираннан – 5030 адам, Туркиядан – 3780 адам, Ауғанстаннан – 1719 адам, Қытайдан – 2214 адам, Пәкістаннан – 1102 адам, Сауд Аравиясынан – 81 адам және т.б. 1991–2000 жылдар аралығында көшіп келген 42 387 отбасының 20 289-ы 1993–2000 жылдарға негізделген квота бойынша келгендер. Осы жылдар аралығында Монголиядан келген қазақ репатрианттар шетелден келген репатрианттардың 80%-н құрады. 1991–2000 жылдар аралығында тек Монголиядан 33 887 отбасы келсе, тек 2000 жылы Монголиядан 54 090 отбасы квотадан тыс көшіп келген.

Мемлекеттік көші-қон квотасының жобасы бойынша қазіргі кезде орта есеппен 20 000 отбасын көшіріп әкелу көзделген. Атажұртына қайтып оралған оралмандар түрғын үйге, жұмысқа орналасуға, республика азаматтығын алуға, тіршілік жағдайына бейімделуге, жерсінуге байланысты түрлі қыындықтарға тап болуда. Мемлекеттік көшіп келушілердің жерсінүү процесін жақсарту үшін түрлі шаралар қолданып отыр. Көші-қон квотасы бойынша көшіп келген оралмандардың

жол қаражаты, үй жүктөрін тасымалдау шығыны төленеді, отбастарына тұрғын үй беріліп, әркімге бір мәрте арнайы әлеуметтік көмек көрсетілуде. 1991–1996 көшіп келген 12,5 мың қазақ отбасы немесе 62126 адам облыстар бойынша келесідегідей қоныстандырылды: Қарағанды облысына – 1922, Талдықорған облысына – 1676, Павлодар облысына – 1343, Көкшетау облысына – 1174, Семей облысына – 1151 отбасы.

1991–2001 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының оралған оралмандар отбасы мен олардың Қазақстан қалаларына қоныстануы келесідегідей: Алматы қ. – 2369, Астана қ. – 1883, Оңтүстік Қазақстан – 61232, Маңғыстау – 33710, Солтүстік Қазақстан – 4817, Павлодар – 10389, Қостанай – 2679, Қызылорда – 3434, Қарағанды – 16401, Жамбыл – 18920, Батыс Қазақстан – 1023, Шығыс Қазақстан – 12846, Атырау – 1054, Алматы – 25185, Ақтөбе – 2964, Ақмола – 15473. Жалпы 1992 – 2003 жылдары Қазақстанға 79,2 мың отбасы немесе 307,4 мың оралман қоныс аударып, олардың 38,7 мыны – Алматы облысына, 25,5 мыны – Жамбыл облысына, 47,7 мыны – Маңғыстау облысына, 96,1 мыны – Оңтүстік Қазақстан облысына орналасты.

Республикамызға көшіп келушілер қатарын тек қана қазақтарға емес, басқа үлт өкілдері де құрайды. Олардың 50-55%-ы қазақтар, 24-27%-ы орыстар, 2-3%-ы украин, татар, өзбектердің үлесінде.

Көші-қон тәртібі зандық жоба арқылы жүзеге асырылады. Зандық жоба арқылы уақытша немесе тұракты мекендеу жөне еңбек ету үшін ел ішіне, ел аумағына шетел азаматтарының көшіп келуін, сондай-ақ ел аумағынан басқа мемлекетке қоныс аударатын азаматтардың көшіп-қонын реттейді.

ҚР көші-қон тәртібі 1997 ж. 13 желтоқсанда қабылданған “Халықтың көші-қоны туралы” Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес (9-бап) белгіленген. Көші-қон тәртібін белгілейтін нормативтік-құқықтық актіде келесідегідей мәселелер айқындалған: көшіп келушілердің шектік саны анықталған; көшіп кетушілердің қоныс аударатын елдері көрсетілген; көшіп келушілерді қабылдау, жайғастыру, жерсіндіру үшін қолданатын қажетті шаралар, олар қоныс тебуге тиіс аймақтар, тағайындалған жәрдемақылар көрсетілген; оралмандар мен қайтып келушілерге арналған

женілдіктер жүйесі жасалған.

ҚР үкіметі мемлекет ішіндегі еңбек рыногін қорғау мақсатымен ел аумағында еңбек етуге тартылатын шетелдік жұмыс күшіне жыл сайын үlesteme белгілеп отырады. Орталық атқарушы орган жұмыс берушілерге белгіленген үlesteme шегінде шетелден жұмыс күшін тартуға рұқсат, яғни лицензия береді. Лицензия жасалған келісімшарттың (еңбек шартының) қолданылу мерзіміне орай беріледі.

Көші-қон тәртібін реттеумен айналысатын өкілетті орган өз құзыреті шегінде елдегі көші-қон процесіне талдау жасап, болжап отыруға және мұны республика Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарға хабарлауға, көші-қон мәселелері бойынша бағдарламалық шараптар мен нормативтік актілерді өзірлеп, іске асыруға міндетті. Жергілікті атқарушы органдар әр жылдың 1 қыркүйегіне дейін орталық ат-қарушы органға жұмыс берушілердің алдағы жылы елде жұмыс істеуге шетелдік жұмыс күшін тарту қажеттігі туралы негіздемені ұсынады. Мысалы, 1999 жылы шетелден жұмыс күшіне тартылған мамандардың 53,1%-н Түркия, 9,5%-н Венгрия, 6,7%-н Англия, 5,3%-н Ресей, 3,6%-н АҚШ, 2,6%-н Қытай, 19,3%-н басқа елдер азаматтары құраған. Осы жылы құрылым мекемелеріне 6500, өнеркәсіп орындарына 2500, қызмет көрсету орындарына 2000, басқа әртүрлі орындарға 500 шетелдік кәсіби мамандар тартылған.

Көшіп-қонушылардың ағымдағы есебі ішкі істер органдарына жүктелген, олар көшіп келушілерді тұрган орны бойынша тіркеуге алады. Босқындардың құқықтық мәртебесін анықтау және олардың құқықтық түрғыдан қорғалуы үшін “Босқындардың мәртебесі туралы” БҮҮ-ның 1951 ж. конвенциясын ҚР Парламенті 1998 ж. “Босқындар мәртебесі туралы” конвенцияға және босқындардың мәртебесіне қатысты хаттамаға Қазақстан Республикасының қосылуы туралы” заң қабылданды.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматының ел аумағынан тыс жерлерге кетуге және елге кедергісіз қайтып келуге құқы бар. Қазақстан Республикасының кей азаматына “Мемлекеттік құпиялар туралы” ҚР заңының 32-бабына сәйкес ел аумағынан сыртқа кетуіне уақытша рұқсат етілмеуі мүмкін. Бұл жөнінде занда белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады. Сондай-ақ “Қазақстан Республикасының

ұлттық қауіпсіздігі туралы” ҚР заңының 22-бабына сәйкес лауазымдық жағдайына байланысты мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге қолы жететін адамдардың елден тыс-қары жерлерде 5 жыл бойына тұрақты тұруына тыйым салынады.

1970 жылдың басында жыл сайынғы көрі миграциялық өсім 30-40 мың болса, 1989 жылы 100 мың адамға жеткен, 90-жылдардың басында Қазақстаннан (республикааралық және халықаралық) 130 мың адам көшіп кеткен. Олардың жарты бөлігін орыстар мен украиндар құраса, 10%-н белорустар, қалғанын немістер, гректер, еврейлер, т.б. үлттар құрайды. 90-шы жылдардың ортасына қарай Германияға немістердің қоныс аударуының көбеюі мен республикадан көшетін немістердің орташа үлесі 40%-ды құраса, республикадан кететін орыстар 53%-дан 40%-ға төмендеді.

1989 жылғы жаздағы Жанаөзен оқиғасы бүкіл Маңғыстау тубегін қамтыды. Бұл жерде жергілікті тұрғындар мен Солтүстік Кавказдан келген тау халықтарының (лезгиндер, чечендер, ингуштер, әзербайжандар) арасындағы үлтаралық шиеленіс 9 мың таулықтың кетуіне себеп болады.

1990 жылдары жалпы көші-қонның қүшесінде жекешелендіру мен нарықтық экономиканың салдарынан әлеуметтік, демократиялық, экономикалық жағдайлардың шиеленісіү немесе шешілүіне байланысты болды. Нарықтық қатынасқа көшкен отпелі кезеңде ауыл тұрғындарының хал-ахуалының нашарлауы (дер кезінде жалақы бермеуі, өндіріс заттары, азық-түліктің, киімнің жетіспеуі), қала тұрғындарының дағдарысқа үшірауы (турғын үйлерді жекешелендіру, оның иесіз қалуы, су, электр, пәтеракылардың өсуі, онымен жалақының сәйкесіздігі) байқалды. 1989 – 1990 жылдары Солтүстік және Орталық Қазақстандағы ауылдық жердегі шығыс славян халықтарының негізгі бөлігі облыс орталықтары мен аудан орталықтарына орналасты. Немістер тәрізді поляктар да жаптай өз Отанына қоныс аударды.

1989 жылы барлық этникалық топтар сан жағынан недәүір өсken. Қазақ, үйғыр, өзбектердің орташа үлес салмағы өссе, орыс, неміс, татар, белорус, украиндардың үлесі (0,7%) кеміген.

КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанда тұратын этникалық топтар арасында көші-қон жоғарғы қарқынмен жүрді десе

болады. Олардың көбі өздерінің тарихи Отанына қайтып орала бастады. Әсіреке өндіріс жасындағылар арасында көшу көрсеткіші жоғары. Эмигранттардың басты бағыты ТМД елдері болып табылады. Көші-қонның жоғары көрсеткіші 1994 жылға сәйкес келеді. Бұл жылы Қазақстанда тұратын этностардың 480 мыңы қошіп кетті.

Олардың негізгі тобы жақын шетелдерге – Ресейге, Украинаға, Орта Азия республикаларына, ал алдын шетелдерден Германияға, Израильға, Грецияға қайтып оралғандар. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі этностар арасындағы қоші-қон еліміздің этникалық құрамының өзгеруіне үлкен әсер етті. 1990 жылдардың басында Қазақстанның еуропалық түрғындары халықтың төң жартысын құраса, 2000-шы жылдары елімізде шығыс халықтарының үлес салмағы басым болып, 60%-н құрады. Оның 53,4%-ы қазақтардың үлес салмағында болды.

2000-шы жылдары еліміздегі қазақтар саны 22,9% өсті, күрдттер саны 29,1%, дүнгендер саны 23,3%, үйғырлар саны 15,9%, өзбектер саны 12%-ға өсті. Керісінше, ұлттардың өз тарихи Отанына оралуы себепті, қазақстандық гректер саны 72,5%-ға, лезгиндер – 66,6%-ға, немістер – 62,7%-ға, түрікмендер – 53,5%-ға, украиндар – 37,5%-ға, орыстар – 26,1%-ға қысқарды.

1991 мен 2002 жылдар аралығындағы 10 жылда миграциялық ағымнан Қазақстан 2 миллион хал-қын жоғалтты. Бірақ жыл сайынғы миграция сальdosы азаюда. *Реэмигранттардың да, яғни қошіп кетіп қайтып келушілер саны да өсуде.* 2001 жылы республикамызға Ресейге қошіп кеткен 50 мыңнан аса орыс, 5 мың неміс, 8 мың украин қайтып оралды. Қошіп кетушілердің негізгі деңін жақын шетелдерге оралушылар. Бұл мемлекеттерге жалпы эмигранттардың 77 %-ы кеткен.

## Қазақстандағы миграциялық ағым (2001 ж.)

7-кесте

Облыстар	Келушілер	Кетушілер	Миграция сальдосы
Қазақстан	308 572	402 821	-94249
Ақмола	15 681	47 456	-31775
Ақтөбе	12 556	7 346	-4790
Алматы	25 291	3 501	-9910
Атырау	4 471	4 685	-214
Батыс Қазақстан	16 046	18 556	-2520
Жамбыл	14 784	24 553	-9769
Қарағанды	21 312	41 310	-19998
Қостанай	20 713	44 259	-23546
Қызылорда	4 527	9 714	-5187
Манғыстау	13 416	8 096	+5320
Оңтүстік Қазақстан	13 106	20 343	-7237
Павлодар	17 149	31 741	-14592
Солтүстік Қазақстан	9 707	1 991	-10212
Шығыс Қазақстан	27 960	42 723	14763
Астана қ.	62 134	10 911	+51223
Алматы қ.	29 719	25 998	+3721

## ТМД елдері арасындағы миграция (2001 ж.)

8-кесте

Мемлекеттер	Келгендер	Кеткендер	Миг. сальдысы +,-
1	2	3	4
Қазақстан	46 044	102 375	-56331
Әзербайжан	251	134	117
Армения	85	28	57
Белоруссия	387	2353	-1966

1	2	3	4
Қыргызстан	2092	561	1531
Молдавия	88	75	13
Ресей	22 496	96 217	-73721
Тәжікстан	425	46	397
Түркменстан	2962	49	2913
Өзбекстан	16 029	1042	14 987
Украина	1134	1826	-692
Грузия	95	44	51

**Қазақстанның халықаралық көші-қон барысы  
(1991-2001 жж.)**

9-кесте

Жылдар	Көшіп келушілер	Көшіп кетушілер
1991	170 787	228 73
1992	161 499	317 760
1993	111 082	331 007
1994	70 739	477 068
1995	71 137	309 632
1996	53 874	229 412
1997	38 067	299 455
1998	40 624	243 663
1999	35 425	162 064
2000	316 879	156 800
2001	49 300	143 600

## Мигранттардың ұлттық құрамы (2001 ж.)

10-кесте

	Келушілер	Кетушілер	Миграция сальдосы (+ -)
Қазақстан	308 572	402 821	-94249
Қазақтар	178 48	162 118	16030
Орыстар	50 512	118 162	-67650
Украиндар	8 104	17 803	-11875
Белорустар	1 312	3 213	-1901
Өзбектер	1 635	1 320	315
Грузиндер	124	133	-9
Әзербайжандар	969	991	-22
Литовтықтар	89	187	-98
Молдавандар	324	590	-266
Латыштар	32	61	-29
Қырғыздар	447	206	241
Тәжіктер	311	142	169
Армяндар	250	393	-143
Түркмендер	51	50	1
Эстондар	36	115	-79
Татарлар	3 465	5 899	-2434
Еврейлер	73	334	-261
Немістер	5 364	33 978	-28614
Гректер	253	206	47
Дүнгендер	253	206	47
Қытайлар	153	68	85
Корейлер	2 480	2 575	-95
Поляктар	676	1 487	-811
Түріктер	493	285	208
Басқалар	5 308	5 229	719

Соңғы жылдарда халықаралық миграцияның ағымы жоғарғы қарқынмен жүргүде. Бұл процесс Қазақстан өз тәуелсіздігін алуынан кейінгі болып жатқан саяси-әлеуметтік,

экономикалық өзгерістер мен қарқындауларға да байланысты. 2000 жылғы мәлімет бойынша, осы жылы Қазақстаннан көшіп кетушілердің 70%-ы Ресейге, 23%-ы Германияға, 1%-ы Орталық Азияға, 1%-ы Украинаға, 1%-ы Израильға, 4%-ы басқа елдерге қоныс аударған. Ал 2000 жылы Қазақстанға көшіп келушілерді саралайтын болсак, олардың 57,5%-ы Ресейден, 30,4%-ы Орталық Азиядан, 3,4%-ы Украинадан, 1,6%-ы Германиядан, 0,2%-ы Израильдан, 6,8%-ы басқа елдерден қоныс аударған.

Сонғы жылдардағы республикамыздың экономикасының тұрақты дамуына байланысты миграцияның көрі сальдосы азая бастады. 2003 жылдың алғашқы жеті айында Қазақстаннан шетелге 203384 адам түпкілікті көшіп кетсе, мемлекеттің 194809 адам түпкілікті көшіп келген, яғни көрі сальдо 8575 адамды құраған. Дегенменде, 1992–1999 жылдар аралығына қарағанда көрі сальдо көрсеткішінің төмендегені белгілі, жалпы, 1998 жылды миграцияның көрі сальдосы 203 мың адам, 2003 жылды 9,1 мың адам болды.

Қазақстанның қазіргі миграциялық жағдайындағы өзекті мәселенің бірі “босқындар мәселесі” болып табылады.

Қазақстандағы миграциялық системасында босқындарды тіркеу мен оларға бақылау жасау қызметі 1998 жылдан қолға алынды. Босқындар мәселесіндегі қызметтер 1951 жылы қабылданған Босқындар статусы жайындағы конвенция мен 1967 жылғы протоколға сәйкес жузеге асырылады. 1998 жылдан бері Аймақтық миграция басқармасына әлемнің 11 елінен 2 мыңға жуық адам тіркеліп, олардың 1093-і “босқын” ретінде танылды.

1999 жылдан бастап БҮҮ-ның Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Бас комиссариатының қатысуымен және Тәжікстан Республикасының миграциялық қызмет басқармасымен біріге отырып, тәжік босқындарды депатриациялау бағдарламасы жасалды. Осы бағдарлама нәтижесінде 1999–2002 жылдар аралығында 2359 тәжік өз Отанына қайтарылды, соның ішінде 2002 жылы 638 тәжік қайтарылды. Миграция және демография агенттігінің аймақтық қызметінің бақылаушылары кейін олардың көвшілігінің Қазақстанға қайтып оралғандығын анықтаған.

2003 жылы Миграция және демография агенттігі БҮҮ-ның Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Бас комиссариатымен

келісе отырып, ауғанстандық 70 азаматты “босқын” ретінде танып, республикамызда уақытша тұруға қабылдады. 2003 жылы елімізде 662 заңды тіркелген ауғандық “босқын” болды. Олардың 262-і балалар, 134-і әйелдер, 248-і ерлер. Босқындардың 88% Алматыда, қалғандары Оңтүстік Қазақстан облысында болды. “Босқын” мөртебесі бір жылға беріліп, одан кейін қайта қаралады.

1999–2002 жылдар аралығында Миграция және демография агенттігі БҮҮ-ның Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Бас комиссариаты және Қызыл жарты ай қоғамының қатысуымен 600-ден астам босқынға 25 мың доллар көлемінде материалдық, 200-ден астам босқынға 11 мың доллар көлемінде қаржылай көмек, 9 мың доллар көлемінде медициналық көмек көрсетілген. Республикалық балалар қоры 29 мың доллар қаржы көлемінде босқындар балаларына гуманитарлық көмек көрсеткен.

Қазақстандағы босқындар мәселесі “Тұрғындар миграциясы” заңына сәйкес, 1995 жылы 19 маусымда қабылданған “ҚР-ғы шетелдік азаматтардың құқығы жөніндегі” заңға сәйкес реттеліп отырады.

2003 жылғы мәлімет бойынша, Қазақстанда 2350 ауғанстандық, 12000 чечнялық, 4000 тәжікстандық босқын тіркелген.

*Көші-қон коэффициенті* шетел азаматтарының ел аумағында еңбекке қатысу көрсеткішін анықтайды. Экономикалық белсенді халықтың санына қатысты пайыздық арасалмақ түрінде айқындалады. Көші-қон коэффициенті шетел азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына жұмыс істеу үшін келуін реттеу және мемлекет пен экономика мұдделерін үйлестіру мақсатында үкімет қаулысымен жыл сайын белгіленіп отырады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жергілікті атқарушы билік органдарымен бірлесіп, ішкі еңбек рыногын қорғау шараларын қолдануға және біліктілігі төмен шетелдік жұмыс күшінің келуіне жол бермеуге міндетті. Бекітілген коэффициент жұмыс берушілерге жалданған шетел азаматтарын республика аумағында еңбекке тарту үлестемесінің негізін айқынрайды. Үлестеме саны мемлекеттің өкілетті органдарының белгілеуімен облыстарда, Алматы және Астана қалалары бойынша және кәсіп топтарына қарай

бөлінеді. Көші-қон көлемінің көрсеткіші әртүрлі (аумақтық, уақыттық, әлеуметтік-демографиялық мақсатты) белгілері бойынша бөлініп, топтастырылуы мүмкін.

Көші-қон қарқындылығының көрсеткіштері тұтастай халықтың белгілі бір кезеңде тұратын орнын жиі ауыстыру жағдаймен сипатталады. Көбінесе, бір жылға есептегенде 1000 тұрғынның көші-қон қарқындылығының жалпы коэффициенті пайдаланылады. Қарқындылық коэффициентінде келгені, кеткені, көші-қон өсімі, сондай-ақ халықтың жас ерекшелігі, жынысы, үлтү т.б. есептелуі мүмкін.

### **Сұрақтар:**

1. Миграциялық ағымдардың түрлері қалай ажыратылады?
2. Ұлы географиялық ашуладардың тарихи миграцияға әсері.
3. ҚР мигранттарының этникалық құрамы қандай?
4. ТМД елдері арасындағы миграция бағыты қандай болды?
5. Көші-қон квотасының тәртібі және Көші-қон қарқындылығының коэффициенті қарқындылығы барысы.

### **Әдебиет:**

1. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы. А., 2001. 109-110-бб.
2. Проблема беженцев нелегальных мигрантов и трафика // Центральная Азия и Кавказ. №5 (35) 2004. 197 - 200-бб.
3. Миграция населения Республики Казахстан за январь-декабрь 2000 года. Агентство Республики Казахстан по статистике. Алматы. 2001. 78-102-бб.
4. Медков В.М. Демография. Ростов-на-Дону, 2003.
5. Шелестов Д.К. Демография: история и современность. М., 1983.

## **§4. ДҮНИЕЖҰЗІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРНАЛАСУ ТЫҒЫЗДЫҒЫ**

Адамзат баласы өзінің тарихында жер шарының терриориясына бірте-бірте қоныстанды. Дүниежұзінде халықтардың қоныстануы бірқалыпты емес. Кейбір аудандарда халық сирек орналасса, кей аудандарда халық тығыздығы 1  $\text{км}^2$ -ге 1000 адамнан келеді. Адамдар қоныстанбаған аймақтарға онтүстіктің поляр белдеуіне жақын орналасқан, яғни күннің ыстықтығы 78°-қа жететін, солтүстікте күннің сұрықтығы 54°-қа жететін аймақтар жатады. Тенізден 5000 м. биіктікте орналасқан Тибет және Перу таулы аудандарының кей жерлерінде де адам мұлдем тұрмайды. Сондай-ақ, Орталық және Оңтүстік Батыс Азия және Солтүстік Африканың шөлдерінде адам тұрмайды деуге болады.

Ал Еуропа, Австралия және Мұхит аралдары мемлекеттерінің 10/9 бөлігінде халық орналасқан. Африка мен Оңтүстік Американың халықтарының көпшілігі теңізден 500-1500 м. биіктікте орналасқан өнірлерде тұрады. 500-1500 м. биіктікте Африканың 34,6%, Оңтүстік Американың 27,5% жері орналасқан. Халықтың 3/2 бөлігі теңізден 1000 метр биіктікте орналасқан жерге қоныстанған мемлекеттер бар. Олар Боливия (88%), Перу, Мексика, Ауғанстан, Эфиопия елдері. Нидерланды, Польша, Франция, Жапония, АҚШ т.б. мемлекеттер тұрғындары теңізден 500 м. биіктікте тұрады. Тіпті Нидерландияның 5/2 бөлігі дамбалармен судан сактану үшін қоршалған аймақта тұрады. Жер жүзінде құрғақ аймақтарға қарағанда теңіз жағалауларына орналасқан қалаларда халық тығыздығы басым болады.

Дүниежұзі бойынша 1920 жылы 1  $\text{км}^2$  жерге халықтығызыдығы орташа есеппен 13 адамды құраған. Ал 1950 жылы 1  $\text{км}^2$  жерге 18 адамнан, 1983 ж. 34 адамнан келген. Өнеркәсібі дамыған елдерде елді мекендерде халық сирек орналасады да қала халқы тығыздығы басым болады. Халық өте тығыз орналасқан Үндістан мен Бангладеш мемлекетінде де урбанизация өте төмен қарқынмен жүреді.

Халықтың тығыздау орналасқан мемлекеттер қатарына егіншілік дамыған Ніл өзені бойындағы Африка мемлекеті, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс, Шығыс Азия мемлекеттері

жатады. Дүниежүзі бойынша халық ең тығыз қоныстанған жер Сингапурда – 6742; ең сирек қоныстанған жер Батыс Сахарада – 0,9, Монғолияда – 1,7 адамнан келеді.

Ресейде 1 км<sup>2</sup>-ге 8,5 адамнан келсе, Орта Азия мемлекеттерінде қоныстану тығыздығы әркелкі. Өзбекстанда 1 км<sup>2</sup>-ге – 57,1 адам. Қазақстан Республикасының жер қөлемі 2,724,9 км<sup>2</sup>. Қазақстанда халық тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 5 – 5,5 адам болып саналады.

Еуропада халықтығыздығы санаулы фана мемлекеттерден көрінеді. Нидерландияда 1 км<sup>2</sup>-ге – 352, Бельгияда – 336,9 Ұлыбританияда – 244,3 адамнан келеді. Жерорта теңізі жағалауы мемлекеттерінде де халықтығыздығы орналасқан. Халықтың сирек орналасуы Еуропаның таулы аудандарына және Финляндия, Исландия, Скандинавия т.б. елдерге тән.

Азия елдерінде халықтығыздығына келер болсақ Бангладеште 1 км<sup>2</sup>-ге 926,8 адамнан, Жапонияда – 340,9, Ливанда – 353,8, Үндістанда – 318,1. Керісінше Монғолияда 1 км<sup>2</sup>-ге – 1,7 адамнан, Сауд Аравиясында – 10,5, Оманда – 5 адамнан келеді. Халықтығыздығының әркелкілігі мемлекет ішінде де көрінеді. Мысалы, Индонезия мемлекетіндегі Явада Калимантан аймағына қарағанда 60 есе халықтығыздығы жоғары болса, Ириан-Джая аймағынан 250 есे жоғары. Үндістанда халықтың тең жартысы Ганга бойындағы қалаларда, Индостан түбегінің онтүстігінде және арал жағалауындағы территорияларда тұрады. Яғни бұл жерлер мемлекет жерінің 5/1 бөлігін алғып жатыр.

Азияның жеңіл өнеркәсібі мен ауылшаруашылығы дамыған аймақтарында халықтығыздығы негізінен басым. Халықтығыздығы басым Азия орталықтарына Онтүстік және Орталық Қытай, Жапонияның онтүстік аймақтары, Ганга жағалауы, Брахмапутраның төмөнгі ағысы, Индостанның шығыс жағалауы, Меконга жағалауы және Үнді Қытайдағы Хонгха жағалауы, Ява аралдары жатады. Жекелеген аймақтарда 1 км<sup>2</sup>-ге 1500 – 2000 адамға жетсе, жалпы өнірлерде 300-800-ден төмен түспейді. Африкада салыстырмалы түрде сирек орналасқан. Жиі орналасқан аймақтар: Руандеде 1 км<sup>2</sup>-ге – 281,3; Буриндида – 229,2 адам.

Сирек орналасқан Батыс Сахара, Намибия, Боствана, Ливия, Мавританияда 1 км<sup>2</sup> – 0,5-тен 2,6 адамнан. Ал, Ніл өзені жағалауларында халықтығыздығы ерекше жоғары, 1 км<sup>2</sup>

– 1300 адамнан. Сондай-ақ тығыздығы орналасқан аймақтарынан Магриб ауданы, Конго жағалаулары, Тропикалық Африканың жазығы, Оңтүстік Африканың өндірістік қалаларын атауға болады.

Америкада халық тығыздығы Орталық Америка және Вест-Индияда басым. Мысалы, Сальвардорда 1 км<sup>2</sup>-ге 304,6; Ямайкада – 243,6; Канадада - 3,2; АҚШ-та – 29,5; Мексикада – 52,8; Эквадорда – 47,4; Бразилияда – 20,7; Перуде – 21,7 адамнан келеді. Ал Миссисипи жазығында 1 км<sup>2</sup> – 1 адамнан келеді.

Австралияда халық тығыздығы сирек, 1 км<sup>2</sup>-ге 2,5 адамнан, ал ауылдық жерлерде 0,3 адамнан келеді. Батыс және Оңтүстік Австралия, Квислендте халық өте сирек орналасқан. 1 км<sup>2</sup>-ге 1 адамнан жетпейді. Араптарды алғып қарастырап болсақ, Африкағы Маврикий аралында, Кариб бассейніндегі Барбадоста, Пуэрто-Рикода, Мартинидида, Үнді тенізіндегі Мальдив аралында – 1 км<sup>2</sup> жерге 500-600 адамнан келеді. Араптарда халықтың тығызы орналасуы демалыс орындары, жағажайлардың болуымен байланысты.

Портты қалаларда да халық тығыздығы басым. Мысалы, Мальтада 1 км<sup>2</sup>-ге – 1257,9 адамнан. Сондай-ақ теңіз жағалауы елдерінде де халық тығыздығы басым болады. Мысалы, Шығыс Сомаода 1 км<sup>2</sup>-ге – 63,8, Науруда – 587,1, Тувалуда – 428,7 адамнан келеді.

Солтүстік Африка, Оңтүстік-батыс Азия және Орталық Азияның шөлді және жартылай шөлді жерлерінде күннің ыстық, күрғақ болуына байланысты халық сирек қоныстанған, бұл жерлерде көшпелі және жартылай көшпелілікті кәсіп ететін тайпалар өмір сүреді, олардың жалпы саны 60 міндей. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын тайпалар Сауд Аравиясы, Иран, Ауганстан, Пәкістан, Үндістан, Алжир, Ливия, Судан сияқты елдерде сақталған.

Сондай-ақ ауылдық жерге қарағанда қалалық жерлерде халық саны басым болып келеді. Қала халқының ең басым жерлері Сингапур, Монако (100%), Кувейт (98%), Бельгия (97%) елдері; АҚШ халқының 77%-ы, Ресей халқының 73%-ы қалада тұрады. Керісінше, Руандада -6, Бутанда – 7, Бурундида – 9, Непалда - 12 % халық қана қалада тұрады.

Материк бойынша айттар болсақ, Еуропада 1 км<sup>2</sup> жерге –

65,4; Азияда 1 км<sup>2</sup> жерге – 84,7; Африкада 1 км<sup>2</sup> жерге – 27,8; Солтүстік Америкада 1 км<sup>2</sup> жерге 20,1; Оңтүстік Америкада 1 км<sup>2</sup> жерге – 19,4; Австралия және Мұхит аралдарында 1 км<sup>2</sup> жерге 3,7 адамнан келеді.

### **Халықтарының орналасу тығыздығы (2004 ж.)**

**11-кесте**

Мемлекеттер	Жер көлемі: мың км <sup>2</sup> және км <sup>2</sup> есебімен	Халық саны: млн. және мың адам есебімен	1 км <sup>2</sup> -жерге
1	2	3	4
Норвегия	324,2	4,5	13,9
Швеция	450	8,9	19,7
Финляндия	337	5,2	15,4
Дания	43, 1	5,4	124,6
Исландия	103	279,4	2,7
Ұлыбритания	244, 1	59,8	244,3
Ирландия	70, 3	3,9	55,2
Германия	357	83,2	233,2
Нидерланды	415	16,1	474
Бельгия	30, 5	10, 3	336,9
Швейцария	41, 3	7,3	176,8
Люксембург	2, 6	448,6 мың	173,5
Лихтенштейн	157	32, 8 мың	209,2
Польша	312, 7	38,6	123,5
Чехия	78, 9	10,3	130
Словакия	49	5,4	110,7
Австрия	83, 8	8,2	97,5
Франция	544	59,8	109,8
Монако	1,95 км <sup>2</sup>	32 мың	16,4
Испания	504, 8	40,1	79,4
Португалия	92, 3	10,1	109,2
Андорра	465 км <sup>2</sup>	68,4 мың	147,1
Италия	301, 2	57,7	191,6

1	2	3	4
Мальта	316 км <sup>2</sup>	397,5 мың	1257,9
Сан-Марино	61 км <sup>2</sup>	27,7 мың	454,6
Ватикан	0,44 км <sup>2</sup>	0,9 мың	2045
Венгрия	93	10,1	108,3
Румыния	237, 5	22,3	94
Словения	20,25	1,95	96,2
Хорватия	56 ,5	4,4	77,7
Сербия және			
Черногория	102, 2	10,7	104,3
Босния және			
Герцоговина	51, 1	4	77,6
Болгария	110 ,9	7,6	68,7
Македония	25, 7	2,05	80
Албания	28, 7	3,5	123,5
Греция	131,9	10,6	80,7
Эстония	45, 2	1,4	31,3
Латвия	64, 6	2,4	37,2
Литва	65, 2	3,5	53,4
Белоруссия	207, 6	10, 3	49,8
Украина	603, 7	48	80
Молдавия	33, 8	4,4	131,6
Ресей	17, 075, 4	145 181,9	8,5
Қазақстан	2, 717, 3	15	5,5
Өзбекстан	447, 4	25,6	57,1
Түркмения	448, 1	4,7	9,6
Қыргызстан	198, 5	5,0	25
Тәжікстан	143,1	6,5	45
Грузия	69, 7	5,0	72,0
Әзербайжан	86, 6	8,2	95
Армения	29, 8	3,2	107
Иордания	89, 4	5,3	59,4
Түркия	779, 5	67,3	86,4
Кипр	9,25	767,3 мың	83
Сирия	185, 2	17,15	92,1

1	2	3	4
Ливан	10,4	3,7	353,8
Израиль	20,8	6,0	289,9
Палестина	5879 км <sup>2</sup>	3,5	-
Сауд Аравиясы	2240	23,5	10,5
Кувейт	17,8	2,4	136
Біріккен Араб			
Эмираттары	83,6	2,4	29,2
Оман	309,5	2,7	8,75
Йемен	528	18,7	35,4
Бахреин	695,2 км <sup>2</sup>	656,4 мың	941,3
Катар	11,4	793 мың	70
Иран	1648,0	66,6	40,4
Ирак	438,3	24	54,8
Ауғанстан	652,1	27,8	42,6
Пәкістан	796,1	147,7	185,5
Үндістан	3287,6	1 045,8	318,1
Непал	147,2	25,9	175,8
Бутан	47	2,1	44,5
Бангладеш	143,9	133,4	926,8
Шри-Ланка	65,6	19,6	298,4
Мальдив	298 км <sup>2</sup>	320,2 мың	1074,4
Мьянма	676,6	42,2	62,4
Тайланд	513,1	62,4	121,5
Лаос	236,8	5,8	24,4
Вьетнам	331,7	81,1	244,5
Камбоджа	181	12,8	70,6
Жапония	372,5	127	340,9
Қытай	9598	1 335,8	139,2
Монголия	1566,5	2,7	1,7
Корея ХДР	120,5	22,7	188,4
Корея Республикасы	98,5	48,3	490,5
Индонезия	1904,6	231,3	121,5
Малайзия	329,8	22,7	68,7
Сингапур	0,6	4,4	6742

1	2	3	4
Бруней	5,8	350,9 мың	60,5
Шығыс Тимор	14,6	952,6 мың	65,2
Филиппин	300	84,5	281,7
Алжир	2381,7	32,3	13,6
Марокко	446,5	31,2	69,8
Тунис	163,6	9,8	60
Мали	1240,2	11,3	9,1
Нигерия	923,8	129,9	140,6
Либерия	111,4	3,3	29,5
Бенин	112,6	6,8	60,3
Гамбия	11,3	1,5	128,8
Гвинея-Бисау	36,1	1,3	37,3
Батыс Сахара	266	256,2 мың	1
Кабо-Верде	4	408,8 мың	102,1
Мавритания	1030,7	2,8	2,7
Сьерра-Леоне	72,3	5,6	77,6
Того	56,8	5,3	93,1
Буркина-Фасо	274,2	12,6	46
Гана	238,5	20,2	84,9
Гвинея	245,9	7,8	31,6
Кот-Д-Ивуар	322,5	16,8	52,1
Нигер	1267	10,6	8,4
Сенегал	196,7	10,6	53,8
Египет	1 001,4	70,7	70,6
Эфиопия	1 104,3	67,7	61,3
Сомали	637,7	9,2	14,5
Судан	2 505,8	37,1	14,8
Ливия	1 759,5	5,4	3,1
Эритрея	117,6	4,5	38
Джибути	23,2	472,8 мың	20,4
Чад	1284	8,2	6,4
Конго ДР	2345,4	55,2	23,5
Конго	342	3	8,6
Камерун	475,4	16,2	34

1	2	3	4
Замбия	752,6	10	13,2
Ангола	1246,7	10,6	8,5
Орталық Африка			
Республикасы	623	3,6	5,8
Габон	267,7	1,2	4,6
Экваторлық Гвинея	28,05	498,1 мың	17,8
Сан-Томе және			
Принсиipi	1	170,4 мың	170
Кения	582,6	31,3	53,4
Мадагаскар	587	16,5	28,1
Мозамбик	801,6	19,6	24,5
Танзания	945,1	37,2	39,3
Уганда	236	24,7	104,6
Руанда	26,3	7,4	281,3
Бурунди	27,8	6,4	229,2
Малави	118,5	10,7	90,3
Коморы	2,2	614,4 мың	279,3
Маврикий	2,04	1,2	588,3
Сейшель аралдары	455 км <sup>2</sup>	80,1 мың	176
Ботсвана	600,4	1,6	2,6
Зимбабве	390,8	11,4	29,1
Намибия	824,3	1,8	2,2
Оңтүстік Африка			
Республикасы	1221	43,6	35,7
Свазиленд	17,4	1,1	64,6
Лесото	30,4	2,2	72,6
Канада	9970,6	31,9	3,2
АҚШ	9518,9	280,6	29,5
Мексика	1958,2	103,4	52,8
Гватемала	108,9	13,3	122,3
Куба	110,9	11,2	101,2
Сальвадор	21	6,4	302,6
Никарагуа	120,3	5	41,8
Коста-Рика	51,1	3,8	75

1	2	3	4
Белиз	23	263 мың	11,4
Панама	75,5	2,9	38,2
Гондурас	112,1	6,6	58,5
Багам аралдары	13,9	300,5 мың	21,6
Гаити	27,8	7,1	254,1
Доминикан	48,7	8,7	179,1
Ямайка	11	2,7	243,6
Антигуа және Барбуда	441,6 км <sup>2</sup>	67,4 мың	152,7
Сент-Китс және Невис			
Невис	261,6 км <sup>2</sup>	38,7 мың	38,7
Доминика	749,8 км <sup>2</sup>	70,2 мың	93,6
Сент-Люсия	616 км <sup>2</sup>	160,1 мың	260
Сент-Винсент және Гренадины			
Гренадина	389,3 км <sup>2</sup>	116,4 мың	299
Барбадос	430 км <sup>2</sup>	276,6 мың	643,3
Гренада	344,5 км <sup>2</sup>	89,2 мың	259
Тринидад және Тобаго			
Тобаго	5,1	1,2	228,2
Колумбия	1138,9	41	36
Венесуэла	912,1	24,3	26,6
Перу	1285,2	28	21,7
Бразилия	8512	176	20,7
Аргентина	2780,1	37,8	13,6
Гайана	215	698,2 мың	3,2
Суринам	163,3	436,5 мың	2,7
Боливия	1098,6	8,4	7,6
Парагвай	406,8	5,9	14,5
Эквадор	283,6	13,4	47,4
Чили	756,6	15,5	20,5
Уругвай	176,2	3,4	19,2
Австралия	7682	19,5	2,5
Жаңа Зеландия	270,5	3,9	14,4
Вануату	12,2	196,2 мың	16,1
Кирибати	810,5 км <sup>2</sup>	96,3 мың	118,8

1	2	3	4
Маршал аралдары	181,3 км <sup>2</sup>	73,6 мың	406,1
Науру	21 км <sup>2</sup>	12,3 мың	587,1
Палау	508 км <sup>2</sup>	19,4 мың	38,2
Папуа-Жана Гвинея	462,8 км <sup>2</sup>	5,2	11,2
Самоа	2,8	178,6 мың	63,8
Соломон аралдары	28,4	494,8 мың	17,4
Тонга	748 км <sup>2</sup>	106,1 мың	141,9
Тувалу	26 км <sup>2</sup>	11,1 мың	428,7
Микронезия	702 км <sup>2</sup>	135,9 мың	193,5
Фиджи	18,3	856,3 мың	46,9

Бұл кестеде Еуропа мемлекеттері 1 – 43, Азия мемлекеттері 44 – 91, Африка мемлекеттері 92 – 145, Америка мемлекеттері 146 – 180, Австралия және Мұхит аралдары мемлекеттері 181 – 194 қатарда берілді.

### **Сұрақтар:**

1. Халықтар тығыз орналасқан аймақтар.
2. Халықтар сирек орналасқан аймақтар.
3. Мегаполис орталықтар: көрсеткіштері қандай?
4. Дүниежүзінің әр аймақтарындағы халықтардың қоныстыруындағы айырмашылықтар.
5. Қазақстан және Орта Азия елдеріндегі халықтығыздығы қалай?

### **Әдебиет:**

1. Историческая демография: новые подходы, методы, источники. М., 1992.
2. Историческая демография: проблемы, суждения, задачи. М., 1989.
3. Медков В.М. Демография. Ростов-на-Дону. 2003.
4. Щербаков А.И., Мдинарадзе М.Г. Основы демографии и государственной политики народонаселения. М., 2005.
5. Брук С.И. Население мира. Этнодемографический справочник. 2-е изд. М., 1986. (52-59-бб.)

## **§ 5. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ. НЕКЕЛЕСУ ЖӘНЕ АЖЫРАСУ**

Халықтың өсіміне отбасылық жағдай, ажырасу мен некелесу де тығыз байланысты. Некелесу мен ажырасу параметрі бала туу, адам өлімі, жастық және жыныстық құрылым сияқты демографиялық көрсеткіштерге бағынышты десе де болады. Отбасылық жағдайдың қалыптасуына халықтар өміріндегі маңызды өзгерістер, әлеуметтік-экономикалық жағдай, салт-дәстүрлер де әсер етеді. Некелесу арқылы ерлі-зайыптылардың отбасындағы құқықтары мен міндеттері белгіленеді. Некелескен жұбайлар өз балаларын материалдық жағынан қамтамасыз етуге, тәлім-тәрбие беруге міндетті, отбасының болашағы үшін жауапты.

Адамзат тарихында неке мен отбасының көптеген түрлери болған, олардың көп түрі жойылған, немесе бірте-бірте жоғалып келе жатыр. Жер жүзінің халқының негізгі басым бөлігі моногамды неке (бір ердің бір әйелмен некеге тұруы) құрып тұрады. Азия және Африканың кейбір елдерінде көп әйел алушылық – *полиандриялы*, Оңтүстік Үндістан мен Непалдың кейбір тайпаларында, Орталық Америкадағы гарібтерде көп күйеулі болушылық – *полигамия* отбасы сақталған. Өзімен рулас адамдармен емес, басқа рудың, тайпаның өкілдерімен некелесу – *экзогамия*, тек өз руының, тайпасының ішінде ғана некелесу – *эндогамия* деп аталады.

1950 ж. Африканың 3 мемлекетінде, яғни Заирда, Орталық Африка Республикасы, Гвинеяда полигамиялы отбасы көрсеткішін білу үшін арнайы санақ өтілген. Санақта қатысқан 73% отбасының 56,8%-ы моногамды, 23,4%-ы екі әйел, 6,8%-ы үш әйел, 3%-ы төрт әйелмен некеде тұрган. Гвинеяда 27% отбасы полигамды некеде.

Некелесу жасының медиандық көрсеткіші, адамдардың тен жартысының некелесу жасымен есептелінеді. Мысалы, Еуропаның көптеген елдерінің жартысы ерлердің 25 жасынан, әйелдердің жартысы 22 жасынан неке құрған.

Үндістанда ерлердің жартысы 19, әйелдердің жартысы 17 жас, Түркияда ерлердің жартысы 18, әйелдердің жартысы 20, Пәкістанда ерлердің жартысы 17, әйелдердің жартысы 20 жастан неке құрады. Ерте некелесу сондай-ақ Вен-грия, Чехославакия, Ирландия мен Италия елдеріне тән болды.

Некелесу жасы кейбір елдерде ерлер мен әйелдер үшін тең болса, негізінен ерлердің жасы әйелдердің некелесу жасынан үлкен болып келеді.

### **Некелесудің заң жүзіндегі рұқсат етілген жасы**

12-кесте

Мемлекеттер	Ерлер жасы	Әйелдер жасы
Венгрия	18	16
Польша	18	16
Англия	16	16
Франция	18	15
Италия	16	14
АҚШ	14-18	15-21
Канада, Квебек провинциясы	14-16	12-16
Аргентина, Колумбия, Перу	16	14
Венесуэла, Парагвай, Чили, Эквадор	14	12
Австралия	18	16
Египет, Алжир	18	16
Нигерия, Кения	16-18	9
Ресей	18	18
Қазақстан	18	18

Мұлдем неке құрмagaндар саны әртүрлі елдерде 1-2 дең 10-12% жетіп отырады. Еуропада 1970 ж. 50-54 жастағы әйелдердің 10% неке құрмagaн, ал Ирландияда 21,1%, Испанияда 13,3%, Италияда 13,2% неке құрмagaн екен. Еуропа елдерінде некеде болмаған ерлер саны әйелдерге қараганда азырақ болғанымен, жоғарғы көрсеткіште. Ирландияда 18,4% ерекк бойдақ жүреді, Швецияда 12,7%, Норвегияда 12%.

Азия және Америка елдерінде неке құрмagaн әйелдер мен ерлер санының көрсеткіші төмен болады. Мысалы, Үндістанда бойдақ ер адамдар 3,2% құрайды. Африканың Гвиней, Нигерия, Мали т.б. елдерінде мұлдем кездеспейді.

Жесір әйелдер саны жесір ерлер санына қарағанда жер жүзінде басым. Бұл өнеркәсібі дамыған елдерде ерлерге қарағанда әйелдердің ұзақ өмір сұруімен байланысты.

15 жасқа толғандар мен одан жоғары жастағылардан неке күргандар саны 1000 адамға шаққанда 750 адамнан шықса, онда некелесу көрсеткіші жоғары болып саналады. Некелесудің осындай жоғары көрсеткіші Болгария ерлеріне тән, сондай-ақ Германия мен Румынияда көрсеткіш жоғары, 1000 адамға 700 некелескен ерлерден келеді. Әйелдер арасында Болгарияда 1000 адамға – 737, Румынияда 1000 адамға – 700. Ал ерлер арасында некелесудің тәмен көрсеткіші Ирландияда 1000 адамға 500-ге жуық, Финляндия, Албания, Испания, Швеция, Швейцарияда 1000 адамға – 575-635, ал әйелдер арасында тәмен көрсеткіш Ирландия, Финляндия, Австрияда 1000 адамға – 500-550.

Азия, Африка елдерінде ерлерге қарағанда, әйелдер арасында некелесу көрсеткіші жоғары. Бұл әйелдердің ерте түрмис құруымен және полигинді некенің болуына байланысты. Бірқатар мұсылман елдерінде, мыс., Сауд Аравиясы, Йемен Араб Республикасында көп әйел алуға заң бойынша рұқсат етіледі.

Ерлер арасында 700-ден жоғары көрсеткіш Нигерия, Үндістан, Иран, кейір араб елдеріне тән. 800-ден астам әйелдер арасындағы көрсеткіш Гвинея, Нигерия, Бенинге тән.

Ерлер арасындағы некелесулердің тәмен көрсеткіші Шри-Ланкада – 450, Оңтүстік Африка Республикасында – 575 және әйелдер арасында Шри-Ланкада – 508, Филиппинде – 587, Оңтүстік Африка Республикасында – 572.

АҚШ-та 15-тен асқан адамның неке құруы ерлер арасында 1000 адамға 600-ден астам, әйелдер арасында 500-ден астам. Канадада, Австралияда ерлер және әйелдер арасында 600-ден астамнан келеді.

Қазақстанда некелесуден туындағының құқықтар мен міндеттер (некелесу, жұбайлардың қарым-қатынасы, атана міндеттері т.б.) “Неке және отбасы туралы” (17.12.1998 ж. қабылданған, 24.12.2001 ж. өзгертулер мен түзетулер енгізілген) заңымен реттеледі. Қазақстанда 2003 жылы некелескен отбасы саны 110414, ал ажырасқан отбасы саны 31717 болған.

Ажырасу бала туу көрсеткішінің өсуіне де кері әсер

ететіні.

Отбасы сөзсіз да әр елде әртүрлі. Көптеген дамыған елдерде күйеуі, әйелі, бір баласынан құралған шағын отбасы қалыптасқан. Азия, Африка елдерінде көп құрамды отбасы басым. Яғни ата-анасы, үл-қыздары, немерелерінен құралатын отбасы басым.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда отбасының көлемі орта есеппен 3,3 адамға тең. 1999 жылғы санақ нәтижесінде бұл көрсеткіш 3,6 адамға тең болған еді.

Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде жалғыз бастылар көрсеткіші жоғары, әрі бала туу көрсеткіші төмен. Мысалы, бір ғана адамнан тұратын отбасы саны Германияда 30%, Швецияда 25,3%, Австрияда 24%, АҚШ-та 20%.

Ал Австралия, Бельгия, Улыбритания, Швейцария, Дания, Швеция, АҚШ-та отбасы көбіне 3 адамнан тұрады. Батыс Еуропада шағын отбасы орта ғасырлардан қалыптасқан. Орта ғасырда Еуропада ата-анасы, үйленген балалары, ағайындары бірге тұратын үлкен отбасы да болған. Ал Иранда, Сирияда, Филиппин, Таиланд, Пәкістан, Коста-Рика, Гондурас және Орта Азия елдерінде отбасы құрамы 6 адамға жоғары көрсеткішті көрсетеді.

Жер бетінде орта есеппен бір әйелге 2 баладан келеді. Ең көп балалы отбасы жағынан Нигерия, Сомали, Мали елдері алдыңғы орында тұр. Бұл елдерде әр анаға 7 баладан тиесілі.

Қазіргі таңда халқының санын азайту мақсатында Қытай өкіметі “бір үйге бір бала” деген қағиданы ұстанып, бала туудың санын шектеп отырғаны белгілі. Осының нәтижесінде Қытайда туу коэффициенті азайған. Бала туу жағынан бұл ел 163-ші орынға (2005 ж.) төмендеген. Үндістан да осындай бағдарлама енгізіп, халқының санын шектеуді мақсат етіп отыр. Туу жағынан Үндістан 93-ші орынды (2005 ж.) иеленуде.

Туу көрсеткіші төмен болған жағдайда, тұрғындардың қартаю көрсеткіші өседі. Сол себепті мемлекет тарарапынан әлеуметтік-демографиялық және отбасылық саясаттар жүргізіледі.

Германияда туудың төмен көрсеткішіне байланыс-ты 1998 жылдан әр бірінші, екінші балаға 154 евродан жәрдемақы, 2002 жылдан ата-аналарға салық төлеуге, үй сатып алуға

женілдіктер тағайындалған. Жұмыс істейтін ата-анаға қысқартылған жұмыс аптасы, кезекті еңбек демалысынан бөлек, бала тәрбиесіне арналған “ата-ана уақыты” деп аталатын еңбек демалысы беріледі.

Жүйелі жүргізілген демографиялық саясаттың негізінде 1990 жылдардың ортасында Франция Батыс Еуропа елдері арасында туудың жоғары суммарлы коэффициентіне – 1,75%-ға, ал 2002 жылы 1,89%-ға жетіп, тұрғындар саны жылына 0,3-0,4%-ға өсті. Балалы отбасыларына тұрғын үй, үй жабдықтарын алуға женілдіктер мен ссудалар қарастырылған, оның 90 %-ы төртінші бала болған жағдайда жабылады. Үш балалы аналар мемлекеттік зейнетакы жүйесінен сақтандырылады.

Австрияда отбасын жәрдемақымен қамтамасыз ету мақсатында Отбасы, жастар және тұтынушыларды қорғау министрлігінде Компенсациялық қор жұмыс істейді. Егер бала оқыса, жәрдемақы 27 жасқа дейін төленеді.

Швецияда “Әке мен ананы сақтандыру жоспары” саясаты негізінде соңғы жылдары тала туу көрсеткіші өсken. Күйеуге әйелі босанғанда 10 күн ақылы демалыс, баласы ауырса анасымен бірге әкеге де 60 күн ақылы демалыс беріледі.

Норвегия үкіметінде Тұрғындар комитеті жұмыс істейді. Италияда жәрдемақы отбасының кірісінен тыс төленеді. Бельгияда жәрдемақы балаға 14 жастан бас-тап, көлемі екі-үш есе артық және бірінші, екінші балаға үшінші, төртінші балаға қарағанда екі-үш есе артық төленеді. Ал Грецияда төртінші, бесінші балаға алғашқы балаларға қарағанда жәрдемақы 10-12 есе көп төленеді. АҚШ-та отбасы саясаты аясында 80-ге жуық бағдарлама жасалған, оны әр штат өз шешімдеріне қарай жүзеге асырады.

### Туудың суммарлы коэффициенті

13-кесте

Мемлекеттер	Жыл	ТСК
1	2	3
Ресей	2001	1,25
Белоруссия	2001	1,27

1	2	3
Украина	2000	1,10
Түркменистан	1991	4,09
Тәжікстан	1995	3,70
Ұлыбритания	1999	1,68
Германия	1999	1,36
Италия	1999	1,19
Франция	2001	1,87
АҚШ	1995	2,02
Жапония	1997	1,39
Үндістан	1997	3,30
Қытай	1997	1,80
Пәкістан	2000	5,03
Ирак	2000	5,25
Сауд Аравиясы	2000	5,80
Руанда	1995	8,50

### Сұрақтар:

1. Некелесудің халық демографиясына әсері.
2. Ажырасудың халық демографиясына әсері.
3. Дүниежүзінде некелесудің қандай түрлөрі қалыптасқан?
4. Некелесудің заңда рұқсат етілген жастарының дүниежүзі бойынша көрсеткіштері.
5. Бала туу көрсеткішінің дүниежүзі елдеріндегі көрсеткіштері.

### Әдебиет:

1. Брук С.И. Население мира. Этнодемографический справочник. 2-е изд. М., 1986. 32-37-бб.
2. Щербаков А.И., Мдинарадзе М.Г. Основы демографии и государственной политики народонаселения. Гл.5. Брак и семья в структуре общества. М., 2005. 77-90-бб.
3. Население мира. Демографический справочник. Гл III. Брачный состав. Семейный состав. М., 1989. 105-195-бб.

## §6. ЖАСТЫҚ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жастық құрылым миграциялық процестерге байланысты және халық өсіміне байланысты өзгеріп отырады. Соғыстар мен түрлі саяси жағдайларда жастық құрылымына өз әсерін тигізбей қоймайды. Ал, жастық құрылымның өзі басқа демографиялық көрсеткіштерге, мысалы, баланың тууы, өлімі көрсеткіштеріне тікелей әсер етеді және де түрғындардың экономикалық белсенділігін, яғни жұмысқа жарамдылығын анықтайды.

Демография ғылымында жастық және жыныстық құрылым көрсеткіші “пирамида” кестесі арқылы көрсетіледі.

Дүниежүзілік демографияда балалық жасты 0-12 жас, жасөспірім 13-16 жас, өндірістік немесе еңбекке жарамды жасты 16-60 жас, кәрілік жасты 60-тан жоғарыдағылар арасында қарастыру көнінен тараған. Кей елдерде жастық құрылымды жастар (0-19 жас), ересектер (20-59 жас), кәрілер (60 жастан жоғары); кей елдерде балалар (0-14 жас), өндірістік жас (15-64 жас), кәрілер (65 жастан жоғары) жасы деп бөлу қалыптасқан.

Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде балалар халықтың 40%-н құрайды. Кения, Ботсвана, Сент-Люсия елдерінде халықтың тең жартысын, Иордания, Сирия, Алжир, Ливия, Замбия, Зимбабве, Малави, Руанда, Гана, Либерия, Нигер, Нигерия, Белиз, Гондурас, Никарагуа, Суринаам, Гренада, Доминик, Сент-Винсент және Гренадада - 47-49%-н құрайды. Кипр, Сингапур, Куба, Аргентина, Уругвай елдерінде балалар саны 30%-ға төмен. Люксенбургте - 17%, Австралия, Бельгия, Швейцария, Германияда - 19%, Албания мен Ирландияда 30%-дан жоғары. АҚШ, Канада, Жапонияда - 23%, Австралия - 25%, Жаңа Зеландияда-29%.

Ал кәрілер санына келетін болсақ, Швецияда - 22%, Норвегия, Ұлыбритания, Германия, Дания және Австрияда - 20%, Швейцария, Бельгияда – 19%.

Өндіріс жасындағылар қай елде болмасын халықтың 50-60%-н құрайды. Өндірістік жастан бірінші орынды Жапония иленеді. Халықтың 65%-ы жұмыс-қа жарамды. АҚШ – Канадада 60-63%-ды құрайды. Ал Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде өндірістік жас 45 және 55%-

ды құрайды. Иордания, Ирак, Сирия, Алжир, Ливия, Кения, Малави, Гане, Либерия, Мавритания, Нигер, Нигерия, Боствана, Белиз, Гондурас, Никарагуа, Гренада, Доминик, Сент-Люсия, Суринам елдерінде 44-48%-ды құрайды.

Азия, Африка, Латын Америкасының (Жапония, Уругвай, Аргентина мемлекеттерінен басқа) әрбір 1000 жұмысқа қабілетті адамына 650 баладан келеді екен. Иордания, Сирия, Алжир, Ливия, Зимбабве, Кения, Руанда, Ботсвана, Белиз, Гондурас, Никарагуа, Суринам, Батыс Самоа мемлекеттерінде жұмысшылар мен балалар саны тең түседі. Ал Батыс Еуропаның Албания, Ирландия, Испания мемлекеттерінде бала саны жұмысшы күшінен 2 есе төмен. Германия, Австрия, Бельгия, Швейцария, Финляндия, Швеция, Дания, Ұлыбритания мемлекеттерінде 3 есе төмен. Орташа есеппен шетелдік Еуропада 1000 адамға 360 баладан, АҚШ, Канада, Жапонияда 370-390 баладан келеді.

Көрілер салмағы шетелдік Еуропада әрбір 1000 еңбекке жарамды адамға 280-нен келеді. Швеция, Норвегия, Дания, Ұлыбритания, Австрия, Германия-да 320-380-тен келеді, АҚШ-та - 250, Канадада - 210, Австрияда – 220, Латвияда – 287, Латын Америкасында - 115, Азияда - 123, Африкада – 100-ден келеді.

Орта Азия елдерінен Түркменияда 151-ден келеді.

Әртүрлі факторлар әсерінен халықтың жыныстық құрамының да салмағы өзгеріп отырады. Соғыс болған елдерде соғыс жылдарынан кейін ер адамдар саны азайып, әйелдер саны көбейеді. Жалпы жер жүзінде ер адамдар саны әйелдерге қарағанда 25 млн.-дай адамға көп. Бірақ халық саны ең көп деген Қытай мен Үндістанды алғып таастаса, онда көрісінше әйелдер саны ерлерге қарағанда 29,7 млн.-ға көп болады.

Жекеленген мемлекеттерді алып қарап болсақ, Германияда ерлер халықтың 46-47%-н құрайды, Австрия-да - 47,3%, Португалияда - 47,4%, ал Албания, Ирландия, Исландия сияқты кіші мемлекеттерде ерлер мен әйелдер саны тең дәрежеде.

Ірі дамыған капиталистік мемлекеттерде, әйелдерге қарағанда ер адамдар саны аздау. Мысалы, ерлер АҚШ-та 48,6%, Жапонияда 49,2%-ды құрайды. АҚШ-қа екінші дүниежүзілік соғыстан кейін эмигрант болып ерлерге қарағанда 600 мың әйел артық келген. Ал Канада, Аргентина,

Австрия және Жанә Зеландия мемлекеттерінде де эмигранттар қатарында ерлерге қарағанда әйелдер басым болған.

Қытайда әйелдерге қарағанда ерлер 31,2 млн.-ға, Үндістанда 24,4 млн.-ға, Пәкістанда 4,5 млн.-ға, Бангладеште 2,8 млн.-ға көп.

Жалпы Африкада ерлер мен әйелдер саны тең болғанымен, ислам діні негізгі дін болып саналатын Солтүстік Африкада ерлер саны басым. Ливияда ерлер 53%, Египетте 51%, Тунисте 50,4% құрайды, ал Шығыс және Орталық Африкада Бурунди, Лесото, Гвинея, Свазилендте, Габон, Бенин, Орталық Африка Республикасы мемлекеттерінде 48%-ы ерлер.

Бұрынғы КСРО елдерінде соғыс жылдарының әсерінен халықтың жыныстық құрамында үлкен ауытқушылық болды. 1950 ж. әйелдер саны ерлерден 21,5 млн. адамға артық болды. 1984 ж. ерлер саны 46,9% құрап, қалыпты жағдайға түседі.

Жер жүзінде жаңа туылған 100 нәресте қыз балаға 104-107 жаңа туылған ер баладан келеді. Соңда жылдана 4 млн. ер бала қызы балаға қарағанда көп дүниеге келеді. 1968 ж. Үндістан, Пәкістан, Бангладеште 100 қызы балаға 114 ер баладан келген.

Жастық құрылым арасындағы диспропорция халықтардың орташа өмір сүру жасына да байланысты. Макао, Андорра, Сан-Марино патшалықтарында тұратын халық басқа елдермен салыстырғанда ұзақ ғұмыр сүреді. Бұл елдерде орта жас шамасы – 83,5 жыл (2005 ж.). Сингапур, Жапония, Гонконг, Швеция, Швейцария, Австралия елдерінің де тұрғындары ұзақ өмір сүреді. Мысалы, Жапонияда – 81,3 жас. Ал өмір сүру жасының төмен көрсеткіші Замбияда – 37,4, Мозамбикте – 35,4 жасқа тең.

### **Халықтардың орташа өмір сүру жасы**

14-кесте

Мемлекеттер	Жылдар	Халықтың орташа жасы	Ерлер	Әйелдер
1	2	3	4	5
Ресей	2002	67,5	58,5	72,0
Австралия	2001	79,0	76,3	81,9
Австрия	2001	78,3	75,1	81,3
Әзербайжан	2001	71,9	68,6	75,2

1	2	3	4	5
Армения	2001	73,5	71,0	75,9
Белоруссия	2001	68,5	62,8	74,5
Бельгия	2001	78,5	75,4	81,7
Болгария	2001	70,9	67,4	74,6
Бразилия	2001	67,8	63,7	72,3
Ұлыбритания	2001	77,9	75,4	80,4
Венгрия	2001	71,5	67,3	75,7
Германия	2001	78,0	74,9	81,0
Грузия	1990	72,6	68,7	76,1
Дания	2001	76,4	74,0	78,9
Үндістан	2001	63,3	62,8	64,0
Италия	2001	78,6	75,4	81,8
Қазақстан	2001	65,6	60,3	71,1
Канада	2001	79,2	76,5	81,8
Қыргызстан	2001	68,7	65,0	72,6
Қытай	2001	70,6	68,6	72,9
Мексика	2001	73,1	70,1	76,1
Молдавия	2001	68,2	64,5	71,7
Нидерланды	2001	78,2	75,5	80,9
Норвегия	2001	78,7	75,8	81,7
Польша	2001	73,6	69,4	77,8
Корея	2001	75,2	71,4	79,0
Румыния	2001	70,5	67,0	74,2
АҚШ	2001	77,3	74,0	79,7
Тәжікстан	1999	68,4	66,1	70,8
Түркменстан	1999	66,9	63,4	70,4
Турция	2001	70,1	67,6	72,8
Өзбекстан	1998	70,3	68,2	73,0
Украина	2000	67,9	62,4	73,6
Финляндия	2001	77,8	74,1	81,3
Франция	2001	78,7	74,9	82,6
Швейцария	2001	79,0	75,8	82,2
Швеция	2001	79,9	77,4	82,4
Жапония	2001	81,3	77,7	84,7

## Дүниежүзі халықтарының жыныстық құрамы

15-кесте

Мемлекеттер	Жылдар	Ерлер саны	Әйелдер саны	%	%
1	2	3	4	5	6
Ресей	2002	66793	76304	46,7	53,3
Австралия	1999	9440	9527	49,8	50,2
Австрия	2000	3940	4170	48,6	51,4
Әзербайжан	2002	4023	4179	49,0	51,0
Аргентина	1998	17719	18406	49,0	51,0
Армения	2002	1544	1666	48,1	51,9
Белоруссия	2002	4638	5261	46,9	53,1
Бельгия	2000	5011	5238	48,9	51,1
Болгария	1999	4001	4207	48,7	51,3
Бразилия	1998	79744	82046	49,3	50,7
Ұлыбритания	1999	29301	30200	49,2	50,8
Венгрия	1999	4805	5263	47,7	52,3
Германия	1999	40004	42053	48,7	51,3
Грузия	2000	2364	2581	47,8	52,2
Дания	2000	2638	2699	49,4	50,6
Үндістан	2000	518604	483538	51,7	48,3
Италия	2000	28048	29712	48,6	51,4
Қазақстан	2002	7158	7704	48,2	51,8
Канада	1999	71,58	7704	49,5	50,5
Қыргызстан	2002	2463	2521	49,4	50,6
Қытай	1997	633081	609718	50,9	49,1
Литва	2001	1628	1853	46,8	53,2
Мексика	2002	44900	46258	49,3	50,7
Молдавия	2000	1733	1885	47,9	52,1
Нидерланды	2000	7862	8002	49,6	50,4
Норвегия	2001	2208	2254	49,5	50,5
Польша	2000	18767	19871	48,6	51,4

1	2	3	4	5	6
Корей Республикасы	2001	23831	23443	50,4	49,6
Румыния	2001	10949	11459	48,9	51,1
АҚШ	2001	139813	144984	49,1	50,9
Тәжікстан	2000	3195	3180	50,1	49,9
Түркменстан	2000	2409	2436	49,7	50,3
Түркия	2001	33174	32119	50,8	49,2
Өзбекстан	2002	12521	12595	49,9	50,1
Украина	2000	22093	25604	46,2	53,8
Финляндия	2000	2526	2650	48,6	51,2
Франция	2000	28605	30287	48,6	51,4
Швеция	2000	4386	4486	49,4	50,6
Жапония	2000	62010	64860	48,9	51,1

### Сұрақтар:

1. Азия және Африка елдеріндегі жастық, жыныстық құрылым қалай қалыптасқан?
2. Жастық және жыныстық құрылымындағы диспропорция дегеніміз не?
3. Орта Азия елдеріндегі жастық және жыныстық құрылым қалай қалыптасқан?
4. Еуропа және Америка елдеріндегі жастық және жыныстық құрылым көрсеткіштері?
5. Дүниежүзі халықтарының орташа өмір сүру жасының айырмашылықтары қандай?

### Әдебиет:

1. Анри Луи, Блюм Аллен. Методика анализа в исторической демографии. Пер. с франц. 2-е изд. М., 1997.
2. Щербаков А.И., Мдинирадзе М.Г. Основы демографии и государственной политики народонаселения. М., 2005. 13-15-бб. 93-108-бб.
3. Брук С.И. Население мира. Этнодемографический справочник. 2-е изд. М., 1986. 41-45-бб.

## **§7. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӨСҮ ДИНАМИКАСЫ**

Қазақстанда тұратын халықтардың этникалық құрылымына санақ жүргізудің түпкі тарихы сонау темір дәүіріне саяды. Үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпаларының арасында өскер санын білу мақсатында есептеулер жүрген. Қытай жазбаларында сакталған деректерге сәйкес, б.э.б. 2 ғ. Үйсін тайпаларының 120 шаңырағының 630 мың тұрғынының 188 800-і, ал қаңлы тайпаларының 600 мың тұрғынының 120 мыңы өскер құрамында болса, қыпшақ мемлекеттіндегі 100 мыңнан аса өскер болған. Ерте ортағасырлық мемлекеттердің этникалық құрылымы жайында да деректер жеткілікті. Үйсін, қаңлы, найман, керей, арғын, алшын т.б. тайпалар әрқайсы 500 мыңнан 800 мыңға дейін адамды құрап, әр тайпа 100 мыңнан өскер жасақтаған деген деректер бар. Ортағасырлық қыпшақтар Алтын Орда мемлекеттінің этникалық тобын құрады және салық төлейтін адамдардың есебін білу мақсатында өз арасында санақ жүргізген. 1456–1465 жылдары Қазақ хандығы құрылған кезеңінде Жәнібек пен Керей төңірегіне 200 мыңдай адам жиналғаны белгілі. 1523 жылы Қасым хан билік күрған кезінде Қазақ хандығының құрамында миллион адам болған дейді.

А.И.Левшин “Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей” атты енбегінде берген мәлімет бойынша XIX ғ. бас кезінде Ұлы жүзде 100 000, Орта жүзде 210 000, Кіші жүзде 190 000 шаңырақ болса, Орынбор генерал-губернаторы болған Г.Волконский дерегі бойынша 1803 жылы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз казақтары 395 100 шаңырақты құраған. Ал Б.А.Куфтин “Киргиз-казаки. Культура и быт” (М., 1926) атты енбегінде “XX ғ.-н басында Еділден Алтайға дейін, Ертіс өзенінен Әмударияға дейін 4 000 000 қазақ мекендеген, Орта жүз және Кіші жүз қазақтары Қазақстан халқының 61%-н құрады”, - деп көрсетті.

Қазақстан территориясында алғашқы ресми мамандандырылған санақтарды XIX ғасырдан бастап, Ресей статистикалық орталықтары жүргізді. Санақ нәтижелері Статистикалық комитеттердің жинақтарында жарияланып тұрды.

**Қазақстандағы халық саны**  
**(1830 – 1870 жж. млн. адам есебі)**

16-кесте

	1830	1850	1860	1870
Барлығы	1,5	1,7	1,9	3,6
Қазактар	1,3	1,5	1,6	2,4

1897 жылы Ресей империясы бүкілхалықтық санақ жүргізіп, бұл санақ Қазақстан территориясын да қамтыды. П.П. Семенов-Тянь-Шаньский қатысқан бұл санақтың парактарты жүзге жуық томды құрап, оның белгілі бір томдары Қазақстан жерінде жүрген санақ нәтижелерін егжей-тегжейлі қамтиды. Бұл санақ халықтардың сөйлейтін тілдері негізінде жүргізілген. Қазақстан жерінде тұратын україндардың негізгі бөлігі, татар, өзбектердің кейбірі орыс тілінде сөйлейміз деп жазылған. 1897 жылы Қазақстан территориясында үш тілде сөйлейтін халық өкілдері тұрған, яғни халықтың 74-78%-ы қазақ, 10-13%-ы орыс, 1-2%-ы україндар тілінде сөйлейміз деген. Белгілі демограф-ғалым М.Тәтімовтың дәлелдеуінше, қазақтардың 10 %-ы бұл санаққа кірмей қалған. Бұл әрине кейбір қазақ қауымының санақ кезінде көш жолында болуымен байланысты деуге болады.

**Қазақстандағы халық саны**  
**(1897 ж. мың адам есебі)**

17-кесте

Үлтис	Саны	%
Қазактар	3392,8	81,8
Орыстар	454,4	11,0
Басқа этностар	300,6	7,2
Барлығы	4147,8	100

Түркістан өлкесі XIX ғасырдың 2-ші жартысында-ақ көп үлтты өлкеге айнала бастаған. Мысалы, 1879 жылғы Верный қаласында жүргізілген бір күндік санақ нәтижесінде қаладан 24 үлт өкілі, яғни 11 464 орыс, 624 казақ, 820 сарт, 1039 татар, 119 тараншы, 74 поляк, 11 литовтық, 1 латыш, 1 финн, 1 чех, 1 словак, 35 неміс, 1 ағылшын, 2 француз, 98 мордва, 5 зыряндық, 62 еврей, 113 дүнген, 3 бұхарлық, 167 қалмақ, 108 қытай, 13 сибо-солон, 14 маньчжур тіркелген. Санак нәтижесі “Түркестанские ведомости” газетінің 1879 жылғы №46 санында жарияланған.

Түркістан өлкесінің үлттық құрамынан, олардың орналасуынан 1905 жылы жүргізілген санақ нәтижелері де аса құнды этнодемографиялық мәлімет берген.

1917 жылы Қазақстандағы қазақтардың саны 4 млн. 980 мың болды. М.Тынышпаев өзінің 1925 жылы шығарған “Материалы к истории киргиз-казакского народа” атты еңбегінде: “Сырдария обл-да - 1 млн. 150 мың; Әмудария обл-да - 50 000; Самарқанд обл-да - 120 мың; Жетісу обл-да - 750 мың; Семей обл-да - 730 000; Ақмола обл-да 580 000 мың; Торғай обл-да 530 000; Орал обл-да – 590 000; Бөкей Ордасында 320 000; Манғышлак обл-да – 100 000; Алтай өңірінде – 60 000 қазақ тұрған. Бұған қоса 1917 жылдары Хорезмде - 100 000; Бұхарада - 400 000; Қытайды – 450 000; Ауғанстанда - 100 000 қазақ өмір сүрген”, – деп көрсеткен. Бұл мәліметті негізге алсақ, 1917 жылы шамамен Қазақ жері мен жақын шетелдердегі қазақтарды қосқанда 6 030 000 қазақ өмір сүрген.

1920 жылы 28 сәуірде алғашқы кеңестік санақ өткен. Бұл уақытта Азамат соғысы аяқтала қоймағандықтан санақта Қазақстанның барлық территориясы қамтылмады. Бұл санақ ауылшаруашылық санағымен қоса қабат жүрді. Ал 1923 жылғы 15 нау-рызда өтілген халық санағы өнеркәсіп және сауда орындарын толық қамтыған. Санақ Кеңес үкіметін нығайту мақсатында жүргізілді. 1926 жылғы Бұқілхалықтық санақ та Қазақстан жерін қамтыды.

1937 жылы Бұқілхалықтық санақ 5-6 қаңтар күндері өтілді. Кеңестік тоталитарлық жүйе, ауылшаруашылығы, индустріядағы қайта құрулар, ашаршылық, репрессия салдарынан Қазақстанның негізгі тұрғылықты халқы – қазақтардың саны күрт төмендеп кеткен. Сондықтанда Кеңестік үкімет бұл санақ нәтижелерін құпия үстады. КСРО

көлемінде 1937 ж. қазақтар саны 2862458, соның ішінде РКФСР-да 292099, ҚазКСР-да 2181520, ӨзКСР-да 287214, Түрікмен КСР-да 12396, Қыргыз КСР-да 25541 болды. Ал Қазақстан бойынша жалпы этностар саны төмендегідей болды.

### **Қазақстан халықтарының ұлттық құрамы ( 1937 ж.).**

18-кесте

1	2	3
Ұлты	Этностар саны	%
Барлығы	5 126 676	100
Қазақтар	2 181 520	42,6
Орыстар	1 917 673	37,4
Украиндар	549 859	10,7
Өзбектер	109 978	2,2
Татарлар	92 096	1,8
Немістер	80 568	1,6
Үйгірлар	32 982	0,7
Молдовандар	21 511	0,4
Дүнғандар	7 007	0,1
Қыргыздар	5 024	0,1
Басқалар	128 458	2,5

### **Қазақстан халықтары динамикасы (1930 – 1936 жж.)**

19-кесте

Жылдар	Саны	Жылдық өсім
1930	5873,0	
1931	5114,0	-759
1932	3227,0	-1887
1933	2493,5	-734
1934	2681,8	+188,3
1935	2926,0	+244,2
1936	3287,9	+361,9

Қазақстан жерінде келесі санақ 1939 жылы жүргізілді. Бұл санақ нәтижесі Қазақстанның көп ұлттылығының айғақтағанымен, қазақтардың үлес салмағының азайғандығын көрсетеді.

### **Қазақстан халықтары санының салыстырмалы көрсеткіші (1926 – 1936 жж.)**

20-кесте

	1926 саны	%	1939 саны	%
Халықтар	6 198 467	100	6 093 507	100
Қазақтар	3 627 612	58,5	2 313 674	38,0
Орыстар	1 275 055	20,6	2 449 128	40,2
Украиндар	860 201	13,9	656 676	10,8
Немістер	51 094	0,8	92 379	1,5
Татарлар	79 758	1,3	106 943	1,8
Өзбектер	129 399	2,1	103 240	1,7
Белорустар	25 584	0,4	31 309	0,5
Үйғырлар	63 432	1,0	35 354	0,6
Корейлер	42	0,01	95 903	1,6
Басқа халықтар	86 290	1,4	208 901	3,4

Бұл материалдар ұзак жылдар Госкомстаттың Орталық статистикалық Басқармасында құпия сақталды. Қазақстанның жергілікті түрғындарының саны азайып, басқа үлт өкілдерінің санының өсуі мемлекеттің саясаты негізінде жасалып отырғандықтан да Кеңестік үкімет бұл мәліметті құпия сақтап, шындықтың көзі тек Қазақстан егемендік алғаннан кейін ғана ашылып жатыр. Енді сол кезеңдердегі қазақтар санының азаюының тарихи себептеріне тоқталайық:

1928 жылы 27 тамызда КазЦИК-тің “Байшаруашылықтарын конфискеу” туралы қаулысы шығып, соның нәтижесінде 657 “байлар” мен “жартылай феодалдар” мемлекеттен қуылып, олардан 145 мың бастан аса ірі қара мал тәркіленді. Қазақтардың дәстүрлі көшпелі шаруашылығына жан-жақты

қыспақ жасап, жайылымдық жерлер мемлекетке алынды. 1929 жылы қараша айында Орталық Комитет көшпелі-малыш қазақтарды күштеп отырықшыландырып, мемлекетті жылына 1,6 млн. тонна астықпен қамтамасыз етуге шешім қабылдады.

Орталықтың озбырлық саясаты 1925 жылдан Қазақстанды басқарған Филлип Голошекиннің (1878-1941 ж.) қолшоқпарымен жүзеге асты. Халықтың 75%-ның тұрмыс-түршілігі көшпелі мал шаруашылығымен байланыстылыры ескерілмей, ата-бабаларынан рулық қауымға мұралыққа өтіп отырған жекеменшігіндегі малдарды аяусыз тартып алды. 1931 жылы 1926 жылмен салыстырғанда ірі қара мал 85%-ға кеміді, ал қой саны 95%-ға кеміді. Малдың еті мен сүті азық болған халықта жейтін еш нәрсе қалмады, халықты аштық жайлады. Саяси репрессияға 105 000 адам тартылып, 25 000 адам ату жазасына кесілді. Олардың тең жартысы белгілі мемлекет жөне қоғам қайраткерлері болды. Тек 1929 – 1931 жылдар аралығында 281 230 қазақ атамекенінен ауа көшіп, жат елдерден пана іздеді, 5551 қазақ сотка тартылды, 883 қазақ атылды. 1930 жылы 5 873 000 адамнан 1933 жылы 2 493 000 адам қалды. Тек ауыл халқы 1930 жылдың 1 маусымынан 1933 жылдың 1 маусымына дейін 3 379 005 адамға кеміп кеткен.

30-шы жылдардағы ашаршылық салдарынан қаза тапқандар саны жөнінде ғалымдар арасында әрқиыл мәлімет пен деректер қалыптасқан. Деректер мен айғақтардың ортақ түйіні адам шығынының орасан зор болғанын көрсетеді. Шетел әдебиеттерінде колективтендіру құрбандарының саны 10-15 млн., соның ішінде ашаршылықтан өлгендер саны 5-7 млн. деп көрсетіледі. Т.ғ.д. профессор В.П.Даниловтың пікірінше, ашаршылықтан құрбан болған адамдардың саны 3-4 млн. болған.

Мұрағаттанушылар және демографтар аштықтың және тағы да басқа жаппай ұжымдастырудың салдарларының нәтижесінде 1932–1933-шы жылдары 1 750 000 қазақ құрбан болды десе, жазушылар және публицистер құрбан болғандар санын 3 млн. адамға дейін жеткізеді. Партия тарихы институты ғалымдары болса, кеңестік дәстүрдің ықпалыменен бар болғаны 1 300 000 адам ғана қайтыс болды деген пікірді айтқан.

Қазақстандық белгілі демограф, ғалым М. Тәтімов 1987 жылғы пікірінде 1926-39 жылғы санақ материалдарын демографиялық жолмен есептеу нәтижесінде Республика халқының 1930 жылдардың аралығындағы бүкіл республика тұрғындарының ішінде қазақтардың 4 120 000 адамды құрағанын, ал 1931-1932 жылдардағы аштықтың барысында қазақ халқының аштық пен жүқпалы аурулардан болған құрбандардың ауқымы 2 млн. 20 000 адамды, яғни Республиканың жалпы халқының 49 %-ын құрағанын атап көрсеткен. Сонымен бірге ол ашаршылық кезеңінде Республикадан тыс жерлерге 616 000 адамның ауа көшіп, оның ішінде 205 000 адамның Қытайға, Моңголияға, Ауғанстанға, Иранға, Түркіяға босып кеткенін айтады. М.Тәтімов жалпы Қазақстандағы қазақ халқының қысқаруы 2 635 000 адамға жеткенін, яғни бұл көрсеткіш қазақ халқының 64%-ын қамтығанын, сонымен бірге Республиканың әртүрлі аймақтары бойынша бұл көрсеткіштің әртүрлілігін, мысалы Солтүстік аудандарда бұл халықтың 70%-ын, Оңтүстікте 50%-ын, Батыс аудандарда 60%-ын қамтығандығын көрсеткен.

Ж.Әбілқожин, М. Қозыбаев, М. Тәтімовтердің 1988 жылы бірігіп берген деректерінде 1931-1933 жылдардағы аштықта табиғи өліммен 250 мыңдай қазақ қайтыс болғанын, яғни бұл қазақтардың 7%-ын құрайтынын, сонымен бірге аурудан және аштықтан Республикада тікелей 1 750 000 қазақтың, яғни Республиканың байырғы халқының 42 %-ының қайтыс болғаны туралы пікірді қайталаган. 1998 жылы жарық көрген “Депортированные Казахстан народы: время и судьбы” деп аталағын жинаққа кірген өздерінің мақаласында белгілі тарихшылар Ж. Әбілқожин мен М.Қозыбаев осы деректерді қайта келтіре отырып, Халық шаруашылығының Орталық мемлекеттік мұрафатынан табылған жаңа құжаттардың деректері негізінде 1937 жылы КСРО көлеміндегі қазақтардың саны 2 862 458 адам болған деп көрсеткен.

1992 жылғы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі төралқасының осы мәселелерді зерттеуге байланысты комиссиясының корытындысы 1992 жылы 22 желтоқсанда “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланып, онда қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ, табиғи өлім деңгейі үнемі жоғары болуынан 2 200 000 адамнан, яғни барлық қазақ халқының 49%-нан айырылған,

- деп атап көрсетілді.

Қазақстан халық шаруашылығы басқармасы бас-тығының орынбасары болған М. Мацкевичтің 1935 жылы 20 қыркүйекте сол кезеңдегі Қазақстанның басшысы Л.И. Мирзоянға жазған Қазақ АКСР-ындығы халықтың жалпы санын есептеу туралы баяндау хатында 1930-1933 жылдарда Қазақстанда ауыл халқы санының 2351,6 мың адамға кеміп кеткендігін атап көрсеткен. Тарихшы-демографтар М. Асылбеков пен Ә. Фалиевтің есептеуінше, бұл жылдардағы қазақ халқының 8,6%-ы ғана қалаларда тұрган екен. Осыны ескерсек, жоғарыда аталған кемудің шын мөніндегі қазақтарға қатысты екенін мойындауға тұра келеді.

Мұрағат құжаттарын негізге ала отырып, белгілі ғалым-тарихшы Т. Омарбеков 1930-1933 жылдарда аштықтан Қазақстанда халық саны 3379,5 мың адамға кеміп кеткенін, оның ішінде 8-12%-дайының санақта кем көрсетілгенін, 1934 жылдың 1 қантарына дейін Қазақстандағы босқындардың саны 628,2 мыңдық құрағандығын, сонымен бірге 1933-1934 жылдары Қазақстанда 640 мыңдай адам босқындар ретінде шаруашылықтарға орналастырылғандығын атап айтады. Яғни Т. Омарбековтың зерттеулері бойынша күштеп ұжымдастырудың қарсаңында қазақ халқының саны 4 836 000 адамға жеткен. 800 000 қазақ ауылдарынан 1932 жылдың көктемінде 450 000 ғана қазақ ауылдары қалған. Қазақстанда қазақтардың алапат ашаршылықта 1933 жылы 1 149 000-нан астамы босқындар болды.

1930-1933 жылдардағы қазақ ауылында күрт кеміп кеткен адамдар санынан жоғарыда көрсетілген босқындарды шығарып тастаған кезде күштеп ұжымдастыру жылдарында 2 230 000-нан астам адамның опат болғанынын анықтауға болады. Сондай-ақ, Т. Омарбеков Қытайға және шетелдерге КСРО территориясынан өтіп кеткен босқындар санын 100 000-дай деп көрсете келе, Кеңестік Республикаларға бытырап кеткен босқындар санының 300 000-нан астам адам екендігін, 1929-1931-шы жылдары Қытаймен шекаралас Қазақстан аудандарындағы халықтың саны шамамен 87 000 адамға кемігенін, 1932 жылдың 1 қантарына дейін Қазақстанның Батыс Қытайға өтіп кеткен қазақтарының саны 60 000-ға тарта адам болғандығын айтады.

Қазақ халқының осыншама қысқаруының салдары қазақ

халқы үшін ауыр қасірет болды, бұл шығынды қазақ халқы тек 40 жылдан кейін, 1969 жылдардан бастап қана қалпына келтіре бастаған.

Жоспарлы түрдегі “халық жауының” ізіне тұсу саясаты 1950 жылдардың аяғына дейін жалғасты. “Отарлау”, “орыстандыру”, “ассимилизациялау”, “коллективтендіру” саясаттары, әрине халықтың ашу-ызасын туғызбай қоймады. Тек 1929-1931 жылдары ғана 527 саяси қаруланған қозғалыстар мен көтерілістер тіркелген. 1929 жылы Ақкөл ауданы шаруалары көтеріліске шықты. Олар аудандық орталықты басып алғып, жиналған астықты ашаршылықтан азап шегіп отырған халыққа таратты. 1930 жылы қантарда жеті күнге созылған Созақ көтерілісі болды. Осы жылы көтеріліске Жетісу шаруалары да шықты. Ақсұат көтерілісін басу кезінде 161 адам өлтіріліп, 509 адам қамауға алынды. “Адай” көтерілісіне қатысқан мыңдаған адайлар жеңілістен кейін шетелдерге кетуге мәжбүр болды. Қазір олардың үрпақтарының 5000 – Солтүстік Кавказда, 90 000 – Түркменияда, 15 000 – Иранда тұрады. Барлық қозғалыстар мен көтерілістер күшпен аяусыз басып тасталып отырды. Ахмет Байтұрсынов айтқандай: “Айырмен пушкаға қарсы шығу мүмкін емес, жеңіс күші көптің қолында болды”.

Орталық әкімшілікке қарсы қырес соғыстан кейінгі жылдарда да жалғасқан. 1954 жылы 16 мамыр – 25 маусым күндері “Степлаг” лагеріндегі 20 698 қамаудағылар көтеріліске шыққан. Көтерілісті басу үшін үкімет 16 солдат, 5 танк, 98 ізші итті жұмылдырыған. 1959 жылы тамызда Теміртау жұмысшылары, олардың артынан Жезқазған әскерилері, Шымкент жұмысшылары әлеуметтік құқық мәселесін көтеру мақсатында қозғалысқа шықты.

Соғыс жылдарынан кейін алғаш рет халық санағы 1959 жылы қантарда өтілді.

## Қазақстан халықтарының саны (1959 ж.)

21-кесте

Үлттар	Саны	%
1	2	3
Барлығы	9 309 847	100
Қазактар	2 794 966	30
Орыстар	3 974 229	42,7
Украиндар	762 131	8,2
Немістер	659 751	7,1
Татарлар	191 925	2,1
Өзбектер	136 570	1,5
Корейлер	74 019	0,8
Үйғырлар	59 840	0,6
Басқа үлттар	656 416	1,7

Бұдан кейінгі халық санағы 1970 жылды 15-22 қаңтар аралығында өтіп, нәтижесі төмендегідей болды.

## Қазақстан халықтарының саны (1970 ж.)

22-кесте

Үлттар	Саны	%
Барлығы	13 008 726	100
Қазактар	4 234 166	32,5
Орыстар	5 521 917	42,4
Украиндар	933 461	7,2
Немістер	858 077	6,6
Татарлар	287 712	2,2
Өзбектер	216 340	1,7
Белорустар	198 275	0,9
Үйғырлар	120 881	1,0
Корейлер	81 598	0,6
Әзербайжандар	57 699	0,4
Басқа үлттар	498 600	3,8

Осы санақ бойынша КСРО-да 5 298 818 қазақ, оның ішінде ҚазКСР-да – 4 234 166, РКФСР-да – 477 820, ӨзКСР-да – 476 310, Қыргыз КСР-да - 21 998, Тәжік КСР-да – 8 306, Түркмен КСР-да - 68 519 қазақ тұрды.

1970–1980 жылдары Қазақстандағы демографиялық ахуал қалыпты жағдайда болды.

### **Қазақстан халықтарының саны (1979 ж.)**

23-кесте

Үлттар	Саны	%
Барлығы	14 684 283	100
Қазактар	5 289 349	36,0
Орыстар	5 991 205	40,8
Немістер	900 207	6,1
Украиндар	897 964	6,1
Татарлар	313 460	2,1
Өзбектер	263 295	1,8
Белорустар	181 491	1,2
Үйғырлар	147 943	1,0
Корейлер	91 984	0,6
Әзербайжандар	73 345	0,5
Басқа үлттар	534 040	3,6

### **Қазақстан халықтарының саны (1989 ж.)**

24-кесте

Үлттар	Саны	%
1	2	3
Барлығы	16 199 100	100
Қазактар	6234616	39,7
Орыстар	6227549	37,8
Украиндар	957518	5,8
Немістер	896240	5,4
Өзбектер	332017	2,0
Татарлар	327982	2,0
Үйғырлар	185301	1,1

1	2	3
Белорустар	182601	1,1
Корейлер	103315	0,6
Әзәрбайжандар	90032	0,5
Басқа ұлттар	627243	4,0

## 7.1 Қазақстан халықтарының қазіргі демографиялық жағдайы

1999 жылғы Халықаралық санақ және ҚР Статистикалық агенттігінің Қазақстан халықтары жөніндегі мәліметі төмендегідей: қазақтар саны - 7 985 039; орыстар - 4 479 620; украиндар - 547 054; өзбектер - 370 663; немістер - 353 441; татарлар - 248 954; үйғырлар - 210 365; белорустар - 111 926; корейлер - 99 665; әзәрбайжандар - 78 295; түрктер - 75 933; поляктар - 47 297; дүнғандар - 36 945; күрдтер - 32 764; чечендер - 31 799; тәжіктер - 25 657; башқұрлар - 23 225; молдавандар - 19 460; ингуштар - 16 893; мордовалар - 16 147; армяндар - 14 758; гректер - 12 703; чуваштар - 11 851; қырғыздар - 10 896; удмурттар - 9090; литовтар - 7070; болгарлар - 6 15; еврейлер - 6743; мариyllар - 6489; грузиндер - 5356; цыгандар - 5130; лезгиндер - 4616; қытайлар - 3510; парсылар - 2869; түрік-месхеттер - 2761; балкарлар - 2079; осетиндер - 2039; эстондар - 1819; латыштар - 1816; түркмендер - 1729; қарақалпақтар - 1497; аварлар - 1407; қарашибайлар - 1400; қырым татарлары - 1006.

Басқа аз ұлттар саны - 157 832. Яғни чехтар - 945; абазиндер - 64; абхаздар - 185; австриильтар - 45; агулдер - 126; адигейлер - 130; албандар - 46; алеуттар - 8; алтайлықтар - 462; американлықтар - 98; ағылшындар - 81; арабтар - 533; ассирилықтар - 371; ауғандар - 491; белудждер - 33; буряттар - 553; венгрлер - 440; вепстер - 30; вьеттер - 29; гагауздар - 678; голландықтар - 21; грузиндік еврейлер - 18; даргиндер - 879; долғандар - 25; жапондар - 35; қырым еврейлері - 20; ижорлар - 15; испандықтар - 34; итальяндар - 113; ительмендер - 2; кабардиндер - 23; қалмақтар - 731; қарайымдар - 28; карельдер - 410; кеттер - 5; комилар - 387; коми пермяктар - 935; коряктар - 48; кубиндер - 50; лактар - 590; ливтар - 3; мансилар - 8; монғолдар - 602; нанайлар - 19; үнділер мен пәкістандықтар 84

- 682; нганастар - 6; негидаль - 1; ненцтер - 83; нивхилер - 8; ногайлар - 350; орта-азиялық еврейлер - 28; орок - 1; ороши - 4; румындар - 594; рутульдар - 113; рушандар - 20; саамдар - 2; селькуптар - 3; серб - 1; словактар - 48; табасаран - 298; талыштар - 691; таттар - 51; тау еврейлері - 14; тофалар - 29; тувиндер - 35; удиндер - 249; удэгейлер - 47; ульчтар - 3; финдер - 547; француздар - 31; хакастар - 355; ханттар - 24; хорваттар - 39; цахурлар - 17; черкестер - 182; чехтар - 945; чувандар - 375; чукчалар - 19; шведтер - 24; шорңтар - 212; шугнандар - 21; эвенкилер - 30; эвендер - 28; энцтер - 7; эскимостар - 8; юкагирлер - 6; якуттар - 115.

Осы 1999 жылғы санақ нәтижесінде 1897 жылдан бергі уақытта Қазақстан халқы 10 940 000 адамға көбейгені (1897 ж. - 4147,7; 1926 ж. - 6198,5; 1937 ж. - 5126,7; 1939 ж. - 6093,5; 1959 ж. - 9294,7; 1970 ж. - 13008,7; 1979 ж. - 14684,3; 1989 ж. - 16464,5; 1999 ж. - 14953,1 адам) белгілі болды.

### **Қазақстандағы халықтың ұлттық құрамының өзгеруі (2005–2010 жж. мың адам есебі)**

25-кесте

Үлт	2005 ж. басы	2010 жылға болжам	%
1	2	3	4
Қазақтар	8 720	9 900	62
Орыстар	4 025	3 750	23
Украиндар	458	400	2,5
Өзбектер	423	470	3
Немістер	225	200	1,2
Татарлар	230	220	1,3
Үйғырлар	227	250	1,6
Корейлер	101	105	0,7
Белорустар	94	85	0,4
Әзербайжандар	86	95	0,6

1	2	3	4
Түрктер	84	90	0,5
Поляктар	41	40	0,2
Дүнғандар	44	50	0,3
Күрдтер	42	45	0,3
Чечендер	34	35	0,2
Тәжіктер	31	35	0,2
<b>Басқалар</b>	<b>207</b>	<b>215</b>	<b>1,4</b>
<b>Барлығы</b>	<b>15 065 000</b>	<b>15 980 000</b>	<b>100</b>
Түркілділер	9 817 000	11 077 000	69
Славянтілділер	4 620 000	4 278 000	27
Қалғандары	628 000	625 000	4

## 7.2 Шетелдердегі қазақ диаспорасының демографиялық жағдайы

Қазақ диаспорасы мәселесі қазіргі мемлекеттің егемендік алған тұста үлттық проблема, үлттық саясатты құрап отырган мәселе. Шетелдерде тұратын қандастарымыз мәселесі, оларды атамекенге көшіру мәселесі мемлекеттің басты саяси міндеттерінің бірі болып отыр.

Өткен ХХ ғасыр қазақ халқы үшін зобалан жылдарға, қуғын-сүргінге толы болғаны белгілі. Осындағы саяси-идеологиялық саясат салдарынан бүгінде қазақ халқының үштен бір бөлігі шетелдерде өмір сүруде. Қазақтардың жат жерге қоныс аударуының тарихы 1650 жылдардан басталады. Үдере көшу әрқиылды тарихи оқиғалармен бірнеше рет жалғасын тауып, екі ғасырға созылып, 1930-шы жылдардағы ойраннан кейін ғана тоқтаған.

Әлемдегі қазақ үлттының 5 млн.-ға жуығы атамекенінен жырак, шетелдерде тұрады. Тарихтың толқынында атамекенінен ажырап қалған қазақтардың этномәдени және әлеуметтік-экономикалық өркендеу деңгейі әртүрлі болып отыр. Әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесіне айналған Қазақстан Республикасы өркениетті қоғам сипатына сай оларға қамқорлық жасауды мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігіне айналдырыды. Олармен атқарылар жұмысты

Ұдайы және мақсатты түрде жетілдіру саясатын жүзеге асырудың басты нысаны - Қазақстан Республикасының Президентінің 1996 жылы 31 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген “Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы” болып табылады. Алты түрлі негізгі бағыт белгіленген бұл бағдарламаны ғылыми түрғыдан қамтамасыз ету саласында шетелдегі отандастардың тыныс тіршілігі мен діліне, өлеуметтік-экономикалық жағдайларына, құқықтық хал-ахуалына, демографиялық үрдістеріне зерттеулер жүргізу мәселелері нысандалған. Осылайша отандас-тардың проблемаларын кешенді зерттей отырып, практи-калық шарапардың бірлігін өзара жетілдіре түсудің маңызын баса көрсеткен. Бұл аталған құжатта шетелдегі қазақтардың тарихи дамуы мен олардың өлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінің өткені мен бүгініне зерттеулер жүргізу, дәлірек айтсак, этномәдениеті, этнодемографиялық серпіні, этнопсихологиялық қалыптасу аспекттері мен ұлттық сана-сезімін және олардың жазандану мен демократия дәуіріндегі жана геосаяси кеңістіктегі ерекшеліктерін зерделеу белгіленген.

Шетелдердегі қазақтардың атамекенге қоныс аударуы – Қазақстан мемлекетінің даму стратегиясының маңызы зор басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақ ұлтының өкілдері қай елде өмір сүрмесін тарихи Отаны – тәуелсіз Қазақстанға бет бұрып, келешек өмір-тірлігін ұлттық ортада жалғастыруға ұмытылуда.

Шет мемлекеттердегі этникалық қазақтардың XX ғ. репатрация тарихынан, атап айтқанда, 1950 жылдардағы және 1990 жылдарың басындағы көші-қон жағдайларын, жай-күйін білдіретін статистикалық, демографиялық деректер жеткілікті. Келіп орналасқандар жергілікті жағдайға өлеуметтік бейімделуді басынан кешірді. Оралмандар отбасы негізінен көпбалалы болып келетіндіктен, еліміздегі негізгі ұлт санының өсуіне шетелден қоныс аударған қазақтардың айтарлықтай үлес қосқаны мәлім жәйт.

XX ғасырда атамекенге көштің басы 1955 жылы және 1962 жылы басталған еді. Сол кезеңде 350 мындағы қазақ елге Шығыс Түркістаннан оралған екен. 1955 жылы сөүірдің 10-нан мамырдың 1-не дейін айналасы 20 күннің ішінде 150-200 мың адамның өте шығуы ерекше күбылыс.

Келесі көш легі Қазақстанның егемендік алған 1990 жылдардың басынан-ақ Монголиядағы қазақтардың атамекенге ағылуы еді. Алғашқы жылдары жылына мындаған отбасы қоныс аударған еді. Іле-шала атамекенге көш жолында Өзбекстан, Қарақалпақстан, Ауғанстан және Қытай сияқты шет-елдегі қазақтар тарихи Отанына орала бастайды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар ішінде қоныс аударған қазақ отбасының саны 300 мынға жуықтады.

Қазақтар бүгінде дүниежүзінің қоپтеген елдерінде мекен ететін болса, солардың денін Еуропага Түркия арқылы тарап кеткен қазақтар құрайды. Ал ол қазақтардың Түркияға баруының өзі қылыш тарих. 1930 жылдардан Шығыс Түркістандағы қазақтардың Чин империясының зорлық-зомбылық саясатына қарсы көтерілістерінің нәтижесінде қазақтардың одан әрі ауа көшүі орын алды.

1941 жылдың жазында 5000 қазақ Цинхайдан ары қарай ауа көшіп, шайқаста 2000 адамынан айырылып, 3000 Үндістанға жетті. Олардан соң 1951 жылы Халибек Ҳакім бастаған 350 қазақ тағы барып қосылды. Олар Үндістанда, Пәкістанда өмір кешіп, сонында 1954 жылы 1800 адам Түркияға жетті. Сол қазақтардың үрпағы Германия, Англия, Франция, Швеция, Америка, Жапон, Тайвань, Үндістанда өмір сүреді. Қазақтың абақ-керей тайпасы өзүллеттерінің бұл реткі қоныс аударуы бір тайпа өміріндеған емес, қазақ ұлтының тарихындағы аса мұнды-трагедиялық оқиға болды.

Сондай-ақ, Қазақстанда дәстүрлі шаруашылықғының ырғағын бұзған экономикалық реформалар кезінде (1928-1930) және құғын-сүргін жылдарында (1933-1937) шетелдерге ауып, пана іздел кеткен қазақтар Қытай, Ауғанстан, Иран сияқты елдерге барып қоныстанды.

Қытайға және басқа елдерге кеткен қазақтар туралы Г. Мендікұлова “Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие” деген атпен жарық көрген өзінің монографиялық енбегінде жазады. Ол 1979 жылы Ауғанстанда өмір сүріп жатқан қазақтардың саны 24 000-ға жеткендігін және 1968 жылы Ирандағы қазақтардың өміріне тоқталып онда 400 отбасы өмір сүргендігін т.б. қоپтеген деректер айтады.

1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Алматы қаласында Дүниежүзі қазақтарының 1-ші құрылтайы өтіп,

оған әлемнің 33 елінен 1200 қазақ қатысты. Дүниежүзі қазактарының 2-ші құрылтайы 2002 жылдың 23–24 қазан аралығында Түркістан қаласында өтіп, оған әлемнің 36 елінен 700 қазақ, ал, Дүниежүзі қазактарының 3-ші құрылтайы 2005 жылы Астана қаласында өтіп, оған әлемнің 32 елінен 314 қазақ қатысты.

2005 жылы қыркүйек айындағы мәлімет бойынша 5 млн.-ға жуық қазақ әлі де алыс және жақын шетелдерде тұрып жатыр. Әлем бойынша барлығы 13 333 333 (2005 ж. қыркүйек) қазақ болса, Қазақстанда – 8 млн. 960 мың; Қытайда – 1 млн. 350 мың (ресми), 2 млн. (іс жүзінде); Монголияда – 150 мың (ресми), 175 (іс жүзінде); Ауғанстанда – 30 мың; Түркияда – 25 мың; АҚШ-та – 14 мың; Иранда – 13 мың; Германияда – 10 мың; Канадада – 9 мың; Францияда – 6 мың; Англияда – 4 мың; Пәкістанда – 3 мың; Үндістанда – 3 мың; Швецияда – 2,5 мың; Біріккен Араб елдерінде – 2,5 мың; Австрияда – 2 мың; Израильде – 2 мың; Австралияда – 1,5 мың; Аргентинада – 1 мың; Бельгияда – 1 мың; Нидерландыда – 1 мың; Чехияда – 1 мың; Сауд Аравиясында – 1 мың; Иорданияда – 1 мың; Египтеге – 0,9 мың; Грецияда – 0,8 мың; Сирияда – 0,7 мың; Мароккода – 0,6 мың; Жапонияда – 0,5 мың; Солтүстік Кореяда – 0,4 мың; Оңтүстік Кореяда – 0,1 мың; Тайванда – 0,3 мың; Индонезияда – 0,2 мың; Швейцарияда – 0,1 мың; Өзбекстанда 1 млн. 200 мың (ресми), 2 млн. 500 мың (іс жүзінде); Ресейде 700 мың (ресми), 1 млн. (іс жүзінде); Түркменстанда 115 мың (ресми), 140 мың (іс жүзінде); Қырғызстанда – 94 мың; Украинада – 15 мың; Тәжікстанда – 20 мың; Белоруссияда – 5 мың; Әзербайжанда – 3 мың; Грузияда – 3 мың; Молдавияда – 2,5 мың; Латвияда – 2,5 мың; Литвада – 2 мың; Эстонияда – 2 мың; Арменияда – 2 мың қазақ (2005 ж.) тұрады.

Қазактардың жақын шетелдердегі аймақтар бо-йынша орналасуы 1999 жылғы мәлімет бойынша төмөндегідей: Әмудария сағасында – 370 мың, Еділ бойында – 310 мың, Ташкент маңында – 300 мың, Орал-Жайық өңірінде – 160 мың, Сібір өлкесінде – 125 мың, Тамды аймағында – 100 мың, Мырзашөлде – 60 мың, Ішкі Ресейде – 45 мың, Қызыр Шығыста – 10 мың, Солтүстік Кавказда – 5 мың, Құлжа-Іле анғарында – 450 мың, Шәуешек-Тарбағатай өңірінде – 300 мың, Сүмбебі-Алтай етегінде – 230 мың, Монголиядағы Алтай беткейінде – 130 мың, Ішкі Қытай провинциясында – 85 мың,

Моңголияның ішкі аймақтарында – 25 мың.

Бұғынгі таңда шетелдегі қазақтардың көшіп келуіне квота бөлу мемлекеттіміздің басты саясатының бірі болып отыр.

### **Сұрақтар:**

1. XIX ғасырдағы Қазақстандағы халықтар саны.
2. 1897 жылғы санақтың қазақ жерінде өтілуі және нәтижелері.
3. Кеңес дәүірінің алғашқы кезеңіндегі қазақ жеріндегі санақтар нәтижелері.
4. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан халықтарының өсу динамикасы.
5. Шетелдегі қазақ диаспорасының демографиялық жағдайы мен қоныстануы.

### **Әдебиет:**

1. Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографические процессы современного Казахстана. Алматы, 1995.
2. Омарбеков Т. 20-30-жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы: Санат, 1997. 280-320-бб.
3. Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. Алма-Ата: Фылым, 1997.
4. Ескекбаев Д. Қазақ диаспорасы: бұғіні және болашағы. Алматы, 2003.
5. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. – Алма-Ата: Фылым, 1990. 64-65-бб.

## **§8. ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТИК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТЕНДЕНЦИЯСЫ**

1989 жылғы халық санағы нәтижесіне қарағанда 1999 жылғы санақ нәтижесінде Қазақстан халқы 16,2 млн.-нан 14,9 млн. адамға, яғни 1,7 млн. адамға немесе 7,5 %-ға азайды. Халық санының азауы соңғы онжылдықта миграция сальdosының көрсеткіші, республикада тұратын этникалық топтардың өз тарихи Отандарына қайтып оралуы, бала туу көрсеткішінің төмендеуімен байланысты болды. Соңғы онжылдықта бала туу көрсеткішінің айырмашылығы мынандай: 1989 жылы әрбір 1000 адамға 23,4 жаңа туылған баладан келсе, 1999 жылы әрбір 1000 адамға 14 жаңа туылған баладан келді. Бала туу көрсеткіші жоғары болады деген ауылдың өзінде 1995 жылы 1000 адамға 21,5 жаңа туылған баладан, 1998 жылы 1000 адамға 16,6 жаңа туылған баладан келіп, тағы да төмен көрсеткішті көрсөтті. Көп балалы отбасылар саны азайды, 1997 жылдың басында олардың саны 232,4 мың болса, 2000 жылы 217,4 мыңға дейін азайды. Тек 2000 жылы ғана “Қара домалақ – 2000” саясаты нәтижесінде бала туудың көрсеткіші аз да болса жоғары көтеріліп, 1000 адамға 15,2 жаңа туылған баладан келді.

Бала туудың төмен көрсеткіші урбанизация, аборттың әйелдердің репродукциялық денсаулығына әсер етуі, ана мен баланың өлімінің жоғары болуымен, баланы жоспарлап туумен тығыз байланысты. Сондай-ақ, соңғы онжылдықта әлеуметтік-экономикалық ахуалдың төмендеуімен байланысты.

Тұрғындар арасында өлім көрсеткіші де жоғары болып отыр. 1999 жылы әрбір 1000 адамға 10,1 өлген адамнан, 2000 жылы әрбір 1000 адамға 10,5 өлген адамнан келді. Жаңа туылған балалар арасында да өлім көрсеткіші жоғары. 2000 жылы әрбір 1000 адамға 19,6 жаңа туылған нөресте өлімінен келді.

Көптеген дамыған шетелдерде, әсіреле Еуропа елдерінде өлімнің жоғары көрсеткіші табиғи демографиялық процесспен, тұрғындардың қартаюымен байланысты болып келеді. Қазақстанда 1989 – 1999 жылдар аралығында халықтың орташа өмір сүру жасы да төмендеді. 1999 жылы халықтың орташа өмір сүру жасы 64 жас болды. Соңғы 2006 жылғы

мәліметтер бойынша Қазақстанда өмір сүрудің орташа мөлшері 67 жастан аспайды. Жекелеп алғанда ерлердің орташа өмір сүру жасы 58,5 жас, әйелдердің орташа өмір сүру жасы 69,9 жас. Ерлердің орташа өмір сүру жасының төмендігі ерлер арасында өлімнің жоғары болуымен байланысты.

Қазіргі таңдағы Қазақстан демографиясының басым мақсаттарының бірі адамдардың өмір сүру ұзақтығын арттыру, яғни 2015 жылға қарай туылған кездегі болжалды өмір сүру ұзақтығын 1987 жылғы ең жоғары деңгейге – 70,5 жасқа қайта жеткізу. Болжам бойынша, адамдардың өмір сүру ұзақтығы 2020 жылға қарай – 72,5 жасқа, 2030 жылға қарай – 75,5 жасқа ұзара түседі.

1998 жылы 1000 тірі туылған балаға 21,9 өлі туылған баладан, 1999 жылы 1000 тірі туылған балаға 20,1 өлі туылған баладан келді, ал 2000 жылдың алғашқы жеті айында 1000 тірі туылған балаға 19,6 өлі туылған баладан келіп, аз да болса бала өлімі төмендеді. Аурудан өлу көрсеткіші де соңғы жылдары төмендеп келе жатыр.

Елімізде бала туудың көрсеткіші соңғы жылдары өсіп келе жатыр. 2000 жылдың алғашқы жеті айында 131,2 мың бала дүниеге келді. Бұл көрсеткіш 1999 жылға қарағанда 5,9%-ға артық. Статистика Агенттігінің мәліметі бойынша, 2002 жылы тек Алматыда 20 000 бала (2001 жылмен салыстырғанда 2000 балаға артық), 2003 жылы тек қаңтарда елімізде 20 мың бала, 2005 жылы 291 400, 2006 жылы 302 000 бала туылған. Бұл алға ілгерілеушілік халықтың әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалының жақсара бастауымен, Мемлекеттің “Халық денсаулығы” бағдарламасымен, түрлі ауруларға қарсы вакцинациялар егумен де байланысты. Республикалық бюджеттен 2003 жылы хылық денсаулығы саласына 10 млрд, 2004-2005 жж. 15 млрд-тан қаржы бөлінген. Дегенменде 2006 жылғы соңғы мәлімет бойынша Қазақстанда бір әйелге – 1,82 баладан келіп отыр, орта есеппен, яғни 2 балаға да жетпейді. Бұл әрине Қазақстан үшін төмен көрсеткіш. Демографтардың дәлелдеуінше, Қазақстанда 18 – 29 жас аралығында бір адамға 0,54; 30 – 39 жас аралығында бір адамға 1,67; 40 – 49 жас аралығындарда бір адамға 1,92 баладан келеді, ал 50 жастан жоғарылар арасында орта есеппен бір адамға 2,31 баладан келеді.

Мамандардың демографиялық болжамы бойынша,

Қазақстанда бала санының күрт көбею 2017-2018 жылдары байқалуы мүмкін дег отыр. Болжам көрсеткіші бойынша 2010 ж. - 372,6 мың, 2015 ж. - 378,9 мың, 2020 ж. - 338,8 мың, 2025 ж. - 313,8 мың, 2030 ж. - 335,0 мың бала туылуы мүмкін.

Халықтың демографиялық өсіміне отбасылық-неке қатынастары да әсер етеді. 2000 жылдың алғаш-қы жеті айында некелескендер саны 1999 жылға қарағанда 9,6 %-ға есті. Қазақстанда 1991 жылы 1000 адамға некелесу саны 10,1 болса, 1996 жылы – 6,6, 2001 жылы – 6,3 болған.

Демограф және саясаттанушы ғалымдардың пайымдауынша, Қазақстан халықтарының табиғи өсімінің процесіне 53% - денсаулық, 19% - экология-лық, 17% - экономикалық, 11 % - басқалай факторлар әсер етеді.

Халықтың өсімі ана мен бала денсаулығына тығыз байланысты. Қазіргі кезде елімізде 100 әйелге 20 денсаулығы жақсы әйелден келеді. Қазақстан әйелдерінің 60 %-ы анемияға шалдыққан. 1998 жылы 72 әйел бала табу үстінде қаза болған. Ана денсаулығына кері әсер ететін фактордың бірі – жасанды түсік. Қазіргі кезде елімізде 1000 әйелге 45,1 жасанды түсік жасатқан әйелден келеді. 1993-1999 жылдар аралығында елімізде 1 млн. 415 жасанды түсік тіркелген екен.

1989 жыл мен 1999 жыл аралығында Қазақстанның демографиялық тенденциясында елеулі жастық және жыныстық өзгерістер байқалды. 0-15 жас аралығындағы балалар арасында адам саны 16%-ға қысқарды. 16-60 жастағылар арасындағылар саны 5%-ға қысқарды. Олардың 2/3 бөлігін ерлер құрайды. Керісінше 60 жастан жоғарылар саны есті. 1989 жылы 65 жастан жоғарылар халықтың 5,4%-н құраса, 1999 жылы 6,7%-н құрады. Әйелдер саны ерлер санынан 1,8%-ға артық болып отыр.

1999 жылғы мәлімет бойынша, Қазақстан халқының жастық структурасы келесідегідей қалыптасты. Балалар мен жасөспірімдер халықтың 28,6%-н, 15-59 жас арасындағылар 60,7%-н, 60 жас және одан жоғарылар 10,7%-н құрады. Елімізде 24 жасқа дейінгілер арасында ерлер саны, 25 жастан жоғарылар арасында әйелдер саны басым. Мұндай диспропорцияның болуы соғыс жылдарының әсерінен, әміграциямен, бала туудың төмен, өлімнің жоғары көрсеткішімен байланысты. Қазіргі кезеңде Қазақстан 1000 адамға шаққанда 16 жасқа толмағандар коэффициенті

жағынан 138-ші орыннан көрінеді.

Ауыл адамдарының арасында да ерлерге қарағанда әйел адамдардың саны басым. 1889 жылғы санакта Қазақстан бойынша ауыл адамдарының 49,6%-н ерлер, 50,3%-н әйелдер, ал 1999 жылы 49,9%-н ерлер, 50,1%-н әйелдер құраған, яғни 1989 жылы ауылдық 1000 әйелге 984 ер адамнан, 1999 жылы 997 ер адамнан келген.

1989 жылы қала халқының саны 9,432 млн. адам, ауыл халқы – 7,067 млн. адам, 1999 жылы қала халқы 8,327 млн. адам, ауыл халқы – 6,576 млн. адам болды. Бұл мәлімет урбанизацияның басымдығын көрсетеді. Республика ішінде қоныстану жұмыс көзінің болуы, жалақының жоғары болуы себепті Алматы қ., Астана қ., Алматы, Ақмола, Манғыстау облыстарында басым. Ал көшіп кету экологиялық жағдайға байланысты Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында басым.

Қазақстанның 2030 жылға дейін өркендеу стратегиясының басты бағыттарының бірі мемлекетіміздің халқының өсіміне маңызды көніл бөлу. Бұл стратегияда алға қойылған мақсаттың бірі – 2030 жылға қарай Қазақстан халқының санын 20 млн. адамға дейін жеткізу. Әрине мұндай көрсеткішке жетудің жолдары бала туу көрсеткішінің өсуімен, халық денсаулығының жақсаруымен және миграция потенциалымен тығыз байланысты.

### **Сұраптар:**

1. 1989 жылғы санақ нәтижесіндегі балалар мен жасөспірімдер үлес салмағы.
2. 1999 жылғы санақ нәтижесі: Қазақстан халықтарының кему себептері?
3. ҚР халық денсаулығының потенциалы қандай?
4. 1989–1999 жылдарғы ҚР халықтарының орташа өмір сүру жасының көрсеткіші.
5. 1989-1999 жылдарғы санақ нәтижелеріндегі ҚР халықтарының жастық, жыныстық структурасындағы өзгерістер.

## **Әдебиет:**

1. Численность и размещение населения в РК. Итоги переписи населения 1999 г. в РК. I-II тома. Алматы, 2000.
2. Адам дамуы туралы есеп. Қазақстан – 2005. Алматы, 2005.
3. Современная демографическая ситуация в Казахстане. Алматы, 2004.
4. Тәтімов М., Әлиев Ж. Дербестігіміз – демографияда. Алматы, 1999.

## **§9. ҚАЗАҚСТАН ДИАСПОРАЛARYНЫҢ ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНА ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫ, ДЕМОГРАФИЯСЫ**

Бұғаңға таңда мемлекетімізде тұратын орыс, украин, белорус, поляк, ингуш сияқты әртүрлі ұлттар мен топтар Қазақстан жеріне әрқылы заманда, әртүрлі жағдайға байланысты келіп қоныстанған. Қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің қоныстануы Кіші жуз қазақтарының Ресейге қосылу кезеңінен кейін бастау алған. Қазақ жеріне алғаш елшілер, сенімді өкілдер, әскерилер келіп, жан-жақты бақылау жасай бастады. Ресейдің отаршылдық саясатын толықанды іске асыру нәтижесінде әскерилер қаузыра бекіністер салып, олар кейін Верный, Петропавл, Ақмола, Қекшетау сияқты елді мекендерге айналды. Қазақ жеріне түпкілікті орнығуға орыс шаруалары көшіріліп, көшпелі қазақтардың шұрайлы деген жерлеріне қоныстандырылды. Азамат соғысынан кейін орыс шаруаларының жаппай қоныстануы тоқтап, славян тектес халықтар өндірістік және қалалық орталықтарда шоғырланды.

Халықтардың Қазақстанға келіп қоныстануының үлкен бір кезеңі – Қазақстанға арнағы көшірілген немесе депортацияланған халықтар тарихымен тығыз байланысты. 1937 жылдың күзінен тоталитарлық саясаттың құрбанына айналған тұтас халықтар өз жүртynan қазақ жеріне құштеп көшірілді. Атап айтқанда, 1937 жылы Қазақстанға Маньчжурға өлкесінен 102 корей қоныс аударуға мәжбүр

болды. 1938–1944 жылы қазақ жеріне Кавказдан ингуштар, чечендер, балкарлар, қарашибайлар, Қаратеңіздің солтүстік жағалауынан қырым-татарлары, месхед-түріктер, поляктар, балкарлар, күрдтер, Еділ бойынан немістер, 1947–1952 жылы мындаған латыштар, эстондар, батыс украиндар қазақ жеріне зорлықпен көшіріліп, түпкілікті қоныстандырылды. 1953–1955 жылы Тың игеру деген желеумен Қазақстан жеріне өзге үлттардың миллиондаған өкілдері көшіп келді. Сейтіп, кеңестік тоталитарлық жынысқы саясаттың салдарынан байыры үлт — қазақ халқы өз жерінде азшылыққа ұшырап, Қазақстан 130-дай үлттың өкілі тұратын “интернационалдық” мекенге айналды.

Қазақстанда саны жағынан ең көп этнос — *орыс* халқы. 1989 жылғы бүкілодақтың санақ нәтижесінде орыстар Қазақстандағы халықтың 37,8% құрады. Қазақстандық орыстардың 51,3% қалалық жерде, 19,3% ауылдық жерде тұрады. Ресейдің Қазақстанның жеріне көз тігіү сонау X ғ. Хазар қағанатына Киев Русінің шабуылы кезінен басталады. XVI ғ.-нда ортасында Казань, Қырым, Астрахан хандықтары бөлінді. 1581 ж. Оңтүстік Сібірге (қазіргі Қазақстан терр.) Ермактың шабуылы болды. Жаппай қоныстану 1731 ж. Қазақстанның Ресейдің қол астына кіруінен басталды. 1717–1723 жж. Царицын, 1652–1656 жж. Закам, 1663 – 18 ғ. басында Сібір, 1716 – 1720 жж. Ыртыш, 1730 – 1740 жж. Орынбор, 1743 ж. Уйская және Яицкая, 1725 ж. Сакмар, 1613 ж. Яицк, 1752 – 55 жж. Ески Сібір әскери линиялары құрылған. Орыс әскерлерінің қаузыра бекініс салуы да орыстардың қоныстану тарихының бастамасы. 1720 ж. Өскемен, 1716 ж. Омск, 1717 ж. Темір, 1716 ж. Ямышевск, 1718 ж. Семей, 1752 Петропавл, 1849 ж. Райым, 1845 ж. Орал, 1845 ж. Орынбор, 1846 ж. Жана Петропавл, 1846 ж. Арап, 1848 ж. Қарабұтак, 1852 ж. Қазалы, 1854 жылдары Қопал, Сергиополь, Верный бекіністері салынды. 1868 ж. Зайсанда Жасмин казак бекеті құрылды.

Түркістан көші-қон басқармасы, Мемлекеттік меншік министрлігі, 1865 жылдан бастап құрылған Сырдария статистикалық партиясының атқаратын басты міндеттері орыс шаруаларының қоныстануына ыңғайлыш шұрайлы жерлерді іздестіру және орналастыру болды. Қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алу үрдісі қаншалықты ұқыптылықпен жүргізілсе, орыс шаруаларын қоныстандыру ісі де соншалықты

тыңғылышты үйімдастырылды. 1887 жылы Әулиеата мен Шымкент уездеріне 203 орыс шаруаларының отбасы көшірілді.

1891–1905 жж. Трансібір теміржолы, 1906 жылы “столыпиндік реформа” Ресейдің түкпір-түкпірінен шаруалардың Қазақстанға қоныс аударуының легін тудырды. 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Қазақстан саяси тұтқындардың (троцкишілер, бухариндіктер т.б.) жер аударылған жері болды. 1932 жылы жер аударылған орыстар саны 180,0 мыңға жетті. 1926 ж. 1275,7 мың орыс (20,6%), 1939 ж. – 2458,7 мың (40%), 1959 ж. – 3972,0 мың (42,7%), 1970 ж. – 5521,9 мың (42,4%), 1979 ж. – 5991,2 мың (40,8%), 1989 ж. – 6227,5 (37,8%), 1999 ж. – 4479,6 мың орыс болды.

Қазақстанда (1999 ж.) тұратын орыстардың жалпы саны – 4479620. Ақмола обл-да - 329454, Ақтөбе обл-да - 114416, Алматы обл-да - 339984, Атырау обл-да - 38013, Шығыс Қазақстан обл-да - 694705, Жамбыл обл-да - 179258, Батыс Қазақстан обл-да - 174018, Қарағанды обл-да - 614416, Манғыстау обл-да - 46630, Павлодар обл-да - 337924, Солтүстік Қазақстан обл-да - 361461, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 162098, Астанада - 129480, Алматыда - 510366 орыс халқы тұрады.

*Украиндар* Қазақстан жеріне XIX ғ. орта кезінін келе бастаған. Олар 1868 ж. жераударылып келген антимонархиялық көтерілісшілер еді. Олар Сібір казак әскерінің құрамында Ертіс әскери бекінісін салуға қатысты. 1861 және 1868 жж. Ережелерден кейін ерікті шаруаларға жер иеленуге несие және жол қаражат төлей бастады, осы жеңілдікті украиндық шаруалар да пайдаланды. Украиндықтардың келесі легінің келуі 1894 ж. Сібір теміржолы мен Столыпин реформасымен байланысты. Сталиндік репрессия жылдарында көптеген украин интеллигенттері репрессияланды. Олардың көбі украин үлттық үйімінің мүшелері еді. Ал көптеген украиндықтар Қазақстанға тың және тың игеру кезеңінде келді.

Қазақстанда жалпы саны 547054 (1999 ж.) украин тұрады. Ақмола обл-да - 62228, Ақтөбе обл-да - 46848, Алматы обл-да - 13512, Атырау обл-да - 1442, Шығыс Қазақстан обл-да - 15696, Жамбыл обл-да - 10013, Батыс Қазақстан обл-да - 19634, Қарағанды обл-да - 78755, Қостанай обл-да - 130449, Қызылорда обл-да - 844, Манғыстау обл-да - 4124, Павлодар

обл-да - 62585, Солтүстік Қазақстан обл-да - 46980, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 13039, Астана қаласында - 18070, Алматы қаласында - 22835 украин бар.

Қазақстандағы белорустар саны 111927 (1999 ж.) адам. Ақмола обл-да - 19475, Ақтөбе обл-да - 2569, Алматы облда - 2053, Атырау обл-да - 347, Шығыс Қазақстан обл-да - 4525, Жамбыл обл-да - 1481, Батыс Қазақстан обл-да - 3577, Қарағанды обл-да - 21579, Қостанай обл-да - 25018, Қызылорда обл-да - 215, Манғыстау обл-да - 612, Павлодар обл-да - 8781, Солтүстік Қазақстан обл-да - 11184, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 1312, Астанада - 5761, Алматыда - 3438 белорус тұрады.

Крепостнойлық құқықты жойғаннан кейін Белорус жеріндегі халықтардың жаппай миграциясы басталады. Могилевск, Витевск, Минск губерниясының өзінен шыққан белорустар Нечернозем зонасындағы халықтың 85%-н құрады. 1861–1913 жж. Белорус губерниясынан 1,5 млн. адам көшіп кетті. Белорус шаруаларының көшу бағыты Орал өнірі, Сібір, Қыыр Шығыс, Ресейдің еуропалық бөлігі болды. 1897 ж. 540 мың белорус өз мемлекетінен тыс жерлерде тұрды. XIX ғ. соңғы кезеңінде белорус шаруаларының Белорус губерниясындағы және Ресей мемлекетіндегі қалаларға көшу миграциясы қарқындарды. Белоруссия губерниясында 1863–1864 жылдары болған. Халықтық-азат ету көтерілісін патша әскерінің қарулы күшімен басып тастағаннан кейін К.Калиновскийдің басшылығымен 12 мың белорус Шығыс өнірге қарай қуылды. Олардың көбі сол кезде Қазақстанның батыс өніріне келіп қоныстанды.

Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар әсерінен де Қазақстан территориясына белорустардың қоныстануы жалғасты. 1930–1950 жж. колективтендіру және репрессия, 1939 жылы Батыс Белоруссиядағы белорустардың депортациялануы есебінен де қазақстандық белорустардың саны толыға түсті. 1946–1963 жж. Белоруссиядан 530 мың адам шығып, олар Ресей және Қазақстанға қоныстанды. Қазақстанда тұратын орыс, украин, белорус халықтарының “Лад” атты басылымы шығарылады.

Татарлар қазақ жеріне Иван Грозный заманынан бастап келе бастаған. Татарлардың Батыс Сібірге, Қазақстан мен Орта Азияға қоныс аударуының бірнеше толқыны болған. 1552 ж.

Қазан хандығының ыдырауы да татарлардың ауа көшүінә өсер етті. Империя қанаушылығына қарсы көтерілістің басып тасталуы, татарларды құштеп христиан дініне өткізу, салық жүйесінің өсуі де татарларды қазақ даласына алып келді.

Ұлы Бұлгария кезеңінен Еділ, Орал, Қазақстан арасында сауда байланыстары жүрді. Кіші жүз берінде 1727 жылда татар көпестерінің қолында болды. Қазақ жеріндегі майда сауда татар көпестерінің қолында болды. Қазақ жерінде бірінен соң бірі татар сауда, дүкендер пункттері ашылды. Татар халқы қазақ жерінде бірте-бірте көбейе бастады. Әсіресе XIX ғасырда татар көпестері мен саудагерлерінің кіруі қарқындалды. Олар Қостанай, Ақтөбе, Іргым, Қарабұтак қалаларында қоймалар, дүкендер, сабын шығару орнын т.б. ашты. Кеңестік заманың алғашкы онжылдығында татар мұғалімдерінің, дәрігерлерінің келуі де толастамады. Ал Тың игеру кезеңінде бірталай татар жастары келіп, түпкілікті қалып қойды.

Қазақстанда 248954 (1999 ж.) татар тұрады. Ақмола обл-да - 17272, Ақтөбе обл-да - 11675, Алматы обл-да - 15647, Атырау обл-да - 2728, Шығыс Қазақстан обл-да - 24506, Жамбыл обл-да - 12576, Батыс Қазақстан обл-да - 10104, Қарағанды обл-да - 39313, Қостанай обл-да - 20070, Қызылорда обл-да - 2309, Манғыстау обл-да - 2490, Павлодар обл-да - 17064, Солтүстік Қазақстан обл-да - 16472, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 23672, Астана қ. - 8286, Алматы қ. - 24770 татар тіркелген. Сондай-ақ Қазақстанда жалпы саны 1006 болатын қырым татарлары тұрады.

Түркітанушы В.В. Радловтың дерегіне жүгінсек, Ертіс бойындағы татарлардың қазақ жеріне XV-XVI ғғ. Орта Азияның онтүстік хандықтары мен Еділ бойынан кей жағдайда еріксіз, кейінде ерікті түрде келгенін айғақтайты. В.В.Радлов 1862 жылы Семей өніріне барғандағы жолжазбасында: “Семей өзіншілдік үлкен қала екен. Мұндағы түрғындардың саны 6 мыңға жуық. Орыстардың саны соның үштен бірінен аспаса, қалғандары татарлар мен қазақтар. Қазірде Семей Батыс Сібірдің қазақ даласы мен Батыс Қытай аралығындағы сауда орталығына айналған. Осы шаруамен негізінен жергілікті татарлар айналысада”, - деп жазған.

XVIII ғ.-дың екінші жартысынан бастап Ресей үкіметі ислам дініндегі татарларды қазақ жеріне көшіре бастайды. Бұл саясаттың астарында әрине қазақтарды рухани отарлаудың

негізі жатты. 200-ге тарта татар саудагерін Орынбор маңына орналастырған. Қазақ жеріне келген татар діндарлар мен татар мұғалімдер оқу-ағарту ісін дамытуға үлес қости.

*Өзбектер* қазақтармен қашаннан іргелес отырып, қоян-қолтық араласты. Өзбектердің Қазақстандағы (1999 ж.) жалпы саны - 370663. Ақмола обл-да - 758, Ақтөбе обл-да - 566, Алматы обл-да - 2650, Атырау обл-да - 145, Шығыс Қазақстан обл-да - 1203, Жамбыл обл-да - 22501, Батыс Қазақстан обл-да - 251, Қарағанды обл-да - 2325, Костанай обл-да - 795, Қызылорда обл-да - 1051, Манғыстау обл-да - 394, Павлодар обл-да - 767, Солтүстік Қазақстан обл-да - 322, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 332202, Астана қ. - 429, Алматы қ. - 4304 өзбек тұрады. Оңтүстік Қазақстан обл-да 1992 ж. Өзбек қоғами, 1997 ж. Өзбек мәдени орталығы құрылды.

*Үйгырлардың* тарихи Отаны Шығыс Түркістан, қазіргі Синьцзян – Үйғыр автономиялы ауданы. Қазақстан территориясында үйғырлар негізінен Алматы облысының Алматы және Жаркент қалаларында, Қарасай, Талғар, Енбекшіқазақ, Шелек, Панфилов аудандарында, Жамбыл, Шымкент, Аяқөз қалаларында қоныстанған. Қазақстанда 210365 (1999 ж.) үйғыр тұрады. Олардың саны Ақмола обл-да - 240, Ақтөбе обл-да - 105, Алматы обл-да - 140725, Атырау обл-да - 41, Шығыс Қазақстан обл-да - 1389, Жамбыл обл-да - 2569, Батыс Қазақстан обл-да - 44, Қарағанды обл-да - 686, Костанай обл-да - 170, Қызылорда обл-да - 121, Манғыстау обл-да - 63, Павлодар обл-да - 251, Солтүстік Қазақстан обл-да - 115, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 3258, Астана қ. - 161, Алматы қ. - 60427.

1881 жылғы 12 ақпандағы Санкт-Петербург шартына сәйкес үйғырлар мен дүнгендердің көпшілігі Іле үйғырларының өзі Қытай жеріндегі репрессиядан қауіптенді. Ал Ресей патшалығы үйғырларға жер беруге, салықтан босатуға уәде берді. Сөйтіп, 1881 жылдан Құлжа өлкесінен үйғырлардың миграциясы басталды. Бұл кезде 45373 үйғыр келіп қоныстанды. Ал 1883 жылы Қазақстанға Қытайдан 9572 үйғыр отбасы (45373 адам) және 1147 дүнген отбасы (4682 адам) қоныс аударды. Жетісуға үйғырлар мен дүнгендердің қоныстануы екі кезеңге бөлінді. 1897 жылы қоныстанған дүнгендер 14130 адам, үйғырлар 55999 адам болды. 4477 үйғыр отбасы (19209 адам) Жаркент ауданына, Шарын

мен Есік өзенінің бойына қоныстанды, қалған үлкен бөлігі — 5275 отбасы (26164 адам) Верный уезіне, Шелек және Талғар өзендерінің арасына қоныстанды. Үйғырлар мен дүнгендер қазақтардан алышып берілген шұрайлы жерлерге қоныстандырылды.

Үйғыр этномімі өзінің түрған мекеніне қарай қашқарлық, жаркенттік, түрфандық, ақсулық болып бөлінеді. Ал Іле өніріндегі үйғырлар әлеуметтік-тұрмыстық белгілеріне қарай “тараншы” - “егінші” деп аталды. Қазақстанда 7 “тараншы” болыстығы күрылды. Олар: Жаркент-Тараншы, Ақсу-Шарын, Малыбай, Қорам, Қарасу, Кетмен, Ақкент. Бұл болыстықтың бәрі Алматы облысының солтүстігінде орналасты. Олар отырықшы шаруашылықпен айналысты. Үйғырлар елімізде болып жатқан тарихи оқиғаларға, еліміздің саяси өміріне қатысып отырды. XIX ғ. үйғыр В.Юлдашевтың Жаркентте шегесіз салып шыққан мешіті ерекше сөзulet ескерткіштерінің бірі. 1930 ж. Шелек ауданының Қорам селосында, Дружба, Заря Восток, Сұлтанқорған поселкелерінде мешіт салынды.

“Үйғыр авази”, “Йени саят” республикалық газеттері, үйғыр тілінде ақпарат жүйесінде хабарлар жұмыс істейді.

Дүнгендер (қытайша атауы лаохуэй, хуэйминь, хуэйцзу – қытай тілінен аударғанда “мұсылмандар” деген үғымды білдіреді) – Қытайдың Нинся – Хуэй автономиялы ауданын қоныстанған халық. Түркі халықтары оларды дүнген, дүнған деп атайды. Негізінен Қазақстан мен Қыргызстанның Шу ал-қабында және Өзбекстанда да мекендейді. Қазақстан мен Орта Азияга Маньчжур – Қытай феодолдарының 1862–77 жж. феодализмге қарсы азат ету күресін басып-жаншуынан бас сауғалап XIX ғ. 70 ж. аяғы мен 80 ж. басында Қытайдың Шэнси, Ганьсу және Шыңжан провинцияларынан пана ізден келгендер. Қазіргі таңда Қазақстанда 36945 (1999 ж.) дүнген тұрады. Ақмола обл-да - 40, Ақтөбе обл-да - 2, Алматы обл-да - 1542, Атырау обл-да - 4, Шығыс Қазақстан обл-да - 250, Жамбыл обл-да - 30333, Батыс Қазақстан обл-да - 31, Қарағанды обл-да - 49, Қостанай обл-да - 22, Қызылорда обл-да - 1, Маңғыстау обл-да - 7, Павлодар обл-да - 11, Солтүстік Қазақстан обл-да - 5, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 67, Астана қ. - 16, Алматы қ. — 4565 дүнген тіркелген.

Поляктар Қазақстанға әртүрлі себептермен XVIII-XIX ғғ. келе бастады. Бұлар азаттық қозғалысқа қатысқан – жер

аударылғандар, қоғамдық жағдайлары және жас шамалары әртүрлі бірнеше саяси топқа жататын адамдар. Поляк жер аударылғандары ішінде ақындар, жазушылар, суретшілер болды. Жер аударылғандар Қазастанның геологиялық – жағрафиялық, ботаникалық және зоологиялық жағдайын, қазақ халқының этнографиясы мен тарихын, поэтикасын және музыкасын зерттеп, үйренуге елеулі үлес қости. Олардың қатарында А. Янушкевич, Б. Залесский, Г. Зелинский, Я. Виткеевич, В. Нодзевецкий және т.б. еңбектері мен атқарған істерін ерекше атауга болады.

Поляктардың Қазақстанға жаппай қоныс аударылуы кеңестік кезенде іске асырылды. Украина мен Белоруссияның Польшамен шекаралас аудандарынан 1936 жылы жер аударылған 36 мыңдан аса поляктардың бір бөлігі Қазақстанға келді. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда эвакуацияланған поляктар тұрған. Қазақстанда 47297 поляк (1999 ж.) тұрады. Ақмола обл-да - 11404, Ақтөбе обл-да - 336, Алматы обл-да - 2106, Атырау обл-да - 32, Шығыс Қазақстан обл-да - 498, Жамбыл обл-да - 378, Батыс Қазақстан обл-да - 243, Қарағанды обл-да - 5572, Қостанай обл-да - 2357, Қызылорда обл-да - 35, Маңғыстау обл-да - 77, Павлодар обл-да - 1447, Солтүстік Қазақстан обл-да - 18757, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 264, Астана қ. - 2537, Алматы қ. - 1254 поляк есепке алынған.

Қазақстанда “Вензь” поляктар үйымы және Поляк мәдени орталығы құрылған. Олар поляк тілі мен мәдениетін насихаттайды. Республикада 40 шақты поляк мұғалім жұмыс істейді.

*Корейлер* — коре Сарам (Коре елінің халықтары), чосон Сарам (Чосон елінің халықтары), хангук Сарам (Хангук елінің халықтары). Қазақстандық корейлер өздерін *коре сарам* деп атайды. Қазақстанда 99665 (1999 ж.) корей тұрады. Ақмола обл-да - 1489, Ақтөбе обл-да - 1383, Алматы обл-да - 17448, Атырау обл-да - 2600, Шығыс Қазақстан обл-да - 1574, Жамбыл обл-да - 14000, Батыс Қазақстан обл-да - 731, Қарағанды обл-да - 14097, Қостанай обл-да - 4160, Қызылорда обл-да - 8982, Маңғыстау обл-да - 716, Павлодар обл-да - 1013, Солтүстік Қазақстан обл-да - 534, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 9780, Астана қ. - 2028, Алматы қ. - 19090 корей тіркелген.

Корейлерді Қазақстанға 1937 жылдан бастап Қызыр

Шығыстан күштеп қоныс аударта бастаған. Бұл саясаттың астарында корейлер діни нанымдылығы, салт-дәстүрі жағынан орыстардан бөтен, Жапония немесе Қытаймен соғыс бола қалған жағдайда олардың адалдығына сенім артуға болмайды, олардан тыңшылық әрекет күтүге болады деген желеу жатты. 1937 жылы 28 қазанды Қазақстанға 70 әшелон 12129 жаня, 58427 адам әкелінді. 1938 жылдың 1 қаңтарында 18525 корей отбасы көшірілді. 1616 отбасы Алматы облысына, 8867 отбасы Оңтүстік Қазақстан облысына, 1744 отбасы Ақтөбе облысына, 2299 отбасы Солтүстік Қазақстан облысына, 3073 отбасы Қарағанды облысына, 720 отбасы Қостанай облысына, 1950 отбасы Батыс Қазақстан облысына орналасқан.

*Күрдтер* – Оңтүстік Батыс Азиядағы ежелгі халық болып саналатын Таяу Шығыстағы этностардың бірі. Негізгі территориясы Иран, Ирак, Сирия және Туркия шекарасы арасындағы Күрдістан деген жер еді. Закавказье мен Армения территориясына енетін күрдтердің мәдени ошактары, атап айтқанда, күрд тілінде кітаптар мен газет-журналдар шығаратын типографиялар, радиохабарлар жұмыс істей бастаған. 1923 ж. Әзербайжан құрамында Күрд Автономиялы республикасы құрылған болатын. Бұғінде әлемде 40 миллионнан аса күрдтер бар. Олар Орта Азияда өзіндік мәдениеті мен бірнеше ғасырлық тарихымен ерекшеленеді. Мәселен, 1936 ж. күрдтер өздерінің ғасырлар бойғы арманы өз тағдырлары туралы мәселе мен бой көрсеткендігі үшін сталиндік қудалауға ұшырап, “сенімсіз халықтар” тобына жатқызылды. Осы кезден бастап оларға қарсы репрессия науқаны жүрді. Олар 1937 жылы Армения мен Әзербайжаннан Орта Азия мен Қазақстанға И.В.Сталин саясатындағы “сенімсіз халықтардың” бірі ретінде жер аударылған. Ал 1944 ж. Орта Азия мен Қазақстанға Грузиядан күрд мұсылмандар жер аударылды. Әзербайжанда қалғандары репрессия зұлматынан құдіктеніп, өздерінің төлкүжаттарын тез арада ауыстырып, әзербайжан болып жазылды. Қазақстанда 32764 (1999 ж.) күрд тұрады. Ақмола обл-да — 244, Ақтөбе обл-да — 23, Алматы обл-да — 13264, Атырау обл-да — 1, Шығыс Қазақстан обл-да — 64, Жамбыл обл-да — 10855, Батыс Қазақстан обл-да — 2, Қарағанды обл-да — 161, Қостанай обл-да — 22, Қызылорда обл-да — 5, Маңғыстау

обл-да — 7, Павлодар обл-да — 32, Солтүстік Қазақстан обл-да — 27, Оңтүстік Қазақстан обл-да — 6661, Астана қ. — 40, Алматы қ. — 1356 күрт тіркелген.

*Немістер* – Германияның негізгі халқы. Өздерін “дойче” деп атайды. Олардың Қазақстан территориясына алғаш-қы легі Ресейдегі столыпиндік аграрлық реформа (1906-1910 жж.) кезінде келді. Олардың көпшілігі “колонистер” ретінде танылды. Оナン кейін 1941 жылдың тамызы айынан бастап Поволжьедегі неміс АССР-і Улы Отан соғысының басталуына байланысты таратылған соң келе бастады. Осы жылды тамызда Қазақстанға 349 мың 713 неміс күштеп көшіріліп әкелінді.

XIX ғ. столыпиндік аграрлық реформа кезінде Ресейге келген немістер қазақ жеріне де келе бастады. Алғашқы неміс қауымдастыры Ақмола облысының Омск уезінде құрылды. 1915 ж. өзінде Ақмола губерниясында 260 мың десятина жері, 27 мыңдан астам халқы бар 56 неміс поселкесі болды. Қазақстандық немістердің динамикасының өсуіне Улы Отан соғысынан кейінгі уақытта 700-800 мың немістің депортациялануы болды. Соғыстан кейінгі жылдары да немістер қатал тәртіп жағдайындағы бақылауда болды. Кейіннен, 1955–1964 жылдары ол шектеулер алынып, басқа халықтар сияқты немістер де республиканың экономика, ғылым және мәдениетінің дамуына үлес қосты.

1966 жылдан бастап жарық көрген “Freundschaft” газеті неміс халқының қазақ жерінде өз тілдерін құрмет түтуларының белгісі еді. Одан кейін “Die Deutsche algemeine zeitung” республикалық неміс газеті шығарылды, “Guten Abend” атты “Қазақстан” телеканалынан хабар жүрді. 1958 жылдан Қазақ радиосында неміс редакциясы жұмыс істеген. “Феникс” атты әдеби-көркем және қоғамдық-саяси альманах мемлекет тарарапынан қолдау табуда. 1997 жылдан Германияда ТМД елдеріндегі этникалық немістер түрмисымен таныстыратын “Евразиатский курьер” атты басылым жарық көреді.

1989 ж. “Возрождение” атты неміс қоғамы және неміс мәдени орталығы құрылды. 1992 және 1995 жж. Қазақстандық немістердің съезі болып өтті. 1994 ж. Алматы қ. “Неміс үйі” ашылды. “Возрождение” неміс қоғамының басшылығымен Астана қ-да бала- бақша, бастауыш сыйныптар, гимназия ашылды. Қоғам жаңында неміс кітапханасы, жексенбілік

мектептер жұмыс істейді. Қазақстанда 353441 неміс (1999 ж.) тұрады. Ақмола обл-да - 52334, Ақтөбе обл-да - 10721, Алматы обл-да - 18927, Атырау обл-да - 687, Шығыс Қазақстан обл-да - 32141, Жамбыл обл-да - 11394, Батыс Қазақстан обл-да - 2434, Қарағанды обл-да - 57229, Қостанай обл-да - 57410, Қызылорда обл-да - 376, Маңғыстау обл-да - 554, Павлодар обл-да - 43835, Солтүстік Қазақстан обл-да - 41157, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 5261, Астана қ. - 9591, Алматы қ. - 9390 неміс тіркелген.

*Гректер* – ромес, эллинес (өздерінше атауы) Грекияның байырғы халқы. Алғаш рет гректер қазақ жеріне 1920–1930 жж. темекі шаруашылығын өндіруге Жетісу өлкесіне келді. Қазақстанға КСР МҚҚ-нің 1944 жылғы 2 маусымындағы қаулысы бойынша Қаратеніз жағалауынан зорлықпен жер аударылған. 1949 ж. халық-азаттық көтеріліске қатысушылар саяси эмигранттар ретінде келді. Республиканың оңтүстік аудандарында (Шымкент, Жамбыл, Алматы облыстарында) тұрады. Қазақстанда 12703 (1999 ж.) грек тұрады. Ақмола обл-да — 791, Ақтөбе обл-да - 168, Алматы обл-да - 2052, Атырау обл-да - 246, Шығыс Қазақстан обл-да - 154, Жамбыл обл-да - 2024, Батыс Қазақстан обл-да - 88, Қарағанды обл-да - 2408, Қостанай обл-да - 277, Қызылорда обл-да - 207, Маңғыстау обл-да - 93, Павлодар обл-да - 439, Солтүстік Қазақстан обл-да - 398, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 1685, Астана қ. - 128, Алматы қ. - 1545 грек есепке алынған.

*Чечендер* – Кавказ өніріндегі саны жағынан көп этностардың бірі. Олар Ингушетияда, Дағыстанда, Грузияда, Чечен Республикасында тұрады. VII ғ. армян деректерінде “нахчаматъян” деген атаумен кездесетін чечендер жеке территориялық аймақтарға бөлініп, таулы аймақтарда тұрды. Чечендерді Ресейдің орталық басқару әкімшілігі назардан тыс қалдырымай, олардың талаптарын орындаپ отырды. Мәселен, 1917 жылдың өзінде-ақ, Кеңес өкіметі, олардың өтініштері бойынша казактандырылған Терск казак округын ешбір жерін жоғалтпай қайтаруға мәжбүр болған.

Қазақстан мен Қырғызстанға олар Чечен-Ингуш АССР-інен 1944 ж. 23 ақпанда фашистік оккупациялық байланы-сы бар деген желеумен күштеп көшірілген. Чечен-Ингуш АССР-інің территориясы Солтүстік Осетин және Дағыстан АССР-на бөлінді. Тоталитарлық күштеп депортациялау кезінде чекистік

террордан, сүйкіткан, аштықтан, індептеген чечен қаза тапты. Қазақстанға келіп жеткендерінің саны 477809 болды. Олардың өмір сүру режимін бақылау мақсатында НКВД-дан 429 арнайы комендатур құрылды.

1955 жылдан бастап чечен тілінде газет, радиохабарлар шыға бастады. 1957 жылдан бастап чечендердің бір бөлігі өздерінің тарихи отанына қайтып оралды. 1995 ж. “Вайнах” атты чечен және ингуш халықтарының мәдениетті дамыту ассоциациясы құрылды. Қазақстандық чечендер өз салт-дәстүрлерін бұзбай сақтаған этностың бірі. Бүгінде Қазақстанда 31799 (1999 ж.) чечен тұрады. Ақмола обл-да - 3149, Ақтөбе обл-да - 1379, Алматы обл-да - 6091, Атырау обл-да - 112, Шығыс Қазақстан обл-да - 1690, Жамбыл обл-да - 2438, Батыс Қазақстан обл-да - 714, Караганды обл-да - 4660, Қостанай обл-да - 2167, Қызылорда обл-да - 742, Маңғыстау обл-да - 655, Павлодар обл-да - 1767, Солтүстік Қазақстан обл-да - 919, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 2260, Астана қ. - 752, Алматы қ. - 2304 чечен бар екен.

Тұріктер Қазақстанға Грузияның Месхет өнірінен жер аударылып келген. 1928–1937 жж. репрессияға ұшырай бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған уақытта-ақ 40 мың түрік-месхеттер мобилизацияланып, олардың 26 мыңы қаза тапты. 1944 ж. Ахалцихск, Адыген, Аспиндз, Богданов аудандарындағы түрік-месхеттер Орта Азия мен Қазақстанға депортацияланды. Депортацияланған 115,5 мың адамның 17 мыңы жолда қайтыс болды. 1956 жылдан кейін ғана олардың бір бөлігі Кавказ аудандарына көше бастады. 1991 ж. Алматыда “Түркия” атты мәдени орталық ашылды. Қазақстанда 75933 (1999 ж.) түрік тұрады. Ақмола обл-да - 90, Ақтөбе обл-да - 34, Алматы обл-да - 28187, Атырау обл-да - 23, Шығыс Қазақстан обл-да - 139, Жамбыл обл-да - 24823, Батыс Қазақстан обл-да - 31, Қарағанды обл-да - 189, Қостанай обл-да - 55, Қызылорда обл-да - 284, Маңғыстау обл-да - 17, Павлодар обл-да - 76, Солтүстік Қазақстан обл-да - 83, Оңтүстік Қазақстан обл-да - 18665, Астана қ. - 109, Алматы қ. - 3128 түрік есепке алынған.

Қалмақ халқын өз елінен қуу 1943 жылы 27 желтоқсаннан басталады, Қалмақияны Герман басқыншыларынан азат еткеннен бір жыл өткен соң, КСРО Жоғарғы Кенесі Президумы Қалмақ КСР-ның жойылуы туралы Жарлығын

қабылдады. КСРО ХКК В.М. Молотовтың басшылығымен қалмақтарды құғындау туралы қаулыны жан-жақты іске асыра бастады. 1944 жылдың ақпанына дейін 92 983 қалмак өз жерінен таратылып, соның ішінде Қазақстанға 648 отбасы, яғни 2268 қалмақ орналастырылды.

Қарашай халқы да қазақ жеріне депортациялау саясаты нәтижесінде келген. Қарашай халқын өз елінен кетіру кезеңінің басталу себебі де саяси қудалаудан туындарды. 1948 жылдың 15 сәуірінде КСРО НКВД және КСРО прокуратурасының тікелей кірісімен жүзеге асқан саясат бойынша 1944 жылдың 1 ақпанында 12342 қарашай отбасы Қазақстан аумағына көшіріліп, оның 5699 отбасы Оңтүстік Қазақстан облысына қоныстандырылды.

Қазақстан қоғамындағы демографиялық өзгерістер нәтижесінде аз ұлттар тілінде шығатын ақпарат құралдарының саны көбейді. Бұл үрдіс халықтың білім деңгейіне оң ықпал етті. Мемлекеттік қолдаудың арқасында 11 ұлттың тілінде газеттер мен журналдар шығарылып, 44 телестудия 12 тілде және 18 радиостудия 7 тілде бағдарлама жүргізеді. Сөйтіп, БАҚ арқылы ұлттық өрлеу мен дамуға қажетті жағдай жасалды. Жыл сайын баспадан мемлекеттік тапсырыс бойынша тек қана аз ұлттар тілінде жалпы таралымы 80 000 дана 30-ға жуық кітап шығарылады. 2000 ж. мамыр айынан қоғамдық-саяси “Достық” журналы жарық көреді, оның редакциялық алқасына республикалық ұлттық-мәдени орталықтар жетекшілері, Қазақстан Халықтары Ассамблея кеңесінің мүшелері енген.

Республикада 2005–2006 оку жылдарының есебі бойынша 7887 мектептің 2073-і аралас мектеп, соның ішінде 2004 - орыс, 75 - өзбек, 15 - үйғыр, 3 - тәжік, 1 - украин мектептері сабак жүргізеді. Республикада әртүрлі этностық бағытта 373 музыкалық, 41 көркемөнер, 97 ұлттық өнер мектептері жұмыс істейді. Республикада 27 республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени бірлестіктер құрылған. Олардың 352 облыстық және аудандық бөлімшелері бар.

ҚР көп ұлтты халықтар консолидациясы олардың діни құқықтарын қорғау және дамытумен де тығыз байланысты. 2003 жылғы ресми дерек бойынша Қазақстанда мұсылмандар мен христиандар халықтың 97 %-н құрайды. Республикада 1648 - ислам, 230 - православтық, 300 - баптист, 7 күн

адвентистері, 90 - лютерандар, 106 - иегуа күәгерлері, 40 - елуліктер, 77 - Рим католик шіркеуі, 166 - дәстүрлі еместер, 23 - иудаизм, барлығы 2750 діни үйымдар бар.

Қазақстан Республикасы егемендік алу кезеңінен бастап әр үлттың өз тарихи Отанына тартылу процесі басталып, басқа үлттардың көшіп кетуі алғашқы жылдары жоғарғы қарқынмен жүрді, дегенменде кейінгі жылдары көші-қон барысы біршама баяулады. 1995 жылы 1 наурызда ҚР Президентінің Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен үлтаралық келісімді нығайту мақсатында Қазақстан Халықтары Ассамблеясы құрылды.

### **Сұраптар:**

1. XVIII ғ. Қазақстан жеріне басқа үлт өкілдерін көшірудің алғышарттары.
2. Түркістан өлкесі көші-қон басқармасы, Сырдария статистикалық партиясы т.б. комитеттердің қоныстанушыларды орналастыру негізіндегі ішшаралары.
3. Қазақстан жеріне депортацияланған халықтардың қоныстануы, саны.
4. Қазақстандағы қалмақ, қарашибай т.б. саны аз үлттардың демографиясы.

### **Әдебиет:**

1. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы, 1998.
2. Народы Казахстана. Энциклопедический справочник. Алматы: Арыс, 2003.
3. Алдажуманов К.С., Алдажуманов Е.К. Депортация народов - преступление тоталитарного режима. - Алматы, 1997.
4. Мониторинг межэтнических отношений в Казахстане: опыт, эффективность и перспективы // Материалы международного научно-практического семинара. Астана, 2001.
5. Алексеенко А.Н., Алексеенко Н.В., Козыбаев М.К., Романов Ю.И. Этносы Казахстана. Астана: Елорда, 2001.

## ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАНЫМДАР

Демография ғылымында өзіндік ғылыми терминология қалыптасқан.

**Азаматтық неке** — мемлекеттік мекемеде, шіркеу немесе мешіттің қатысуының бекітілген заңды неке.

**Апатридтер** (грек сөзі *apatris* – отаны жоқ, отанынан айрылған) - азаматтығы жоқ адамдар. Оларды “аполидтер” (ағылш. *apolis* – отансыз) деп атайды. Апатридтік жағдай адам немесе жекеленген адамдар тобы басқа мемлекеттің азаматтығын алмай тұрып, өз мемлекетінің азаматтығынан өз еркімен шыққан немесе шығарылған жағдайда пайда болады. Апатридтер өздері тұратын мемлекеттің Конституциясын құрметтеуге, заңдарына бағынуға тиіс. Олардың азаматтық құқықтары шектеулі, басқа мемлекеттің қорғауын пайдалана алмайды, сайлау құқығыда болмайды. Соңғы жылдардағы Ауғанстандағы, Таулы Карабахтағы, Тәжікстандағы саяси жағдайлар әсерінен апатридтер қатары күрт көбейген. 1954 жылдан апатридтер статусы және 1961 жылдан Бейазаматтық азайту туралы халықаралық конвенциялар бар. ҚР-ның Конституациясында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдалануы, сондай-ақ міндеттерді атқаруы (12 бап, 4 тармақ) көзделген.

**Бипатридтар** — екі елде азаматтығы бар адамдар.

**Босқындар** — қоғамдағы белгілі бір саяси, экономикалық, этникалық қысым, соғыс, табиғи апат салдарынан, оларға қарсы тұруға, төзуге шарасыз болудың әсерінен өз елінен басқа бір елге көшуге мәжбүр болған адамдар. Босқындар статусы халықаралық және ұлттық заңдар бойынша беріледі. БҮҮ-ның 1951 жылғы қабылдаған Конвенциясында “Босқын – рассалық, діни, ұлттық мәселелердің себептеріне не белгілі бір әлеуметтік топтарға мүшелігіне немесе саяси сеніміне байланысты өз ұлтының елінен сыртта болып, өз елінің қорғауын қабылдай алмайтын не қабылдауды қаламайтын кез-келген адам”, - деп көрсетілген. БҮҮ жаңында Босқындар ісі жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы жұмыс істейді. Босқындар мен қоныс аударушыларды қорғау ісін жүзеге асырып, әлеуметтік мәселелерін құқықтық түрғыдан

реттеумен айналысатын бүл халықаралық үйым БҮҮ Ассамблеясының 1949 жылғы З желтоқсандағы №319 (IV) қаравына сәйкес құрылған, штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан. Үйим босқындар бас сауфалап келген мемлекеттің көлісімімен сол елде өзінің өкілдігін аша алады. Қазақстанда осы басқарма өкілдігі 1995 жылы тамызда ашылып, нақты шаралар бойынша Үкіметпен бірлесе жұмыс істеуге кірісті. Көші-қон легін халықаралық стандарттарға сай реттеу бағытында мемлекеттік органдарға жан-жақты көмек көрсете бастады. 1995–2001 жылдар арасында республикаға келген 3927 босқын (1588 отбасы) тіркеліп, олардың 2780-іне (935 отбасына) көмек көрсетілді, Чехиядан келген 90 босқын басқарма қамқорлығымен өз Отанына қайтарылды. Сондай-ақ басқарма Қызыл Крест және Қызыл Ай қоғамдарымен бірлесе отырып, босқындар мен қоныстанушылардың ең кедей топтарына материалдық жәрдем беру жұмыстарын жүзеге асыруда.

**Демографиялық аудандастыру**—зерттеу нысанасы болып табылатын аумақты демографиялық сипаттары жеңінен үқсас аудандарға бөлу. Демографиялық аудандастырулар халықтың үдайы өсімінің, көші-қондық өзгерістер қарқындылығының көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады. Демографиялық аудандастырудың халық санын нақтылы аймақтар бойынша (Қазақстанда облыстар, аудандар, ауылдар) халық санын нақтылы болжалаға маңызы зор.

**Демографиялық болжам** — әлемдегі, белгілі бір елдегі, аймақтардағы халықтардың санының есуіне алдын ала 1-10 жыл көлеміндегі қысқа мерзімге, 1 ғасырлық ұзақ мерзімге есептеу әдісімен болжам жасау. 1999 ж. санақ бойынша әлем халықтарының саны 6,4 млрд. болса, демографиялық болжам бойынша XXI ғ.-н соңында әлем халықтарының саны 32 млрд.-қа жетпек, ал Қазақстандағы қазақ халқының саны 1999 ж. - 7 985 039 болса, 2015 жылы Қазақстанда 13 млн. қазақ тұрап, еліміздегі халықтың 65 %-н курайды.

**Демографиялық дағдарыс** – белгілі бір аймақта әлеуметтік, экономикалық, табигат ықпалдары әсерінен халық үдайы есуінің тежелуі. Демографиялық дағдарысқа соғыс, экология, мемлекеттік саясат т.б. тікелей әсер етеді. Қазақ халқы да өз тарихында бірнеше демографиялық дағдарысты

басынан өткерді. Тарихи кезеңдерде қазақ ру-тайпалары жонғар, қалмақ шапқыншылықтары, орыс билігінің орнауы т.б. саяси жағдайлар әсерінен өз атамекендерінен ауа көшіп, көрші өзбек, түркмен, башқұрт халықтары арасына кірме болды. XX ғ. қазақ халқы *бірінші* демографиялық дағдарысқа 1916-1922 жж. Үлт-азаттық қозғалыс, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы әсерінен ушырап, халық ашаршылыққа, шаруашылықта құйзелісте болып, 1 млн.-ға жуық қазақ қаза тапты, 400 мындан аса қазақ осы жылдары шет елдерге қоныс аударды. *Екінші* демографиялық дағдарысқа қазақ халқы 1931-1932 жж. ашаршылық кезінде үшырап, 2,5 млн. қазақ қырылды. *Үшінші* дағдарыс 2-дүниежүзілік соғыс әсерінен 600 мын қазақ майданда опат болды. XX ғасырда тек осы үш дағдарыс әсерінен қазақ халқы 4,5 млн.-нан астам адамға кеміді. Демографиялық болжам бойынша, осы дағдарыстар болмаған жағдайда қазақ халқының саны бұл күнде 25 млн.-нан асуы керек еді.

**Демографиялық дүмпү** — халық санының шұғыл немесе қарқынды өсуі. Демографиялық дүмпү кезеңінде өлімнің саны азайып, туудың саны көбейеді, ол халық санының жедел өсуіне алып келеді. Қазіргі кезеңде дүниежүзі халқының  $\frac{3}{4}$  бөлігі демографиялық дүмпуді басынан өткеріп отыр. Оның ішінде Азия халқы жыл сайын шамамен 55 млн. адамға, Латын Америкасында 10 млн.-нан астам адамға өсіп отырады. Демографиялық дүмпулер Қазақстанда да болып тұрған. XX ғасырдың 2-ші жартысында халық саны тез өсken, атап айтқанда, 1959 жылы 9,3 млн. адамнан 1989 жылы 16,5 млн. адамға өсті. Қазақстандағы қазақтар саны 1945 жылы 3 млн. болса, 1974 жылы 7 млн. адамға жетті. Дегенменде, 1990-1999 жылдар аралығында демографиялық дүмпудің қарқыны төмөндеп, халық саны азайып кетті. 2002 жылдан демографиялық дүмпү қозғалысы қайта серпіліс алуда.

**Демографиялық саясат** — халық санын өсіру үшін мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын әкімшілік, әлеуметтік, экономикалық т.б. шаралар жүйесі (мыс., Қазақстанда 2000 жылға жоспарланған “Қарадомалақ -2000” саясаты; шетелдегі қазақ диаспорасын белгіленген квота бойынша көшіріп әкелу, көп балалы отбасына жеңілдік т.б.). Халық тығыздығы өте жоғары болған елдерде бала тууды заң

жүзінде шектеу бағытында демографиялық саясат жүреді (мыс, Қытайды “бір отбасына – бір бала”, Үндістанда “біз екеуміз – бізге екі бала” саясаты).

**Демографиялық территория** — бала туудың көрсеткіші жоғары және халық саны көп территория. Мысалы, Қытай, Үндістан, Бразилия, Өзбекстан т.б. мемлекеттері.

**Депопуляция** — демографиялық дағдарыстың көріну түрі, халықтың абсолютті санының өткен санақпен салыстырғанда төмендеуі.

**Депортация** — белгілі бір халықты күштеп көшіру.

**Диаспора** (грек сөзі - *diaspora* - шашырау, бытырау) деп ұлттың атажұрты болып табылатын елден тысқары өмір сүретін бір бөлігін айтады. Диаспора термині алғаш рет еврейлердің Палестинадан тысқары жерлерде тұруына қатысты, яғни оларды б.з.б. VI ғасырдың басында Вавилон патшасы II Навиходоносордің, одан соң б.з. I-II ғасырда римдіктердің қудалауына байланысты қоныс аударғаннан кейін қолданыла бастаған.

**Динамика** — табиғи қозғалыс, яғни баланың тууы, адам өлімі.

**Диспропорция** — жастық структурадағы сәйкесіздік. Мысалы, бір мемлекетте балалар санының көп болып, кәрілер санының аз болуы немесе әйелдер санының көп болып ерлер санының аз болуы.

**Жастық структура** — халықты балалар (0-12 жас), жасөспірімдер (13-15), еңбекке жарамды жастағылар (15-60), кәрілер (60 жіне одан жоғары жастағылар) деп бөлу.

**Жастық-жыныстық пирамида** — халықты жасы мен жынысына қарай бөлу көрсеткішін графикалық суреттегі арқылы көрсету.

**Жыныстық құрамы** — халықты ерлер, әйелдер тобына бөлу.

**Иммиграция** (латынның *immigro* — көшіп келемін деген сөзі) — мемлекетке басқа елден түпкілікті немесе уақытша тұруға келу (Қазақстан заңнамасы бойынша алты айдан көп мерзімге).

**Иммигрант** (лат. *immigrants* — қоныстанушы), көшіп келуші — бір мемлекеттен басқа мемлекетке ұзақ уақытқа (Қазақстан заңдары бойынша алты айдан көп мерзімге) немесе

тұрақты тұруға қоныстанушы азamat. Иммигранттар өзінің тарихи Отанынан әртүрлі себептермен кетуі мүмкін. Мысалы, экономикалық жағдайға байланысты, яғни материалдық жағдайын жақсарту үшін халқының тұрмыс деңгейі төмен мемлекеттерден дамыған мемлекеттерге жұмыс іздең қоныс аударады; әскери себептерге байланысты, яғни соғыстан бас сауғалап, басқа мемлекетке көшіп кетеді; саяси себептерге байланысты, яғни мемлекет тарарапынан көрсетілген саяси, діни, нәсілдік, ұлттық, т.б. кемсітушіліктерге байланысты қоныс аударуға мәжбүр болады. Иммигранттар көптеген мемлекеттердің қалыптасуында үлken рөл атқарды. Мыс., Еуразия даласындағы халықтардың қоныс аударуы (IV-VII ғ.), Араб халифатының құрылуы (VII-VIII ғ.), Шыңғыс хан империясының қүшесі (XI-XVII ғ.), Ұлы географиялық ашылуулар (XV ғ-дың ортасы-XVII ғ-дың ортасы), т.б. әлем картасын түбекейлі өзгерти. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Батыс Еуропа, Америка елдеріне Азия мен Солтүстік Африка елдерінен иммигранттар легі ағылды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін Кавказдағы, Тәжікстан мен Ауғанстандағы соғыстарға байланысты Қазақстанға да аталған елдерден көптеген босқындар келіп қоныстанды.

**Интеллектуальды миграция** — жоғары білімді, жоғары квалификациялы мамандардың (ғалымдар, дәрігерлер, инженерлар, жазушылар т.б.) мемлекет аралық келісім бойынша белгілі бір уақытқа немесе түпкілікті қоныс аударуы.

**Мегаполис** — халық тығыз орналасқан қала. Мыс., Москвада 8,6 млн., Санкт-Петербургте 4,6 млн., Алматыда 1,2 млн., Астанада 500 мың, Қарағандыда 437 мың тұрғын бар.

**Метис** — екі ұлттың арасындағы некеден туған бала.

**Мигрант** — басқа жерге түпкілікті немесе уақытша қоныс аударған адам.

**Миграция** — бір жерден екінші бір жерге көшіп-қону.

**Миграция сальdosы** — көшіп келгендер мен көшіп кеткендер арасының “+” және “-” белгісімен берілетін сандық айырмашылығы.

**Некелесудің медиандық жасы** — заң немесе әдет бойынша рұқсат берілген некелесудің ең төмен жасы.

**Нуклеарлы отбасы** (латынның *nucleus* - ядро) - баласымен

немесе баласыз, немесе неке құрмай ата-анасымен тұратын шағын отбасы.

**Оралман** – ҚР-на шетелдерден қайтып оралған қандастарға берілген атаяу. Демография ғылымында өз Отанына қайтып оралған адам **репатриант** деп аталады.

**Промилле, %** (латынның *promille* - мыңға деген сөзі) – демографиялық өсудің 1000 тұрғынға шаққандағы салыстырмалы бірлігі.

**Репатриация** (латынның *repatriatio* – Отанына оралу) – түрлі себептермен бөгде елдің аумағында тұрып жатқан адамдарды өз Отанына кері қайтару.

**Репрессиялау** – адамдардың белгілі тобын мемлекет таралынан саяси қудалау.

**Репродуктивті мінез-құлыш** – туылған баладан бас тарту.

**Репродукциялық жас** – бала тууға қабілетті жас.

**Рәэмигрант** – өзінің тарихи Отанына кетіп, өз еркімен түрған мемлекетіне қайтып келген эмигранттар.

**Рурбанизация** – қаладан ауылға көшу. Қазақстанда рурбанизация 1954–56 жж. Тың жерлерді игеру кезеңінде жүрген.

**Урбанизация** – ауылдан қалаға көшу.


**Фактілі неке** – занды тұрғыда бекітілмеген некелік қатынас.


**Халық тығыздығы** – мемлекеттегі жалпы жер көлеміне халық санының орналасыру немесе жер көлеміне халық санының бөлү. Мысалы, Қазақстанның жер көлемі 2, 724, 9 км<sup>2</sup>. Халық саны 14 953 235 (1999 ж.) Халық тығыздығы 1 км<sup>2</sup> жерге 5-5,5 адамнан келеді.


**Эвакуациялау** – соғыс болған аймақтан, техникалық жарылыс болған аймақтан, апат болған аймақтан халықты бейбіт жерге уақытша көшіру.


**Эмиграция** (латынның *emidro* – көшемін, кетемін деген сөзі) – басқа мемлекетке түпкілікті немесе уақытша тұруға кету.

**Этникалық құрам** – бір мемлекетте тұратын үлт өкілдерінің құрамы. Мысалы, Қазақстан халықтарының этникалық құрамын Қазақстанда тұратын 130-дан астам үлт өкілдері құрайды.









## **ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ**

1. Демография ғылымының зерттеу объектісі

- A) халықтың материалдық мәдениеті
- B) тарихи қозғалыстары
- C) рухани мәдениеті
- D) халықтың табиғи өсімі, саны, құрамы

2. Халықаралық миграция дегеніміз?

- A) қалааралық көшіп-қону
- B) ауылдан қалаға көшу
- C) қаладан ауылға көшу
- D) бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшу

3. Урбанизация дегеніміз не?

- A) қала аралық көшіп-қону
- B) ауылдан қалаға көшу
- C) қаладан ауылға көшу
- D) бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшу

4. Рурбанизация дегеніміз не?

- A) қалааралық көшіп-қону
- B) қаладан ауылға көшу
- C) ауылдан қалаға көшу
- D) бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшу

5. Халық динамикасы деп нені айтамыз?

- A) табиғи қозғалыс: бала туу, өлім
- B) жыныстық құрамы
- C) жастық құрылымы
- D) некелесү

6. Депортациялау дегеніміз не?

- A) ауылдан қалаға көшу
- B) халықты күштеп көшіру
- C) қаладан ауылға көшу
- D) қалааралық көшіп-қону

7. Репрессиялау дегеніміз не?

- A) ауылдан қалаға көшу

- B) халықты күштеп көшіру
- C) саяси қуғын-сұргінге түсіру
- D) қалааралық көшіп-қону

8. Ресмигранттар деп кімдерді айтамыз?

- A) көшіп кетіп қайтып келгендерді
- B) қаладан ауылға көшкендерді
- C) ауылдан қалаға көшкендерді
- D) саяси қуғын-сұргінге түскендерді

9. Мегаполис дегеніміз не?

- A) халық сирек орналасқан қала
- B) халық тығыз орналасқан қала
- C) әртүрлі үлттар тұратын қала
- D) жастар тұратын қала

10. Оралмандар атауы кімдерге айтылады?

- A) қаладан ауылға көшкендерге
- B) тығыз орналасқан халыққа
- C) әртүрлі үлттарға
- D) шетелден оралған қазақтарға

11. Эвакуациялау дегеніміз не?

- A) апат болған аймақтан халықты бейбіт аймаққа көшіру
- B) халықты күштеп көшіру
- C) қаладан ауылға көшу
- D) қалааралық көшіп-қону

12. Дүниежүзі қазақтарының 1-ші құрылтайы қашан болды?

- A) 1999 ж. қараша
- B) 1989 ж. қазан
- C) 1920 ж. қантар
- D) 1992 ж. қараша

13. Дүниежүзі қазақтарының 2-ші құрылтайы қашан болды?

- A) 2002 ж. қазан
- B) 1989 ж. қазан

С) 1920 ж. қантар

Д) 1992 ж. қыркүйек

14. Диаспора немесе этникалық топтар дегеніміз кімдер?

А) мемлекетте тұратын басқа үлт өкілдері

В) ауылдан қалаға көшкендер

С) қаладан ауылға көшкендер

Д) күштеп көшірілгендер

15. Жәнібек пен Керей төңірегіне 1456–1465 жылдары шамамен қанша адам жиналды?

А) 10 адам

Б) 200 мындаі

С) 500 мындаі

Д) 50 адам

16. Алғашқы кенестік санақ қай кезде жүргізілді?

А) 1920 ж. сөүір

Б) 1989 ж. қазан

С) 1920 ж. қантар

Д) 1992 ж. қараша

17. Соңғы бүкілхалықтық санақ қай жылы болды?

А) 1999 ж. қараша

Б) 1989 ж. қазан

С) 1920 ж. қантар

Д) 1992 ж. қараша

18. Қазақтардың шетелге үдереде көшуі қай уақытта болды?

А) 1999 ж.

Б) 1989 ж.

С) 1941ж.

Д) 1930 ж.

19. Миграция дегеніміз не?

А) бала туу

Б) адам өлімі

С) көшіп-қону

Д) некелесу

20. Халықтың орналасқан аймақ

- A) Өзбекстан, Қыргызстан
- B) Қытай, Үндістан
- C) Ресей, Қазақстан
- D) Англия, Франция

21. Халықтың жыныстық құрамы қалай бөлінеді?

- A) ерлер, әйелдер
- B) қыздар, үлдар
- C) ағалар, апалар
- D) қыздар, жігіттер

22. Бұқілхалықтың санақ неше жылда өтіледі?

- A) 10 жыл сайын
- B) 5 жыл сайын
- C) 20 жыл сайын
- D) 30 жыл сайын

23. Жастық құрылымдағы еңбекке жарамды жас

- A) 0-14 жас
- B) 15-18 жас
- C) 60-тан жоғары
- D) 15-60 жас

24. Демография сөзі нені білдіреді?

- A) этнос, жазамын
- B) санаймын, жазамын
- C) халық, санаймын
- D) халық, жазамын

25. Соңғы 10-15 жылдықта көшіп кету қай облыстарда басым?

- A) Алматы, Ақмола, Жамбыл
- B) Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда
- C) Маңғыстау, Атырау, Орал
- D) Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл

26. Түркияға қазақтар қай жылы келіп қоныстанды?

- A) 1930 ж.

- В) 1941 ж.
- С) 1954 ж.
- Д) 2000 ж.

27. Қытайдағы қазақтардың Отанымызға қайтып оралуының алғашқы көші қай жылдары болды?

- А) 1989-1999 жж.
- Б) 1941-1945 жж.
- С) 2000-2004 жж.
- Д) 1955-1962 жж.

28. Тұылған баланы, өлген адамды қай мекеме тіркеуге алады?

- А) АХАТ орындары
- В) статистикалық комитет
- С) көші-қон орталығы
- Д) миграциялық полиция

29. Батыс Еуропа мен Америкаға қазақтар қай мемлекет арқылы барды?

- А) Үндістан
- В) Түркия
- С) Жапония
- Д) Таивань

30. Иммигрант деп кімдерді айтамыз?

- А) ауыл адамы
- В) қаладан көшуші
- С) қоныс аударушы
- Д) метистер

31. Жастық құрылым қалай анықталады?

- А) жасөспірімдер, кәрілер
- В) қыздар, үлдар
- С) ерлер, әйелдер
- Д) балалар, өндірістік (еңбекке жарамды) жас, кәрілер

32. Қазақстандағы мегаполис қай қала?

- А) Ақтау

Б) Талдықорған

С) Алматы

Д) Ақтөбе

33. 1920 жылы алғашқы кеңестік санақ не себепten Қазақстан аумағын толық қамтымады?

А) демографтар жетіспегендіктен

Б) Кеңес үкіметі орнағандықтан

С) көп ұлттылықтан

Д) Азамат соғысы өлі аяқталмағандықтан

34. Орыстардың Қазақстанға қоныстануы қай кезден бас-талды?

А) Кіші жұз қазақтары Ресейге қосылғаннан кейін

Б) Қазан төкөрісінен кейін

С) Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін

Д) Азамат соғысынан кейін

35. 1897 жылы санақта қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз болды?

А) 100%

Б) 50%

С) 40%

Д) 81,8%

36. 1926 жылы санақтағы қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

А) 50%

Б) 56%

С) 58,5%

Д) 65%

37. 1937 жылы санақтағы қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

А) 42,6%

Б) 50%

С) 60%

Д) 45,8%

38. 1939 жылы санақтағы қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

А) 32%

- В) 38%
- С) 39%
- Д) 52%

39. 1959 жылды санақта қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

- А) 30%
- Б) 25%
- С) 56%
- Д) 58%

40. 1970 жылды санақта қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

- А) 42%
- Б) 31%
- С) 32,5%
- Д) 65%

41. 1979 жылды санақта қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

- А) 36%
- Б) 35%
- С) 34%
- Д) 33%

42. 1989 жылды санақта қазақтардың үлес салмағы қанша пайыз?

- А) 39,7%
- Б) 35%
- С) 36%
- Д) 38%

43. 1999 жылды санақтағы қазақтар үлесі қанша пайыз?

- А) 53%
- Б) 38%
- С) 35%
- Д) 34%

44. Репродукциялық жас

- А) бала тууға қабілетті жас

- B) көрілік жас
- C) кәмелетке толған жас
- Д) балалық шақ

45. Республикада қанша халық тұрады?

- A) 10 млн.
- B) 15 млн.
- C) 1 млн.
- Д) 2 млн.

46. Қазақстанға квота бойынша 1991 жылдан көшіп келген оралмандар қанша?

- A) 100 мың
- B) 10 мыңнан астам
- C) 200 мыңнан астам
- Д) 150 мыңнан астам

47. 2000 жылы жүргізілген демографиялық саясат нені көздеді (“Қара домалақ – 2000”)?

- A) некелесуді қөбейту
- B) бала туудың санын қөбейту
- C) кәрілерді құрметтеу
- Д) жастарды өсіру

48. Қазақстан халқының тығыздығы

- A) 1  $\text{km}^2$  – 10 адам
- B) 1  $\text{km}^2$  – 20 адам
- C) 1  $\text{km}^2$  – 5,5 адам
- Д) 1  $\text{km}^2$  – 1 адам

49. Кейінгі кездегі Қазақстандағы шығыс халықтарының үлес салмағы

- A) 50%
- B) 60%
- C) 50%
- Д) 70%

50. Кіші немесе ішкі миграция

- A) мемлекет арасындағы көшу
- B) ауылдан қалаға көшу
- C) материктер арасындағы көшу
- Д) мемлекет ішіндегі көшу

51. Демографиялық орталық қай мемлекет?

- А) Қытай
- В) Замбия
- С) Морокко
- Д) Монголия

52. Қытай халқының саны.

- А) 1,5 млрд.
- Б) 2 млн.
- С) 250 млн.
- Д) 1 млрд.

53. Үндістан халқының саны

- А) 500 мың
- Б) 14 млн.
- С) 250 млн.
- Д) 1 млрд.

54. Репортациялау дегеніміз не?

- А) апат болған жерге халықты орналастыру
- Б) апат болған жерден халықты көшіру
- С) саяси қудалау
- Д) депортацияланған халықты өз Отанына қайтару

55. Реэмигрант дегеніміз кім?

- А) қаладан ауылға көшкендер
- Б) ауылдан қалаға көшкендер
- С) көшіп кетіп қайтып оралғандар
- Д) саяси қудаланғандар

56. Санақ жүргізуге қатысқан қоғам қайраткері

- А) А.Байтұрсынов
- Б) М.Дулатов
- С) Б.Майлин
- Д) Ә.Бекейханов

57. 1999 ж. Қазақстандағы халықтың саны қанша болды?

- А) 14 953 126

- B) 16 000 000
- C) 15 000 000
- D) 13 000 000

58. Демографиялық жарылыс дегеніміз не?

- A) халықтың шамадан тыс есімі
- B) халықтың кеміп кетуі
- C) халықтың көшіп кетуі
- D) халықтардың араласып кетуі

59. Демографиялық болжай дегеніміз?

- A) халық санағын жүргізу
- B) халық өсіміне алдын ала болжай жасау
- C) халықтың үлес салмағын шығару
- D) халықтың құрамын анықтау

60. Диаспрология дегеніміз?

- A) халықтың жыныстық құрамын зерттеу саласы
- B) халықтың жастық құрамын зерттеу саласы
- C) халықтың өсімін зерттейтін ғылым
- D) диаспора тарихы мен демографиясын зерттейтін ғылым

61. Көші-қон квотасы дегеніміз?

- A) халықтың мемлекет ішінде көшуіне бөлінетін қаражат
- B) халықтың құрамын анықтауға бөлінетін қаражат
- C) шетелде тұратын қазақтарды көшіруге бөлінетін қаражат
- D) мемлекетте тұратын басқа ұлт өкілдеріне бөлінетін қаражат

62. Дүниежүзі қазақтарының 3-ші құрылтайы қай кезде өтті?

- A) 1992 ж. Алматы
- B) 2003 ж. Қызылорда
- C) 2002 ж. Түркістан
- D) 2005 ж. Астана

63. Миграцияның зерттеу объектісі

- A) халықтың материалдық мәдениеті

- В) тарихи қозғалыстары  
С) халықтың көші-қоны  
Д) халықтың табиғи өсімі, саны, құрамы
64. Континентілік миграция нені білдіреді?
- А) қалааралық көшіп-қону  
В) континенттегі мемлекет арасындағы көші-кон  
С) қаладан ауылға көшу  
Д) бір мемлекеттен екінші мемлекетке көшу
65. Урбанизация нені білдіреді?
- А) қалааралық көшіп-қону  
В) ауылдан қалаға көшу  
С) қаладан ауылға көшу  
Д) бір мемлекеттөн екінші мемлекетке көшу
66. Рурбанизация елімізде қай кезде болды?
- А) 1940 жылдары  
Б) 1950 жылдары  
С) 1954–56 жылдары  
Д) 1960 жылдары
67. Халықтың табиғи қозғалысы дегеніміз?
- А) баланың туылуы, адам өлімі  
Б) жыныстық құрамы  
С) жастық структурасы  
Д) некелесу
68. Некелесу, ажырасуды қай жер есепке алады?
- А) бухгалтерия  
Б) АХАТ  
С) әкімшілік  
Д) полиция
69. Көші-конды қай мекеме есепке алады?
- А) бухгалтерия  
Б) АХАТ  
С) әкімшілік  
Д) миграциялық полиция
70. Қазіргі кездегі дүниежүзіндегі халық саны
- А) 6,5 млрд.

- B) 4,5 млрд.
- C) 1,5 млрд.
- Д) 3,5 млрд.

71. Кейінгі палеолитте жер шарында шамамен қанша адам болған?

- A) 1 млн.
- B) 2 млн.
- C) 3 млн.
- Д) 4 млн.

72. Кейінгі палеолитте адамдар тығыздығы 100 кв. км-ге неше адамнан келген?

- A) 8-10
- B) 20-30
- C) 40-50
- Д) 60-70

73. Кейінгі палеолитте адамдар территорияның қанша жерін қоныстырыды?

- A) 30 млн. кв<sup>2</sup>
- B) 40 млн. кв<sup>2</sup>
- C) 50 млн. кв<sup>2</sup>
- Д) 60 млн. кв<sup>2</sup>

74. Б.з.б. 5 мыңжылдықта жер шарында қанша адам болған?

- A) 25 млн.
- B) 30 млн.
- C) 40 млн.
- Д) 50 млн.

75. Б.з.б. 3 мыңжылдықта қанша адам болған?

- A) 20 млн.
- B) 30 млн.
- C) 40 млн.
- Д) 50 млн.

76. Б.з. бас кезінде дүниежүзінде қанша адам болған?

- A) 250-280 млн.

- В) 350 млн.
- С) 450 млн.
- Д) 550 млн.

77. Б.з. бас кезінде Қытайда қанша адам болған?

- А) 10 млн.
- Б) 20 млн.
- С) 30 млн.
- Д) 50 млн.

78. Б.з. бас кезінде Оңтүстік Азия субконтинетінде қанша адам болған?

- А) 15 млн.
- Б) 25 млн.
- С) 35 млн.
- Д) 50 млн.

79. 1000 жылы Оңтүстік Азия субконтинентінде қанша адам болған?

- А) 19 млн.
- Б) 29 млн.
- С) 59 млн.
- Д) 79 млн.

80. 1000 жылы Қытайда қанша адам болды?

- А) 16 млн.
- Б) 26 млн.
- С) 36 млн.
- Д) 66 млн.

81. XV ғасырда Қытайда халық саны қаншаға жеткен?

- А) 10 млн.
- Б) 110 млн.
- С) 11 млн.
- Д) 210 млн.

82. XV ғасырда Оңтүстік Азия субконтиненті халқы қаншаға жетті?

- А) 15 млн.

- B) 105 млн.
- C) 150 млн.
- D) 10 млн.

83. 1500 жылы Еуропа халқының саны басым болған мемлекет

- A) Германия
- B) Англия
- C) Франция
- D) Италия

84. Еуропада “демографиялық жарылыс” қай ғасырда өткен?

- A) XV ғ.
- B) XVI ғ.
- C) XVII ғ.
- D) XVIII ғ.

85. XVIII ғ. Еуропадағы халықтың тез өсуіне не әсер етті?

- A) баланың туылуы
- B) жеңіл өнеркәсіптің өсуіне байланысты миграция
- C) әлеуметтік жағдайдың жақсаруы
- D) медицинаның дамуы

86. XVIII ғ. Еуропада халықтың тез өсімі ғылымда қалай аталауды?

- A) демографиялық жарылыс
- B) демографиялық қозғалыс
- C) демографиялық тоқырау
- D) демографиялық орталық

87. Iрі географиялық ашуларға байланысты болған демографиялық жағдай?

- A) жаңа жерлерде бала туудың өсуі
- B) жаңа жерлерге қоныстанудың легі
- C) жаңа жерлерде некелесудің өсуі
- D) жаңа жерлерде адамдардың жасының өсуі

88. 1900 жылы Қытайда қанша адам болған?

- A) 75 млн.

- В) 475 млн.
- С) 175 млн.
- Д) 705 млн.

89. 1900 жылы Оңтүстік Азия субконтинентінде қанша адам болған?

- А) 90 млн.
- Б) 190 млн.
- С) 290 млн.
- Д) 590 млн.

90. 1900 жылы Ресей мен АҚШ-та қанша адамнан болған?

- А) 16 млн.
- Б) 26 млн.
- С) 46 млн.
- Д) 76 млн.

91. Африкада халықтың баяу өсуі неге байланысты?

- А) күннің ыстықтығына
- Б) эквадорға жақындығына
- С) құл саудасына
- Д) нәсілдік басынуға

92. 1870 жылы дүниежүзінде қанша адам болған?

- А) 1 млрд.
- Б) 2 млрд.
- С) 3 млрд.
- Д) 4 млрд.

93. 1927 жылы дүниежүзінде қанша адам болды?

- А) 1 млрд.
- Б) 2 млрд.
- С) 3 млрд.
- Д) 4 млрд.

94. 1959 жылы дүниежүзінде қанша адам болды?

- А) 1 млрд.
- Б) 2 млрд.
- С) 3 млрд.
- Д) 4 млрд.

95. 1974 жылы дүниежүзінде қанша адам болды?

- A) 1 млрд.
- B) 2 млрд.
- C) 3 млрд.
- D) 4 млрд.

96. Қазіргі кезде дүниежүзінде қанша халық бар?

- A) 3,5 млрд.
- B) 4,5 млрд.
- C) 5,5 млрд.
- D) 6,5 млрд.

97. 1930 жылдары дүниежүзілік демографиялық кризиске не әсер етті?

- A) экономикалық кризис
- B) ұлт-азаттық қозғалыстар
- C) ауа райының қолайсыздығы
- D) медицинаның төмендеуі

98. Ұлы Отан соғысы жылдарында болған миграциялық қозғалыс?

- A) репрессиялау
- B) депортациялау
- C) эвакуациялау
- D) урбанизация

99. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде болған миграциялық қозғалыс

- A) урбанизация
- B) рурбанизация
- C) репрессия
- D) депортация

100. 1970 – 1980 жылдардағы Еуропада халық санының кемеүі немен байланысты?

- A) урбанизация
- B) рурбанизация
- C) эмиграция
- D) бала тууды шектеу

101. Кіші миграция дегеніміз не?

- A) ел ішінде көшіп-қону
- B) ауылдан қалаға көшу
- C) қаладан ауылға көшу
- D) басқа елге көшу

102. Апатрид дегеніміз кім?

- A) ел ішінде көшіп-қонған адам
- B) ауылдан қалаға көшкен адам
- C) қаладан ауылға көшкен адам
- D) өз елінің азаматтығынан шыққан, басқа елде азаматтығы жоқ адам

103. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” кезінде үдерे көшу қай ғасырда болған?

- A) XVII-XVIII ғғ.
- B) XV-XVI ғғ.
- C) XIII-XIV ғғ.
- D) XX ғ.

104. Байырғы қазақтардың маусымдық көшіп-қонуы неге байланысты?

- A) аяу райының өзгеріп отыруына
- B) малға өріс іздеуге
- C) серуен құруға
- D) тұрақты басспана іздеуге

105. 1920–1921 жылдардағы қазақтардың қоныс аударуы неге байланысты?

- A) ашаршылық
- B) басқа ұлттың көбеюі
- C) аяу райының өзгеруі
- D) биліктің өзгеруі

106. 1928–1930 жылдары аукаттылар кімдер ретінде репрессияланды немесе құдаланды?

- A) бай-кулак
- B) көп әйелі болғандықтан
- C) тұрмысы жақсы болғандықтан
- D) сауатсыз ретінде

107. 1930 жылы қандай саясат жүрді?

- A) күштеп ұжымдастыру
- B) бала туу санын өсіру
- C) салуатты өмір сұру
- D) күштеп сауаттандыру

108. 1930 жылдардағы ашаршылық неге байланысты болды?

- A) күштеп ұжымдастыру
- B) күштеп сауаттандыру
- C) күштеп көшіру
- D) күштеп партияға өткізу

109. Қоныстануда корей халқы қай жерден депортацияланды?

- A) Кореядан
- B) Жапониядан
- C) Қызыр Шығыстан
- D) Сахалиннен

110. “Депортацияланған халық” деп кімдерге айтылады?

- A) күштеп көшірілгендерге
- B) күштеп конфискацияндерге
- C) күштеп партияланғандарға
- D) күштеп некелендіргендерге

111. ҚР-ның “Көшіп келу туралы” заңы қашан қабылданды?

- A) 1962 ж.
- B) 1982 ж.
- C) 1992 ж.
- D) 2002 ж.

112. “Халықтың көші-қоны туралы” заңы қашан қабылданды?

- A) 1987 ж.
- B) 1997 ж.
- C) 2004 ж.
- D) 2006 ж.

113. Көші-қон квотасы дегеніміз не?

- A) шеттегі қазақтардың көшуінің мөлшерлік саны
- B) оралмандарды жұмыспен қамтамасыз ету
- C) оралмандарға азаматтық беру
- D) казақ диаспорасын зерттеу

114. Көші-қон коэффициенті дегеніміз не?

- A) шетел азаматтарының ел аумағында еңбекке қатысу көрсеткіші
- B) шеттегі қазақтардың көшуінің мөлшерлік саны
- C) оралмандарды жұмыспен қамтамасыз ету
- D) казақ диаспорасын зерттеу

115. Көші-қон тәртібі неге байланысты жүзеге асады?

- A) зандық жобаға
- B) оралмандардың қоныстануына
- C) қоныстанушылардың санына
- D) эмигранттардың жастық ерекшелігіне

116. БҮҮ “Босқындар мәртебесі туралы конвенцияны” қашан қабылдады?

- A) 1945 ж.
- B) 1951 ж.
- C) 1961 ж.
- D) 2000 ж.

117. ҚР Парламенті “Босқындар мәртебесі конвенциясына” қосылу туралы занды қашан қабылдады?

- A) 1978 ж.
- B) 1988 ж.
- C) 1998 ж.
- D) 2004 ж.

118. Демографиялық коэффициентте көші-қон көлемі немен белгіленеді?

- A) R
- B) W
- C) M
- D) Q

119. Демографиялық коэффициентте көшіп кеткендер саны немен белгіленеді?

- A) R
- B) W
- C) M
- D) Q

120. Демографиялық коэффициентте көші-кон қалдығы немен белгіленеді?

- A) R
- B) W
- C) M
- D) Q

121. Мерзімдік миграция неге байланысты жүзеге асады?

- A) еңбек шарты бойынша
- B) туристік саясатқа
- C) эвакуацияға
- D) кедендей мәселеге

122. Миграция көрсеткіші қай елде төмен?

- A) теңіз жағалауы елдерінде
- B) экономикасы төмен елдерде
- C) экологиялық орталықтарда
- D) сауда орталықтарында

123. Ұлы Отан соғысы кезінде халық КСРО-ның қай аймағына эвакуацияланды?

- A) Қызыл Шығыс
- B) Алтай өңірі
- C) Орта Азия
- D) Орал өңірі

124. Фылыми-техникалық революцияға байланысты жоспарлы қоныстандыру қай елде жүргізілді?

- A) АҚШ

- В) Ресей
- С) Қытай
- Д) Жапония

125. АҚШ-та ғылыми-техникалық революцияға байланысты кімдерді жоспарлы қоныстандырды?

- А) балаларды
- В) білікті мамандарды
- С) әскерлерді
- Д) қара нәсілділерді

126. Миграция көрсеткіштері қай елдерде жоғары

- А) халқы тығыз орналасқан мемлекеттерде
- В) халқы сирек орналасқан мемлекеттерде
- С) экономикасы дамыған елдерде
- Д) көп ұлтты мемлекеттерде

127. 1990 жылдардағы Қазақстан эмигранттарының басты бағыты

- А) ТМД елдері
- В) Америка
- С) Қытай
- Д) Түркия

128. Халық тығыздығының сыйымдылығы қанша жер көлеміне есептелінеді?

- А) 2  $\text{км}^2$
- В) 1  $\text{км}^2$
- С) 3  $\text{км}^2$
- Д) 4  $\text{км}^2$

129. Көрсетілген аймақтардың қайсысында халық тығыздығы басым?

- А) теңіз жағалауында
- В) шөлейт жерде
- С) құрғақ жерде
- Д) суық аймақта

130. Мына аймақтың қайсысында халық тығыздығы басым?

- А) поляр белдеуінде

- B) таулы аймақта
- C) портты қалаларда
- D) сүйкі аймақта

131. Африканың қай жерінде халық тығыз орналасқан?

- A) Батыс Сахара
- B) Ніл өзені
- C) Намибия
- D) Ботсвана

132. Қытайдың қай аймағында халық өте тығыз орналасқан?

- A) онтүстік және орталығы
- B) солтүстігі
- C) батысы
- D) шығысы

133. Шығыс Азияның қай жеріне халық сирек орналасқан?

- A) Қытай
- B) Жапония
- C) Корея
- D) Монголия

134. Индонезияның қай аймағында халық тығыз орналасқан?

- A) Явада
- B) Калимантанда
- C) Ириан-Джаяда
- D) Орталығында

135. Некелесудің медиандық көрсеткіші қалай есептелінеді?

- A) адамдардың тен жартысының некелесу жасымен
- B) адамдардың кеш некелесу жасымен
- C) адамдардың ерте некелесу жасымен
- D) адамдардың некелесуге рұқсат етілмеген жасымен

136. Некелесудің қай түрі басым?

- А) моногамды
- В) полигиниялы
- С) полиандриялы
- Д) экзогамды

137. Жастық структурадағы балалар жасы

- А) 0-10 жас
- В) 0-11 жас
- С) 0-12 жас
- Д) 0-15 жас

138. Жастық структурадағы еңбекке жарамды жас

- А) 10-40 жас
- Б) 20-50 жас
- С) 20-60 жас
- Д) 16-60 жас

139. 1830 жылғы есеп бойынша Қазақстанда қанша халық болған?

- А) 1,5 млн.
- В) 1,3 млн.
- С) 1,1 млн.
- Д) 1 млн.

140. 1850 жылы Қазақстанда қанша адам болды?

- А) 1,7 млн.
- Б) 1,5 млн.
- С) 1,3 млн.
- Д) 1,1 млн.

141. 1860 жылы Қазақстанда қанша адам болды?

- А) 1,7 млн.
- Б) 1,5 млн.
- С) 1,3 млн.
- Д) 1,9 млн.

142. 1870 жылы Қазақстанда қанша адам болған?

- А) 3,1 млн.
- Б) 3,2 млн.
- С) 3,4 млн.
- Д) 3,6 млн.

143. 1897 жылы Қазақстанда қанша адам болды?

- A) 4 млн. астам
- B) 3 млн. астам
- C) 2 млн. астам
- D) 1 млн. астам

144. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы алғашқы санағы

- A) 1917 ж.
- B) 1918 ж.
- C) 1919 ж.
- D) 1920 ж.

145. 1920 жылы не себептен Қазақстан аймағын толық қамтымады?

- A) Азамат соғысы аяқталмағандықтан
- B) статистар жетіспегендіктен
- C) сауатсыздықтан
- D) ашаршылықтан

146. 1923 жылы санақ не мақсатта жүрді?

- A) сауатсыздықты жою
- B) ашаршылықты жою
- C) Кеңес үкіметін нығайту
- D) адамдар жасын анықтау

147. 1926 жылы КР халық саны

- A) 6 млн. астам
- B) 5 млн. астам
- C) 4 млн. астам
- D) 3 млн. астам

148. Соғыстан кейінгі алғашқы санақ қай жылы жүрді?

- A) 1950 ж.
- B) 1955 ж.
- C) 1954 ж.
- D) 1959 ж.

149. 1959 жылғы Қазақстан халқының саны

- А) 6 млн. астам
- Б) 7 млн. астам
- С) 8 млн. астам
- Д) 9 млн. астам

150. 1970 жылғы Қазақстан халқының саны

- А) 6 млн. астам
- Б) 13 млн. астам
- С) 8 млн. астам
- Д) 9 млн. астам

151. 1979 жылғы Қазақстан халықтарының саны

- А) 10 млн. астам
- Б) 11 млн. астам
- С) 12 млн. астам
- Д) 14 млн. астам

152. Қазіргі кездегі Қазақстан халқының саны

- А) 12 млн.
- Б) 13 млн.
- С) 14 млн.
- Д) 15 млн.

153. 2000 жылғы “Қара домалақ 2000” саясаты нені көздейді?

- А) көшіп кетуді тоқтату
- Б) абортты тежеу
- С) бала тууды көтеру
- Д) әлеуметтік жағдайды көтеру

154. Қазақстан халықтарының орташа өмір сүру жасы

- А) 54 жас
- Б) 64 жас
- С) 74 жас
- Д) 84 жас

155. Қазақстан ерлерінің орташа өмір сүру жасы

- А) 58,5 жас

- B) 60,5 жас
- C) 64,5 жас
- D) 62,5 жас

156. Қазақстан әйелдерінің орташа өмір сүру жасы

- A) 69,9 жас
- B) 64,9 жас
- C) 63,9 жас
- D) 70,9 жас

157. Қазіргі кезде Қазақстандағы қазақтар саны

- A) 5 млн.
- B) 6 млн.
- C) 7 млн.
- D) 8 млн.

158. Қазіргі кезде әлемдегі қазақтар саны

- A) 10 млн.-ға жуық
- B) 11 млн.-ға жуық
- C) 12 млн.-ға жуық
- D) 14 млн.-ға жуық

159. Қазақстандағы саны жағынан көп диаспора

- A) орыс
- B) украин
- C) белорус
- D) неміс

160. Мегаполис қай қала?

- A) Қызылорда
- B) Шымкент
- C) Ақтау
- D) Алматы

161. Ресейдегі мегаполис қай қала?

- A) Пенза
- B) Волгоград
- C) Тольятти
- D) Мәскеу

162. Қай қала мегаполис?

- A) Санкт-Петербург
- B) Орынбор
- C) Омбы
- D) Корған

163. Орта Азиядағы демографиялық орталық

- A) Қазақстан
- B) Өзбекстан
- C) Қырғызстан
- D) Тәжікстан

164. Қазақстанда ерлер саны қай жас аралығында басым?

- A) 0-15 жас
- B) 0-25 жас
- C) 30-50 жас
- D) 50-60 жас

165. Қазақстанда әйелдер саны қай жас аралығында басым?

- A) 25-тен жоғары
- B) 15-тен жоғары
- C) 10-нан жоғары
- D) 5-тен жоғары

166. Әйелдердің бала тууға қабілетті жасы

- A) өндірістік жас
- B) репродукциялық жас
- C) гинекологиялық жас
- D) медиандық жас

167. Әйелдердің репродукциялық жасы

- A) 20-30 жас
- B) 30-40 жас
- C) 15-49 жас
- D) 40-50 жас

168. Монголиядағы қазақтар басым қоныстанған аймақ

- A) Үлан-Батыр
- B) Баян-Өлгей

- C) Орхон өзені бойы
- D) Енисей бойы

169. 1999 жылғы санақтағы Қазақстан халқының саны

- A) 14,9 млн.
- B) 13,9 млн.
- C) 15,9 млн.
- D) 16,9 млн.

170. Демографиялық саясат қалай жүргізіледі?

- A) жоспарлау
- B) есептеу
- C) компьютерлендіру
- D) болжау

171. Орыс қоныстанушыларының Қазақстанға келуі қай кезден басталды?

- A) Жонғар шапқыншылығынан кейін
- B) А.Тевкелев елшілікке келгеннен кейін
- C) Аңырақай шайқасынан кейін
- D) Кіші жұз қазактары Ресейге қосылғаннан кейін

172. Корейлерді Қиыр Шығыстан көшіру не себептен болды.

- A) Шығыс Азия елдеріне жақын орналасқаннан
- B) суық аймақта тұрғандықтан
- C) саны аз болғандықтан
- D) өздері қалағандықтан

173. Корейлер қай жылы Қазақстанға қоныс аударды?

- A) 1930 ж.
- B) 1931 ж.
- C) 1932 ж.
- D) 1937 ж.

174. Кавказ халықтары Қазақстанға қай кезде қоныс аударды?

- A) 1930-1935 жж.

- Б) 1935-1940 жж.
- С) 1938-1944 жж.
- Д) 1925-1930 жж.

175. Балкан жағалауы халықтары Қазақстанға қай кезде қоныс аударды?

- А) 1925-1930 жж.
- В) 1930-1935 жж.
- С) 1935-1940 жж.
- Д) 1947-1952 жж.

176. Қазақстанға тың игеруге байланысты басқа үлт өкілдері қай кезде келді?

- А) 1950-1953 жж.
- В) 1953-1955 жж.
- С) 1955-1957 жж.
- Д) 1957-1959 жж.

177. Қазақстанның қай аймағында орыс халқы басым?

- А) Оңтүстік
- В) Шығыс
- С) Батыс
- Д) Солтүстік

178. Украиндар Қазақстанға қай кезден қоныстанған?

- А) XVII ғ.
- Б) XVIII ғ.
- С) XIX ғ.
- Д) XX ғ. басы.

179. Белорустар Қазақстанға қай кезден бастап келген?

- А) XVII ғ.
- Б) XVIII ғ.
- С) XIX ғ.
- Д) XX ғ.

180. Татарлардың Қазақстанға кіруі қай кезде қарқындағы?

- A) XVII ғ.
- B) XVIII ғ.
- C) XIX ғ.
- D) XX ғ.

181. Үйғырлардың тарихи Отаны.

- A) Шығыс Түркістан
- B) Шығыс Корея
- C) Шығыс Алтай
- D) Маньчжурия

182. XIX ғасырда қазақ жерінде үйғырлар қалай аталды?

- A) тараншы
- B) егінши
- C) диқаншы
- D) шығыстықтар

183. Үйғырлар Қазақстанға қай жерден қоныс аударды?

- A) Құлжа өлкесінен
- B) Шыңжаннан
- C) Чанъяннан
- D) Пекиннен

184. Бала тууды шектеу саясаты қай елдерде жүргізілуде?

- A) Корея, Қытай
- B) Үндістан, Жапонияда
- C) Монголия, Қытай
- D) Қытай, Үндістан

185. Үйғырлар миграциясы қай кезден басталды?

- A) 1871 ж.
- B) 1861 ж.
- C) 1881 ж.
- D) 1901 ж.

186. Дүнгендер қай жерден қоныс аударған?

- A) Қытайдан

- В) Кореядан
- С) Жапониядан
- Д) Монғолиядан

187. Дүнгендер миграциясы қай кезден басталды?

- А) 1850-1860 жж.
- Б) 1860-1870 жж.
- С) 1870-1880 жж.
- Д) 1890-1900 жж.

188. Дүнгендер саны қай облыста басым?

- А) Шымкент
- Б) Алматы
- С) Қарағанды
- Д) Қостанай

189. Үйғырлар саны қай облыста басым?

- А) Шымкент
- Б) Алматы
- С) Қарағанды
- Д) Қостанай

190. Корейлер саны қай облыста басым?

- А) Қызылорда
- Б) Маңғыстау
- С) Семей
- Д) Атырау

191. Поляктардың Қазақстанға миграциясы қай кезден басталды?

- А) 1916 ж.
- Б) 1926 ж.
- С) 1936 ж.
- Д) 1946 ж.

192. Поляктар алғаш қазақ жеріне қай кезде келді?

- А) XV-XVI ғғ.
- Б) XVI-XVII ғғ.
- С) XVIII-XIX ғғ.
- Д) XIX-XX ғғ.

193. Құрдтерді сталиндік қудалау қай кезден басталды?

- A) 1927 ж.
- B) 1937 ж.
- C) 1947 ж.
- D) 1957 ж.

194. Немістердің Қазақстанға алғашқы легі қай кезде көшті?

- A) 1930-1940 жж.
- B) 1706-1710 жж.
- C) 1806-1810 жж.
- D) 1906-1910 жж.

195. Немістер қай облыста басым?

- A) Ақмола
- B) Қызылорда
- C) Шымкент
- D) Маңғыстау

196. Алғаш гректер Қазақстанға қай кезден қоныстады?

- A) 1910-1920 жж.
- B) 1920-1930 жж.
- C) 1930-1940 жж.
- D) 1940-1950 жж.

197. Чечендер қай кезден Қазақстанға депортацияланды?

- A) 1914 ж.
- B) 1924 ж.
- C) 1934 ж.
- D) 1944 ж.

198. Түріктер Қазақстанға қай өнірден қоныс аударған?

- A) Грузия, Месхеттен
- B) Ауғанстан, Кабулдан
- C) Түркия, Стамбулдан
- D) Түркия, Анкарадан

199. Закавказьедегі түріктер қай кезден репрессияланған?

- A) 1917-1920 жж.
- B) 1928-1937 жж.
- C) 1920-21 жж.
- D) 1925-1926 жж.

200. Қазақстан Халықтарының Бас Ассамблеясы қашан құрылған?

- A) 1994 ж.
- B) 1995 ж.
- C) 1996 ж.
- D) 1997 ж.


## ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

1.	Д	41.	А	81.	В	121.	А	161.	Д
2.	Д	42.	А	82.	В	122.	В	162.	А
3.	В	43.	А	83.	С	123.	С	163.	В
4.	В	44.	А	84.	Д	124.	А	164.	В
5.	А	45.	В	85.	В	125.	В	165.	А
6.	В	46.	С	86.	А	126.	С	166.	В
7.	С	47.	В	87.	В	127.	А	167.	С
8.	А	48.	С	88.	В	128.	В	168.	В
9.	В	49.	В	89.	С	129.	А	169.	А
10.	Д	50.	Д	90.	Д	130.	С	170.	А
11.	А	51.	А	91.	С	131.	В	171.	Д
12.	Д	52.	А	92.	А	132.	А	172.	А
13.	А	53.	Д	93.	В	133.	Д	173.	Д
14.	А	54.	Д	94.	С	134.	А	174.	С
15.	В	55.	С	95.	Д	135.	А	175.	Д
16.	А	56.	Д	96.	Д	136.	А	176.	В
17.	А	57.	А	97.	А	137.	С	177.	Д
18.	Д	58.	А	98.	С	138.	Д	178.	С
19.	С	59.	В	99.	В	139.	А	179.	С
20.	В	60.	Д	100.	Д	140.	А	180.	С
21.	А	61.	С	101.	А	141.	Д	181.	А
22.	А	62.	Д	102.	Д	142.	Д	182.	А
23.	Д	63.	С	103.	А	143.	А	183.	А
24.	Д	64.	В	104.	В	144.	Д	184.	Д
25.	В	65.	В	105.	А	145.	А	185.	С
26.	С	66.	С	106.	А	146.	С	186.	А
27.	Д	67.	А	107.	А	147.	А	187.	С
28.	А	68.	В	108.	А	148.	Д	188.	В
29.	В	69.	Д	109.	С	149.	Д	189.	В
30.	С	70.	А	110.	А	150.	В	190.	А
31.	Д	71.	С	111.	С	151.	Д	191.	С
32.	С	72.	А	112.	В	152.	Д	192.	С
33.	Д	73.	В	113.	А	153.	С	193.	В
34.	А	74.	А	114.	А	154.	В	194.	Д
35.	Д	75.	Д	115.	А	155.	А	195.	А
36.	С	76.	А	116.	В	156.	А	196.	В
37.	А	77.	Д	117.	С	157.	Д	197.	Д
38.	В	78.	С	118.	Д	158.	Д	198.	А
39.	А	79.	Д	119.	В	159.	А	199.	В
40.	С	80.	Д	120.	С	160.	Д	200.	В

# **МАЗМҰНЫ**


<b>Алғы сөз.....</b>	<b>3</b>
§ 1 Демография ғылымы: зерттеу саласы мен әдістері.....	5
1.1 Демография ғылымының қалыптасуы.....	7
1.2 Демографиялық процестер өзгерістерінің өлшем коэффициенттері.....	10
§2. Дүние жүзі халықтарының өсу динамикасы.....	14
2.1 Ерте дүние және орта ғасырлардағы халық өсімі.....	15
2.2 Жаңа және қазіргі заман дәүіріндегі халық өсімінің динамик асы.....	21
§3. Дүниежүзілік миграциялық қозғалыс.....	32
3.1 Миграциялық ағымдар.....	32
3.2 Қазақстандағы миграциялық ағымдар.....	36
§4. Дүниежүзі халықтарының орналасу тығыздығы.....	51
§ 5. Отбасылық құрылым. Некелеу және ажырасу.....	61
§6. Жастық және жыныстық құрылымы.....	67
§7. Қазақстан халықтарының өсу динамикасы.....	73
7.1 Қазақстан халықтарының қазіргі демографиялық жағдайы.....	84
7.2 Шетелдердегі қазақ диаспорасының демографиялық жағдайы.....	86
§8. Қазақстан халықтарының әлеуметтік-демографиялық тенденциясы.....	91
§9. Қазақстан диаспораларының Қазақстан территориясына қоныстану тарихы, демографиясы.....	95
Демографиялық танымдар.....	109
Тест сұрақтары.....	115
Тест жауаптары.....	148

**Қазақстан Республикасының облыстары  
бойынша Адам Даму Индексі  
мен оның құрам белгітері  
(2004 жыл)**



**Қазақстан Республикасының облыстары  
бойынша едe жастағы адамдар  
елім-жітімнің деңгейі (2004 жыл)**

**Қазақстан Республикасының облыстыры бойынша егде жастағы адамдар елім-жітімінің деңгейі (2004 жыл)**



дерек көзі; *Казаңстан Республикасының санасында жөниндеi Асеммизи.*

*Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы*

**ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯ**

*Оқу құралы*

*Генеральный директор  
ТОО «Нур-пресс»  
Н. Н. Жансейитов*

*Дизайн: А. В. Милованов  
Оператор: Т.В. Карбушева*

Издательство ТОО «Нур-пресс»  
050057, г. Алматы, ул. М. Озтюрка, д. 12.  
Тел./факс: (727) 2747-833, 2742-650.  
E-mail: law-literature2006@rambler.ru